

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы**

**АЛМАТЫ**



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh national pedagogical university

Көптілді білім беру институты  
Институт полиязычного образования  
Institute of multilingual education

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы

Серия «Полиязычное образование и иностранная филология»

Series «Multilingual education and philology of foreign languages»

№ 4 (10)

2015

АЛМАТЫ

## **БАС РЕДАКТОР**

**Т.Т.АЯПОВА** - ф.ғ.д., профессор

### **БАС РЕДАКТОР ОРЫНБАСАРЛАРЫ:**

**Баданбекқызы З.** – ф.ғ.к., доцент

**Асқарова С.А.** – ф.ғ.к., доцент

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Абуов Ж.А.** - ф.ғ.д., профессор

**Мирзоев К.И.** - ф.ғ.д., профессор

**Мусаева К.С.** - п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУның профессоры

**Букабаева Б.Е.** - ф.ғ.к.

**Кемелбекова З.А.** - ф.ғ.к.

**Али Али Шабан** – PhD Каир (Египет)

**Дэвис Брент** – PhD (АҚШ)

**Дэвид Ландис** – PhD (АҚШ)

**Фатима Шнан-Давен** - PhD Экс-Марсель университеті (Франция)

**Наср М.Ариф** – PhD, Араб Эмириаты

**Әлімсейіт Әбілғазы** – ф.ғ.д., профессор Шыңжаң университеті филология институты (ҚХР)

**Иноятова У.И.** – п.ғ.д., Низами атындағы ТГПУ (Ташкент, Өзбекстан Республикасы)

**Кенан Коч** – PhD (Турция)

**М. Яуманн** – магистр (ФРГ) ДААД орталығы

### **НӨМІРГЕ ЖАУАПТЫ ТҮЛҒА:**

**Баданбекқызы З.** – ф.ғ.к., доцент

### **ЖАУАПТЫ ХАТШЫ:**

**Султанбекова С.С.** - аға оқытушы

**Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне 12.02.2013 жылы тіркеліп, №13343-Ж куәлігі берілді.**

**Шығарылу мерзімі жылына 4 рет. Периодичность 4 раза в год.**

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Т.Т. АЯПОВА** - д.ф.н., профессор

### **ЗАМЕСТИТЕЛИ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**Баданбекқызы З.** – к.ф.н., доцент

**Асқарова С.А.** – к.ф.н., доцент

### **СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:**

**Абуов Ж. А.** -д.ф.н., профессор

**Мирзоев К.И.** - д.ф.н., профессор

**Мусаева К.С.** - к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

**БукабаеваБ.Е.** - к.ф.н.

**Кемелбекова З.А.** - к.ф.н.

**Али Али Шабан** - PhD Каир (Египет)

**Дэвис Брент** – PhD (США)

**Дэвид Ландис** – PhD (США)

**Фатима Шнан–Давен** - PhD Университета Экс-Марсель (Франция)

**Наср М.Ариф** – PhD, Арабские эмираты

**Әлімсейіт Әбілғазы** – д.ф.н., профессор Шинжанский институт филологии (КНР)

**Иноятова У.И.** – д.п.н., ТГПУ им Низами (Ташкент, Республика Узбекистан)

**Кенан Коч** – PhD (Турция)

**М.Яуманн** – магистр (ФРГ) Центр ДААД

### **ОТВЕТСТВЕННЫЙ ЗА ВЫПУСК ЖУРНАЛА:**

**Баданбекқызы З.** – к.ф.н., доцент

### **ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**Султанбекова С.С.** - старший преподаватель

**Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 12 февраля 2013 г. № 13343-Ж**

**Периодичность 4 раза в год.**

### **EDITOR-IN-CHIEF**

**Tanat T. Ayapova** - Doctor of Philological Sciences, Professor

### **EDITOR-IN-CHIEF'S ASSISTANTS:**

**Zaure.Badanbekkyzy** -Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

**Saule A. Askarova**- Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

### **EDITORIAL STAFF:**

**Zhumagaly A.Abuov** -Doctor of Philological Sciences, Professor

**Knyaz I. Mirzoyev**- Doctor of Philological Sciences, Professor

**Kultay S. Musayeva**- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor

**Bakhytkul E. Bukabayeva**- Candidate of Philological Sciences

**Zada A. Kemelbekova**- Candidate of Philological Sciences

**Ali Ali Shaban**- PhD Kair (Egypt)

**Davis Brent** - PhD (USA)

**David Landis**- PhD (USA)

**Fatima Shnah- Daven**- PhD of Ex-Marseille University (France)

**Nasr M. Arif**- PhD, Executive Director of Dar al-Islam Institute (Arab Emirates)

**Alimseyit Abilkazy**- PhD, Professor of Jingjiang Institute of Phology (China)

**Inoyatova U.I.** – Doctor of Philological, Nizami TSPU (Tashkent, Uzbekistan Republic)

**Kenan Koch**- PhD (Turkey)

**M. Yauman**- Master Degree, DAAD center (Germany)

**Zaure. Badanbekkyzy is responsible for this issue.**

### **EXECUTIVE SECRETARY:**

**Saulegul S. Sultanbekova**- senior teacher

**Journal is registered at the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan**

**(Certificate № 13343-J) 2013, February 12**

4 issues per year

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУ  
ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ  
FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

---

---

УДК 378.02:37.016

EFFICIENT METHODS OF USING PRESENTATION TECHNIQUES IN  
FLT

*Musayeva K.S.- candidate of pedagogic sciences, professor  
Kazakh National Pedagogical University*

**Annotation**

One of achievements in the sphere of innovations is to introduce modern technical equipments in teaching foreign languages. Their use in the lessons promotes motivation and cognitive activity of students, extends their range of interests and allows applying personality-oriented technology for the interactive teaching foreign languages.

Presentations are very important factors in the world. Having studied from school to business executive one has to use at least one presentation. We use them in business, learning and in many other situations. However, it doesn't mean that one has to make a long and dull speech in audience. There exist a number of presentation techniques which make it high quality, effective and remembering. The usage of information technologies in different spheres of human activity, including the process of education is becoming more and more actual. In native and foreign publications the informatization of the educational process is considered as one of the most actual factors in teaching foreign languages.

New information technologies not only increase the motivation to learning a foreign language, it also develops knowledge and culture of students. In this article we will research such fact as using the presentation techniques to increase the motivation of students to learn a foreign language and how teacher can use these techniques to develop their communicative skills.

**Key words:** Presentation techniques, teaching foreign languages, educational process, information technologies

The golden word essential for delivering an effective presentation is practice. You may have an excellent script and visual aids, but lack of practice can ruin the show. Practice well, and before the actual deliverance, make it a point to perform in front of a live audience (friends, family, or colleagues) and ask them to give appropriate feedback. During the presentation, you do not only exhibit your ideas but also yourself. So, it is important to dress formally, as your physical appearance reveals your attitude towards the whole affair. Also, reaching early at the location will help you plan where to position yourself, and check other details like the working of your slides.

Some scholars explain that a presentation is not a lecture. It is a part of the speakers whose objective may be to inform, but the speakers usually need to gain information from the audience as well and possibly persuade them to take some action. He concludes that a presentation is an exercise in interaction, with the speaker presenting new ideas in an attractive and interesting way.

According to many sources a presentation refers to a type of speech. Typically, when people think of speech they think of a dedication speech, a political speech, a speech of tribute or some similar event that is more public in nature than a presentation would be. He points out that presentations are speeches that are usually given in a business, technical, professional or scientific environment. The audience is likely to be more specialized than those attending a typical speech event.

Teachers of English as a foreign language, who want to develop successful lessons faces different problems: lack of material, lack of technologies etc. Another challenge is a student who does not have any motivation for lessons. According to Hammer, uncooperative and unmotivated students are a serious problem and can easily disrupt the instructional process [1, 10].

The core of the motivation's lack is laid in the methods and techniques a teacher chooses to perform the material. As Mary Finocchiaro once said "Student growth depends to a large extent upon your own professional growth. In a dynamic field such as ours, no teacher can afford to remain at a standstill. We should keep up with new findings, with new materials, and with the report of teaching and learning experiences of our colleagues" [5, 199].

An important part of teaching foreign language is introducing new language features i.e. while presenting a new grammar structure or new vocabulary teachers use different methods. The way of introduction of these features is often called "presentation". There are many different ways of presenting new language and it is

important to use a variety of techniques and methods in your teaching to make your teaching process more grabbing, interesting, and effective.

Presentation techniques such as sound imitation; drawing; illustration etc. are primary methods of techniques used on lessons. 10 or 15 years ago laboratory tape-recorder, phonographs, radio, closed-circuit television were widely popular with teachers. Nowadays computers and their numerous appliances and programs enjoy a great value in effectiveness of teaching a foreign language.

This number of device keeps proving its effectiveness in delivering lessons. Using techniques, for example pictures, in your presentations instead of words can double the chances of meeting your objectives. But according to Leonard Bloomfield “The various ‘methods and techniques’ which have been elaborated differ greatly in the mere exposition, but far or less in actual classroom practice. The result depends very little upon the theoretical basis of presentation, and very much upon the conditions of teaching and on the competence of the teacher ... ” [3].

Preparing the presentation one is supposed to take into account the important elements: context, clarification of meaning, controlled practice, and picture presentation, whichever technique or method is followed. For preparing visual aids there are a great number of modern computer programs of Microsoft Office Program, as: Power Point, Office Publisher, and Movie Maker with ready-made patterns.

The basic requirement to determine the success of the work is the teacher’s ability to show his technical competence in certain phases of linguistics. Even a well-planned and well-structured presentation can almost be ineffective because of bad presentation *delivery*. The delivery phase can make or ruin a presentation. We represent some key factors in the successful delivery of a presentation:

**1.Rehearsal.** Practice makes for perfect performance. Many experts say that rehearsal is the biggest single thing that you can do to improve your performance. Perform your presentation out loud at least four times.

**2. Timing.** Timing is of crucial importance. Do not ramble or talk needlessly. Some people simply freeze, and some can not sit down when they got on their feet to talk. The amount of time required for a given presentation should be determined in advance. As a general guide, one slide needs 1 - 1.5 minutes. So, if your presentation is very much and you may not succeed in conveying your message.

**3. Personal Approach.** Personal features of the speaker have a major impact



on how the presentation is received. There are four aspects, i.e. gesture, voice, eye contact, and breathing.

*Gesture* can be used to highlight points or to make additional emphasis when needed. However, do not repeat the same gesture for more than twenty times in a single presentation.

*Voice* is critical. The speaker should use sufficient volume to be heard. Modulation is also important. It is the process of varying the pitch or level of the voice. Speaking in a monotone manner or at the same level might put the audience to sleep. Monotonous high level voice should also be avoided; it may be tiring to listen to.

*Eye contact* is the process of *looking at the eyes* of the audience as often as possible. You will gain trust, involvement and interest. It is also important to face the audience, and not look too frequently at the screen. The smaller the size of audience, the more eye contact is needed.

*Breathing* is important to continue to talk in a loud voice. Breathing can also be used to generate a pause, and to emphasize an earlier discussed point.

**4. Telling stories.** The presentation is a type of a theatre. To make reading easy and interesting you can illustrate main events on slides as well or prepare video on it. Tell stories and anecdotes to help illustrate points. It all helps to make your presentation more effective and memorable.

**5. Use of Visual Aids.** Visual aids help to make a presentation more effective, mainly because they crystallize ideas, and they assist in the retention of information. Visual aids also keep the speaker on track and generate interest.

Rules to observe when preparing visual aids:

- *Keep it simple:* – “No one ever complained of a presentation being too short.” Nothing kills a presentation more than going on too long. If you keep visual aids simple, so that the audience can easily understand the concepts. A complicated or vague visual aid is counter-productive.
- *Minimize words:* Keep the amount of text minimal, to avoid the audience spending time with reading the visual aid and not listening to you.
- *Use large fonts:* Make text and numbers large, so that the audience can read it easily.
- *List key points:* Make sure that the key points are shown clearly. This will help

the audience to retain the information.

- *Use exact phrasing*: Since the ideas are summarized into key points, there is no margin for vague or imprecise wording.

- *Use color*: The use of color can highlight key points.

- *Prepare Handouts*: If you prepare handouts, along with visual aids, your audience can make notes on the handout.

We represent some steps which are more, or less important, to tail the presentation.

**Step1: Situation analysis.** It is essential to make the message to match the audience's expectations. *First*, be very clear about the type of presentation and its objective, i.e. whether it is persuasive or instructional. *Second*, assess the audience and the situation carefully. How big will it be, who will be present, what possible resistance is there, what is the level of knowledge, and, most important, how much time is available.

**Step 2: Theme/title.** The theme/title should be brief, direct, and meaningful. Do not develop a long winded theme, and assume that it will become obvious during the presentation. It may lead to distraction of the audience.

**Step 3: Story line.** Write a story line covering the major elements of the presentation. It involves breaking down the theme into major components. It should be logical and not be too long; fewer than 5 topics are generally manageable. Developing a storyboard is simply breaking down the story line into its major parts or ideas. Once you have developed the storyboard, you have the basic framework of your presentation. What is then needed is to put the storyboard into slides. The basic principle is "**one slide for one idea**".

### **Presentation techniques directed on developing of listening and reading skills:**

For reading or listening presentation it needs to select or create a short text which contains the target language. As the text is being used for presentation purposes, rather than as a resource for skills development, it should not be too difficult for the students. It should not contain a lot of new vocabulary or structure. The stages of the presentation are similar to those for most presentations. There should be a lead-in, interest and context. This may include some vocabulary work, particularly if there are any words in the text which the teacher feels the students need to know. There is a focus on form and meaning and controlled practice. The teacher exploits the text following stages: establish context, pre-teach vocabulary;

set gist questions; listening\reading text; checking in pairs etc.

**For presentation listening** material it can be used the following devices: tape-recorder, CD and MP3-players, I pods, computer etc. to make sure the students understand the material here can be used demonstrative handouts in format of slide show, notes, pictures etc. The super-technologies of our century allow us to implement entertaining-direct appliances in teaching process, and this fact can cause extra attention from students. The access to presenting resources is enriched by World Wide Web, where one can easily get any licensed educational material from special sites, book, articles etc. For listening purposes one can visit portal as You Tube, where a great range of video of wide variety of topics. The material can be easily modified and adjusted to the aims of a lesson. The video education sites with feature video, documentaries, news coverage etc.

Except downloading records for reading material or listening, teacher can prepare his own records or make a video on the theme.

For presenting reading material with use of Power Point program which is base program for slide-shows, we can use next model of delivering material:

### **Activity 1**

The objective is forming of reading/listening skills on the theme “Food” on material of the article “Attentive Waiter” [4, 25]

Lead-in phase: presentation of vocabulary. Put down the words on a slide and make students find relations between them and then let them reconstruct the chronicle of the events. If the words are simple you can present them in the format of pictures.

### **Activity 2**

After reading material or listening text, comprehension questions can be prepared in the way of video conference it would be more productive if the questions are asked by different people, and video clips due to capacities of the program can be installed in the presented slide-show.

### **Activity 3**

Another way to introduce a new language is to use a dialogue build. A dialogue is a conversation between two people and in this activity the teacher uses the conversation to show the students the language being used in a natural way. Dialogue build presentation is set on the material of the article. The students listen to the conversation and have a try to remember and rebuild the dialogue.

In conclusion, one may say that presentation technique is not innovation in teaching process. But ways to deliver them are revolutionizing. Right technique with exact presentation can help a teacher to invent a friendly, rich atmosphere for learning foreign language. Good presentation should include such stages as rehearse, timing, personal reproach and visual aids. Visual aids can be presented by Microsoft Office Programs including Power Point. Slide-show projection is one of the popular visual aids which is considered to be more effective way in production of drills directing on development of communicative skills of students. For making presentation slides 4 stages are taken into account. The stages are purpose of presentation, theme/title, story line, design. Other programs were recruited from entertainment in academic purposes are Internet programs, DVDs, Ipods etc. Any task programmed on developing 4 basic skills as listening, speaking, reading and writing can be delivered by the means and can boost interest of students. And motivation is the main impact on progress in meeting any goal.

The native and foreign experience shows that the using new information technologies provide:

- Giving a student the tool of investigation, construction, formation of knowledge about objective world, instrument of measuring and etc.
- Broadening the sphere of independent activity of students on the basis of organization different kinds of educational activity (experimental research, educational-playing, informational educational activity, also activity connected with processing information, such audiovisual information), including individual, group and collective work;
- Individualization and differentiation of educational process by means of interactive dialogue, independent choice of regime of educational activity and organizational forms of studying;
- Forming of information culture, components of individual culture, member of information society, by means of implementation of informational-educational activity;
- Increasing of motivation by means of computer visualization of studied objects, phenomena, managing studied objects, situations, ability to choose independently the forms and methods of teaching and learning, including game situations.

Thus along with the development of the process of informatization and education the volume and content of educational material changes, programs of academic subjects are over structured, the integration of some themes or subjects is taking place, that leads to the change of structure and content of educational subjects, and consequently to the change of structure and content of education

itself. As well as these processes new solutions to the problem of students level of education, based on working out and using complex of computerized testing, diagnosing methods of control and evaluating of the assimilation level.

1. Hammer J. The practice of English language teaching. 3<sup>rd</sup> ed. Harlow. - England: Longman, 2005.
2. Edward A. "Approach, method and technique" 2<sup>nd</sup> ed. Washington, 1993. - P. 199-202.
3. Bloomfield L. About foreign language teaching. 2<sup>nd</sup> ed. Washington, 1993. – P. 40-49.
4. Brown G., Malmkjaer K., Williams J. Performance and competence in Second Language Acquisition.- Cambridge University Press, 1996. – 25-34 p

### **Резюме**

В данной статье рассматривается проблема информатизации учебного процесса, в частности использование технологии презентации на занятиях иностранного языка. Цель сообщения - заострить внимание на тех ключевых правилах или моментах, которых должны придерживаться при презентации материала.

**Ключевые слова:** методы презентаций, обучения иностранным языкам, учебный процесс, информационные технологии.

### **Түйін**

Берілген мақалада оқу процессінің ақпараттандыру мәселесі қарастырылады, әсіресе шетел тілдері сабағында презентация технологиясының қолдану. Материалды презентация технологиясы арқылы ұсыну кезінде сақтайтын негізгі ережелер мен нұсқауларға назар аудару баяндаманың мақсаты болып келеді.

**Тірек сөздер:** презентация әдістері, шет тілі нұсқаулық, оқу процесі, ақпараттық технология.

**ӘОЖ 378.147:811.122**

## **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ**

**БАЙДРАХМАНОВ Д.Х.**

Педагогика ғылымдарының кандидаты,

Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

### **Түйін**

Мақалада ағылшын тілін оқу барысында кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары қарастырылған. Ағылшын тілін оқыту барысындағы кейбір ерекшеліктер сараланған. Танымдық белсенділікті қалыптасыру арқылы білім жетістігіне жетуге болады деген тұжырым жасалған.

**Тірек сөздер:** жеке тұлға, педагогикалық технология, таным, белсенділік, білім жетістігі, педагогикалық шарттар

Студенттердің өздігінен білім алуы, осы таңда өзекті мәселе екенін анықтауда, оны зерттеп, өзіндік мәнін ашу өздігінен білім алуға үйренудің қазіргі кезде аса қажет екенін айқындауға зерттеушілер, педагогтар, ғалымдар өз үлестерін қосуда. Дегенмен, бұл проблеманы зерттегенде студенттердің өз бетінше оқуын ұйымдастыруға арналған оқу үдерісінен тыс жұмыстар аз екені, әлі терең зерттеуді қажет ететіні байқалады. Сондықтан алғашқы курстардан бастап өз бетінше білім алу біліктері мен дағдыларын, танымдық белсенділіктерін қалыптастырумыз қажет. Ол үшін аудиториялық сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлап, оның сапалы өтуіне мән беріп, әр түрлі тақырыптар бойынша тәрбие жұмыстарын өткізу арқылы студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруымыз керек. Әр студент қоғамдық және жеке адамның алуан түрлі қажеттілігін өтейтінін түсінуі керек. Адамның қажеттілігі практикалық, материалдық және рухани болуы мүмкін. Практикалық қажеттілігін өтеу арқылы адам тіршілігін сақтайды. Материалдық қажеттілікті өтеу арқылы өндірісті, ғылымды, техниканы дамытады. Рухани қажеттілігін өтеп, ақыл-ойын және эстетикалық талғамын көрсетеді.

Қазіргі таңда білім беретін мекемелердің алдында тұрған негізгі мақсат – студенттердің ой-өрісін жан-жақты дамыту, оларға қазіргі заман талабына

сай білім беру және тәрбиелеу. Ал студентті жан-жақты дамыту дегеніміз оның тек қана дене бітімі жағынан өсіп жетілуі емес, сондай-ақ студенттің жан-дүниесінің байып, рухани өсуі, қабілеті мен дарынының анықталып, кең өрістеуі, парасаттылық ойы мен адамгершілік көзқарастарының қалыптасуы, олардың іске асырылуы жоғары оқу орындарында жүргізілетін аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға да байланысты [1].

Демек, антикалық дәуірдің өзінде-ақ педагогтар білім алушылардың өзіндік ой-тұжырымын жасау, оны қалыптастыру үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді дұрыс қолдану мәселесіне көңіл бөлгені байқалады. Білім алушылардың танымдық іс-әрекеті мен белсенділігін оқытудың жетілдіру құралы ретінде қарастырып, құнды пікірлер Д.Локк, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци және т.б. еңбектерінде айтылды. Танымдық белсенділікті қалыптастырудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А.Коменский қалады. Ол дидактикалық ұстанымдарды ұсына келіп, танымдық белсенділікті қалыптастыруда оқытушының рөлі туралы жазған болатын. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек» деп айта келіп, «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өздігінен тұжырым жасауын дамытуды білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын» деген болатын.

Я.А.Коменский оқытудың мақсаты ғылыми білімді меңгеру және өмірге пайда келтіру деп білді. Ол «Ұлы дидактикада» заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажеттігін ерекше атап өтті. Я.А.Коменский танымдылық қызығушылыққа үлкен мән беріп, оны адамның білім меңгеруіндегі маңызды тірек деп санады. Қызығушылықтың өзінен-өзі пайда болмайтынын, оны дамыту қажеттігін Жан-Жак Руссо айтқан. Қызығушылықты оқу-тәрбие үдерісінің бөлінбес бөлігі деп есептеген К.Д.Ушинский: «ешбір қызығушылықсыз тек мәжбүр ету арқылы жүргізілетін сабақ білім алушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жойып жібереді» дегенге көңіл бөлген [2].

Я.А.Коменскийдің белсенділік туралы осы пікірін Д.Локк одан әрі дамытты. Ол оқу әрекетіндегі мотив пен ұмтылыс туралы сөз ете отырып, білім алушыны дамытудағы ізденімпаздықтың маңыздылығын атап көрсетті. Ж.Ж.Руссо тәрбиенің мақсаты білім алушының шығармашылық тұлғасын көрсету керектігін айтты. Ол алғаш рет оқыту үдерісіне белсенділік,

ізденімпаздық ұғымдарын енгізді.

Американдық психолог, педагог Джон Дьюи білім алушының белсенді танымдық іс-әрекетінің маңыздылығын айта келіп, негізгі дидактикалық мақсат білімді, материалды беру, түсіндіру емес, ол өздерінің тәжірибесі негізінде оқыту қажет, тума қабілеттерінің дамуына жағдай жасау қажет деген пікір айтты [3].

Танымдық белсенділік жөнінде көптеген ғалымдар Л.П.Аристова, М.И.Махмутова, Т.И.Шамова, Е.Б.Ястребова, Н.А.Половникова, Г.Н.Кулагина, Р.А.Низамов, Е.В.Коротаева, В.И.Орлова және тағы басқа ғалымдар құнды пікірлер айтқан. Қазіргі таңда елімізде танымдық әрекет, танымдық белсенділік, ізденімпаздық мәселелерді өз зерттеулерінде ғалымдарымыз Т.С. Сабыров, Р.С.Омарова, А.С.Мустояпова, А.Е.Әбілқасымова, Р.Садықова, Н.Д.Хмель және тағы басқалары көтерсе, білім алушылардың өз бетімен білім алу мәселелері жөнінде С.С.Смаилов, Ж.Т.Дәулетбекова және тағы басқа зерттеушілер еңбектерінен көруге болады.

И.Я.Лернер ізденімпаздықты белсенділіктің бір маңызды бөлігі деп санай отырып, белсенді ізденімпаз бола алмайсың деген пікір айтты. Білім алушылардың танымдық белсенділігі танымдық қызығушылықтан туындайды. Г.И. Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық оқудың ең негізгі мотивтерінің бірі бола отырып, оның белгілі бір жағдайларға байланысты «жеке тұлғаның іс-әрекеті мен жекелеген әрекеттерінің дамуында қуатты түрткі күшіне айналады». Сонымен бұл жағдайлардан білім алу өздігінен жорамалдауға, бақылауға, іздеуге мүмкіндік алатындай дәрежеге жетіп, өз бетінше танымдық іс-әрекет жасауға мүмкіндік алады. Қызығушылықтың бірінші түріне қоршаған ортадағы дүниенің кейбір құбылыстарын түсінуге бағытталған – эмпирикалық және оқиғаларды көркемдік жағынан бағалай білуге, түсінуге талпындыратын, ұмтылдыратын эстетикалық қызығушылықтар жатады. Қызығушылықтың екінші тобына: жеке адамдар арасында әр түрлі қатынастарды шешуге бағытталған, әр түрлі қоғам ұйымдардың арақатынасын анықтауға негізделген симпатикалық пен әлеуметтік қызығушылық жатады. Қызығушылықтың осы аталған 2 түрі білім алушылардың меңгеретін білім мазмұнын айқындайды. Қызығушылық қай кезде болмасын педагогикалық әдебиеттерде негізгі фактор ретінде қарастырылып келді. Оларда қызығушылық жағымды мотивация тудырудың негізі деп танылады, қызығушылықты қалыптастырудың жолдары көрсетіледі: іс-әрекетке жағымды эмоция тудыру; эмоцияның танымдық



басым сипатта болуы; іс-әрекеттен туатын жағымды мотивті көздеу [4].

Қызығушылықты дамыту белгілі бір болмыстағы белгісіз жағдайларға қызығудан, оның заңдылықтарын, бір-бірімен қатынасын және өзара байланысын айқындаудан, одан әрі қарай жалғастырудан тұрады. Ал, қажеттілікті қанағаттандыру үшін және алға қойған мақсатқа жету үшін адамда қызығушылық пайда болады. Ол-адамның белгілі бір бағыттылығы деп жазды Ю.К.Бабанский. А.М.Матюшкин өзінің педагогикалық зерттеулерінде танымдық ізденімпаздық пен белсенділікті жеке тұлғаға тән жиынтық қасиеті ретінде қарастырады. Ол белсенділік пен ізденімпаздық ұқсас категориялар емес, сонымен бірге бұл ұғымдардың белгілері де бар екендігін айтып өтті, ал ізденімпаздық белсенділік белгілерінен тұрады, өйткені, өмір шындығының белгілі бір жақтары қатынаспен сипатталады. Бейнелеп айтқанда жеке адамның белсенділігі дегеніміз «серпінді – ізденімпаздық, ал ізденімпаздық – тұрақты белсенділік».

Оқытудағы білім алушылардың белсенділігін көптеген авторлар дидактикалық принцип ретінде қарастырады. Алайда бұл пікірге қарсы ойлар да айтылып жатады, себебі белсенділік оқыту принципі ретінде басқа дидактикалық принциптермен салыстырғанда бағыныңқы жағдайда әділетсіз түрде түсетініне тоқталады. Т.И.Шамованың пікірі бұл тұрғыда бізге жақын. Оның ойынша, белсенділік маңызды рөл атқаратындықтан, оған жеке дидактикалық категория беру қажет.

Ғалым-педагогтар И.Я.Лернер, Р.А.Низамов, Н.А.Половникова, М.И.Махмутов, Т.И.Шамова және тағы басқалары өз зерттеулерінде танымдық белсенділікті әлеуметтік мәдениет тәжірибесін игеруге және жеке тұлға қасиеттерін дамытуға бағытталған танымдық нысан мен оқытудың дидактикалық өзара әрекеті ретінде қарастырады. Танымдық белсенділік ұғымына берген анықтамаларында жеке тұлғаның оқудағы іс-әрекет жағдайына және анықтайтын педагогикалық шарттарына көңіл бөлді. Кейбір зерттеушілер танымдық белсенділік жеке тұлғаның қасиеті, екіншілері – жеке тұлғаның қызметі, үшіншілері – оны қажетсінуі мен бейімділігі деп түсіндіреді. Жоғарыда аталған ғалымдар сияқты А.Дистервег оқытудың негізгі мақсаты ақыл-ой мен қабілетті дамыту деп түсінді. Ол жеке пәндерді оқыту арқылы шәкіртті болашақ қызметке керекті білімдермен қаруландыруға болатынын және соған ерекше көңіл бөлуді талап етті [5].

А.Дистервег оқыту әдістерінің мәнін шәкірттің ақыл-ойын дамытуға тигізетін әсеріне қарай бағалады. Ол оқыту үдерісіндегі әңгімелерді өте

жоғары бағалады. Әңгіме шәкірттің ақыл-ойын дамытады, ізденімпаздыққа, талдауға, ойлауға үйретеді деп есептеді. А. Дистервег оқытушының ізденімпаздығы мен белсенділігі жоғары болуы тиістігін және ол білімін үнемі жаңартып, толықтырып отыруы керек деп есептеді. А.Дистервегтің еңбектерінде алғаш рет қарастырылған оқытудың өз бетінше ұстанымының біз үшін үлкен маңызы бар болып табылады. Сондықтан оқытушының негізгі мақсаты білім алушының өз бетімен іс-әрекетін дамытуға бағытталуы тиіс, себебі, солар арқылы ғана білім тереңдей түседі деп есептейді.

XIX ғасырда танымдық белсенділік мәселесіне орыстың революционер демократтары үлкен мән берді. Олар жан-жақты дамыған, білімді адам тәрбиелеп шығаруда ақыл-ой тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. В.Г.Белинский оқытудың индуктивті әдісіне көңіл бөлді, соның нәтижесінде оқылатын материалды түсіну қабілеті дамиды деп есептеді. «Анализден-синтезге өту, мысалдан ереже шығару – оқытудағы ең тиімді жүйе», деп жазды ол. Революционер-демократтар білімді меңгеру және оқытудың жолдары жөнінде де құнды пікірлер айтты. Олар оқу мен білім алу деген тек қана білім деректерін меңгеру еместігін ескертті. Білім алу, оқу-білу, тану жүйесі мен әдістерін меңгеру деп санады.

Мысалы, Н.Г.Чернышевский еңбектерінде оқытудағы танымдық белсенділіктің осындай жағына аса зор көңіл бөлінеді. Ол «Егер біздің балаларымыз шын мәнінде білімді боламын десе, білімді өз бетімен игере алуы, ізденуі керек», деп жазды. Орыс демократтарының еңбектерінде танымдық белсенділік ұғымы теориялық екі бағыт бойынша қарастырылды: а) тәрбие мақсаты ретінде (тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы оның танымдық белсенділігіне байланысты); ә) оқу үдерісін жеделдету құралы ретінде.

Мұндай байланыс, әрине, баланың ой-өрісін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту әдістемесін қажет етті. Мұндай әдістемені жасауда К.Д.Ушинскийдің қосқан үлесі зор. Ол баланың ой өрісінің даму заңдылықтарын, қабілетін негізге ала отырып, оқыту үдерісі білім алушының білім алудағы өзіндік еңбегіне сүйенуі керек екендігін, себебі өзіндік ойлау деңгейі олардың өз бетінше игерген білімі арқылы дамиды деп санады. Ол оқыту үдерісінде танымдық белсенділікке ерекше мән бере отырып, материалдың көлемін, маңыздылық сипатын және оқыту әдістерін анықтауда білім алушының ерекшеліктерін, олардың ой-өрісінің даму деңгейі мен қабілетін қатаң есепке алуды, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуін әрдайым сақтап отыруды, баяндау барысында анықтамалардың, қорытындылардың,

тұжырымдардың анық және дәл айтылуын талап етті. Сонымен қатар К.Д.Ушинский шәкірттердің ой-өрісін дамытудың және олардың өздігінше білім алуына мүмкіндік беретін дағдыларды сіңірудің маңызды құралы ретінде өзіндік жұмыстарға ерекше мән берді.

Жалпы танымдық белсенділік ұғымы жөнінде ғалым педагогтардың бір мәндік пікірі жоқ. В.И.Лозовая әрбір көзқарасты қарастыра келе, оларға жасалған талдау белсенділікті жеке тұлғаның сипаты деп анықтауға негіз беретінін атап өтеді, ол адамның әрекетіне қатынасынан көрініс табады, бұл әрекет өз бетінше қызмет етуге дайын болушылық, ұмтылушылық, оны жүзеге асыру сапасы, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды талдау. Т.И.Шамова мен В.И.Лозоваяның белсенділіктің мәніне көзқарастарында ортақ пікірлердің көп екенін анықтау қиын емес. В.И.Лозоваяның келтірген түсіндірулерінде белсенділік жеке тұлғаның әрекетке қатынасының сипаттамасы ретінде айтылады. Ал әрекет пен белсенділіктің ара қатынасы қандай деген сұрақ жауап қайтарылмайды.

Танымдық белсенділікті түсіндірудің түрлі нұсқаларына (оқуға ұмтылушылық пен білімді игеру барысында ақыл-ойды жұмылдырып, ерік-жігер көрсетумен сипатталатын шәкірттің хал-жағдайы; білімді жігерлі түрде игеруге дайын болушылық пен ұмтылушылық; ақыл-ой әрекеті; әрекет сапасы, т.б.) талдау жасай келе, В.И.Лозовая олардың бәрі осы ұғымның елеулі жақтарын толықтырады дегенге меңзейді. Бұл көзқарастарды, -деп атап өтеді ол, жеке адамның білім алуды, қол жеткізген білімін тереңдетуді, қоғамның рухани мәдениетін ұғынуды, өз қабілетін көрсетуді қажетсінуі танымдық белсенділіктің қайнар көзі болып табылады деген қағида біріктіреді. В.И.Лозоваяның қорытындысымен келісе отырып, танымдық белсенділіктің жоғарыда келтірілген көптеген түсініктемелері орынсыз екенін атап өтеміз (мәселен, «білімді жігерлі түрде игеру» деген нені білдіреді). Екінші жағынан танымдық белсенділіктің алуан сырлы сипаты қандай да болсын бір ғана белгімен көрсетуге болмайтын ұғымның алуан қырлы сипатын айқын дәлелдейді. Танымдық белсенділік күрделі педагогикалық құбылыс болып табылады, оның мазмұны тек кешенді түрде ашу арқылы ғана түсінуге болады [6].

Белсенділік көрсеткіштерін талдай келе, В.И.Лозовая осы мәселені зерттеушілер көбірек ескеретін ұғымдарды бөліп көрсетеді. Танымдық белсенділік ұғымының мазмұнына түрлі авторлардың түрліше мағына беретінін ескерсек, бұл параметрлердің жиынтығы тым әртекті болып шығады (мұнда ауқым да, кеңдік те, мүдде де, дайындық та, еске түсіру

белсенділігі де, тағы басқалары да бар). Тегінде, белсенділіктің бөліктеріне қарай белсенділік деңгейлерінің түрліше сатыда болуы мүмкін деген меңзеу В.И.Лозовая зерттеулерінде орындалған белсенділік деңгейлерін жүйелеудің неғұрлым маңызды да қисынды нәтижесі болса керек. Белсенділік адамның әрекетке қатынасында: өз бетінше әрекет етуге дайын болушылықта, ұмтылушылықта, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдауда көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады. Атап айтқанда, жеке адамның әрекетке қатынасының тұрақтылығына қарай, белсенділік пен интегралдық белсенділікті ажырату керек. Белсенділіктің соңғы түрі жеке адамның сапалы танымдық әрекеті берік қалыптасқан қажетсінумен, жағдайға байланысты қажетсінуге тәуелдігі шамалы және жеке тұлғаның бағдарлануын білдіретін осы әрекеттің күшті тұрақты мотивтерімен сипатталады.

1 Levin J.R., Allen V.L. Cognitive learning in children: theories and strategies. - New York: Academic Press, 1976. - P. 297.

2 Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дис. ... докт. пед. наук. - Алматы, 1995. - 314 с.

3 Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. докт.... дис. - Алматы, 1996. - 278 б.

4 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - Алматы: Білім, 1994. - 190 б.

5 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. - Алматы, 2003. - 144 б.

6 Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.02. - Алматы, 2003. - 22 б.

## **Резюме**

В этой статье рассматриваются трудности в изучении английского языка и способы их решения. Исследуются некоторые особенности преподавания английского языка. Выдвигаются предложения для совершенствования качества образования обучающихся.

**Ключевые слова:** индивид, педагогическая технология, познание, активность, педагогические ситуации.

## **Resume**

Difficulties in studying of English are considered in the article. Some features of teaching English ways of solution are investigated. Proposals for improvement of quality of education of the trained are made.

**Key words:** personality, pedagogical situation, cognition, activity, pedagogical technology.

Автордың координаты (тел: 8 709 500, ішкі: 32-200, 8 778 642 15 76,  
эл.пошта: baidrakhmanov\_dkh@enu.kz)

**УДК 378.016:811.111:004**

## **ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

**Мұқанова Зура Атагелдіқызы** - *Абай атындағы ҚазҰПУ Көптілді білім беру институтының арнайы мақсаттағы шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы*

## **Андатпа**

Ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, студенттердің сөздікқорынмолайту, түсінгенін айта білу, шығармашылыққа білетіне жол ашу.

**Тірексөздер:** сөйлеу этикеті, педагог этикасы, карым-катынас, әдіс-тәсіл.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Олтек қана техникалық құрал емес,сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісіболып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлікт ехниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялықэ лектрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімдіпайдалану арқылы білімсапасын көрсету.

Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы - жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үштілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді.

Оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 60-шы жылдардың басына жатқызады және оны алғашында американдық, алодансоң еуропалық мектептің қайта өрлеуімен байланыстырады. Шетелдегі қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды неғұрлым танымал зерттеушілері: Дж. Кэрролл, Л.Н. Ланд, Ю.К. Бабанский, Л.М. Эрдиев, Н.П. Раченко, Л.Я. Зорина, В.П. Беспалько, М.П. Хомерики және басқалардың ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

Қазіргі уақытта технологиялар білім берудің бір түрі ретінде қарастырылады және психодидактика, қоғамдық психология, кибернетика, басқару және менеджмент теорияларында бағаланады.

Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағыретінде қарастырылуы мүмкін.

Міне, осындай педагогикалық технологияның оқыту әдістемесі және әрбиелеу жұмысынан айырмашылығы байқалады. Егер “әдістеме” ұғымы, оларды орындауға қатысты емес оқытудың әдістері және тәсілінің жиынтығын қолдану көпкейіпкерлік белгілерінде жинақтауын анықтайды. Осыдан келіп, яғни кез-келген педагогикалық тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген педагог маманның іс-әрекетімен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі.

Педагогикалық технологиялар, оқыту технологиялары (дидактикалық технологиялар) және тәрбиелеу технологиялары ретінде қарастырылуы мүмкін. В.В. Ликан бұл технологиялардың неғұрлым маңызды белгісін бөліп көрсетеді.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи - танымдық, педагогикалық – психологиялық сауатты, саяси – экономикалық білімді және ақпараттық – коммуникациялық білімді және ақпараттық – коммуникациялық технологияны жан – жақты меңгерген ақпаратты ққұзырлы маман болу керек.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир.

### **Инновациялық технология және шетел тілі**

Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікір таластар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау(педагогикалық іс-әрекетті өзгерту),білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейнефильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралып оқытуға Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейне-клиптер, слайд-шоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әр түрлі аудиторияға бірғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алды.

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Ақпараттық технологияны шетел тілі абақтарында пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

1. Сөзжұмбақ, кестелерді құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және лексикалық оқу материалдарын өңдеу.

2. Ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.

3. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік және жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту.

4. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы хат-хабар-алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

Қазақстан Республикасының мемлекет аралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіндегі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар, оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

1. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6 «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі».

2. Қазақстан мектебі. 2006 ж. №4 «Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері».

3. Қазақстан мектебі. 2008 ж. №11 «Электрондық оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық ұстанымдары».



4.Қазақстан мектебі. 2009 ж. № 8 «Электрондық оқытудың әдістемелік аспектілері».

### **Резюме**

Уроки английского языка с использованием новых информационных технологий, для повышения словарного запаса студента, развития творческие способности.

**Ключевые слова:** этикет разговора, этикет педагога, отношения, методика.

### **Resume**

English lessons with using of new information technologies to improve the student's vocabulary develop creativity.

**Keywords:** Etiquette of conversation, etiquette of the teacher, the attitude, procedure.

**УДК 37.015.3**

## **USING MULTIMEDIA IN THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING**

**Bakhtygul Ashegova**

*Department of Foreign Language Communication and Translation Studies, Abai  
Kazakh National Pedagogical University  
[bahaashegova@mail.ru](mailto:bahaashegova@mail.ru)*

### **Annotation**

In this article were considered the positive effects of multimedia and its implementation in foreign language teaching. Were reviewed and analyzed many proceedings of researchers from different recourses on this theme and were made conclusions how to use them effectively in teaching foreign language. The importance of using multimedia in teaching foreign language and its main aim was proved. Were analyzed the advantages and disadvantages of using multimedia. Analysis on problems arising from application for multimedia technology in foreign language teaching was discussed. Was researched the role of a foreign language teacher in the multimedia environment.

**Keywords:** multimedia, teaching foreign language, advantages, disadvantages, teacher's role

Ағылшын тілін оқытудағы оқушының өз сөзін жоспарлай білу икемділігін, мәтін мазмұны мен ағылшын тілін үйрету құралдарын ұштастыра отырып, сөйлеу этикасын пайдалана алуын талап етеді. Оқушылар басқа халықтардың тұрмыс тіршілігімен олардың көрнекті өкілдерінің өмірімен алынған деректермен, бұл халықтар тарихының эпизодтарымен, мәдени ескерткіштерімен, көрікті жерлерімен танысады. Оқулық, оқу кітаптары, газеттегі қарапайым мақалалар арқылы оқушылардың шетелдегі адамдардың өмірімен танысуы олардың жалпы білімділік ой өрісін кеңейтеді. Оқушылардың жан жақты дамуы және олардың тұлға ретінде қалыптасуы үшін тілдік материалмен жұмыс істеу сипаты мен сөйлеу біліктілігінің елеулі мәні бар. Шетел тілі құралдарымен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) және сөйлесу іс әрекетінің негізгі түрлерімен қарулана отырып, оқушылар танымдық белсенділік, дербестілік көрсетуі, қорытынды жасай алуы маңызды болып табылады.

Аталмыш қабілеттіліктер мен дағдыларды жеке жеке дамыта отыру арқылы ғана біз мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігін қалыптастыра аламыз, және де осы бағытталған соңғы нәтижеге жетуде ойын технологиясының орасан зор артықшылықтары бар екенін өткен мақаламызда тоқталып кеткен болатынбыз. Беріліп отырған мақаламызда ойын технологиясының қазіргі таңда қолданыстағы түрлері мен оларды таңдау және ұйымдастыру принциптеріне тоқталамыз.

Оқушылардың шетел тілінде сөйлеуін, оқуға деген ынтасын арттырып, белсенділігін көтеретін-ойын. Ойын-оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдіс ретінде дербес дидактикалық категория [2]. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Ойын арқылы баланың өтіп жатқан тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендігі байқалады. Ойын баланың көңілін көтеріп, сергітеді. Оқушылар ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысады, қарым-қатынастарын жақсартады, тапқырлыққа үйренеді. Ойын арқылы оқушылар өздерін еркін ұстап, төмен оқитын оқушының өзі белсенділік көрсетеді. Ойын барысында барлық оқушылардың қызығушылығы артады. Ойынның мақсаты - бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті - оқушының қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру. Дидактикалық ойындар-балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың басында өткен сабақты еске түсіреді, сабақтың ортасында-көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында-тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын-оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынтасын арттыруды мақсат етеді. Әр сабақты оқушының қабілетіне, психологиялық ерекшелігіне сай жоспарлау қажет. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады. Оқушыны жалықтырмайды [3].

Ойын арқылы оқыту технологиясы ағылшын тілі сабақтарында кеңінен қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесін дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет:

Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау

Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу.

Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету.

Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адам балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш - ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс - әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға



катысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік-ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады □5□.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының: қисынды ой-қабілеті дамиды; өздігінен жұмыс істеуге үйренеді; сөздік қорыбайды, тілі дамиды; зейіні қалыптасады; байқампаздығы артады; өзара сыйластыққа үйретеді; ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды; бір-біріне деген оқушы сенімі артады; сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор десек болады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол [6].

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.

Келесі ойын тізімдері сабақ барысында белгілі бір дағдыны дамытуға немесе жаттықтыру қолданысы бойынша жіктелген:

#### I. Listening.

Word Bingo, time dictation, “Simon says”, “Bang! Bang!”, “Fantasy Island”, Board Kaces, Map Directions, Picture Dictation activities, Truel False chairs, “Secret codes”, “English Karuta”, telephon.

#### II. Speaking.

(Drawing game, word chain, around the World, “Who am I”, Interviews, Question and answer lines, charades, vocabulary Bag Stories, alphabet go fish, English jeopardy game).

#### III. Reading.

Treasure flunt, concentration game, word worm, logic puzzles.

#### IV. Writing.

In-class journals, dialogue journals, writing descriptions, new story Ending, different points of view, inventa new character, Running dictation, antonym race, alphabet books, humanalphober, mad lips, “create a holiday”, “vocaburaly box”.  
Creating An Active Classroom: Teaching Activities.

Ойын формасында жүретін сабақ белгілі бір ережелерге бағынады.

1. Алдын ала дайындалу. Ойынның өту формасы мен сұрақтарын белгіленіп қойылады;

2. Ойын заттарының болуы. Көрнекі құралдар, жиһаздардың орнын ауыстырып ойын ерекшелігіне сай әзірлеу;
3. Міндетті түрде ойын қорытындысын жариялау;
4. Құзіретті әділ қазылар алқасының болуы;
5. Балалардың зейінін аудару үшін өлең айту, секіру тәрізді жаттығулар;
6. Ойын мұғалім мен оқушы арасындағы қарным-қатынасты нығайтып, пәнге деген қызығушылығын арттыру қажет.

1. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006 ж.
2. М. С. Сақтағанова, Н. Қ. Алиева, Н. Қ. Айтбаева «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..
3. Г. Ботағарина, «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж..
4. Г. Шамшырақова «Ағылшын тілін оқытудың құрылымы», 12-бет, Кәсіптік мектеп, №3, 2007 ж..
5. Құлжанова.Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі.- 2001.-№1.б.74.
6. Выготский Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка.// Вопросы психологии.–1966.Т.6.340с.

## **Резюме**

Повышение качества образования является сегодня одной из актуальных проблем для всего мирового сообщества. Решение этой проблемы связано с модернизацией содержания образования, оптимизацией способов и технологий организации образовательного процесса и, конечно, переосмыслением цели и результата образования. Эти изменения носят системный характер и предполагают последовательный переход к компетентностной модели образования, обновление структуры и содержания образования, преобразование дидактических и программно-методических материалов, необходимых для построения новой образовательной практики, способной обеспечивать новое качество образования. Одним из важнейших решений этой задачи является разработка и внедрение новых педагогических технологий. Технологический подход к обучению предусматривает точное инструментальное управление учебным процессом и гарантированный успех поставленных учебных целей. Образование, полученное в начальной школе, служит базой, фундаментом для последующего освоения знаний. Основная задача государственного стандарта второго поколения состоит в том, чтобы обеспечить ребенка качественным образованием на первой ступени обучения. В процессе образовательной деятельности школы главенствующую роль приобретает ориентация на личность и компетентность, позволяющая существенно облегчить процесс адаптации молодежи к профессиональной среде, повысить ее конкурентоспособность.

Поэтому игровая технология является одним из эффективных технологий для формирования компетенции в начальном уровне обучения иностранному языку.

**Ключевые слова:** модернизация содержания образования, межкультурная коммуникативная компетенция, начальный этап обучения, игровая технология, виды игровых технологий

### **Resume**

Improving the quality of education is today's one of the most pressing community issues. The solution to this problem is connected with the modernization of educational content, methods and technologies for the optimization of the organization of educational process and, of course, re-interpretation of the purpose and results of education. These changes are systemic in nature and require a gradual transition to competency model of education, upgrade the structure and content of education, the transformation of teaching and program-methodical materials necessary for the construction of new educational practices that can provide a new quality of education. One of the most important decisions of this problem is the development and introduction of new educational technologies. Technological approach to training provides an accurate tool management of educational process and guaranteed the success of the set learning objectives. The education received in primary school, serves as the basis, the foundation for the subsequent development of knowledge. The main task of the state standard of the second generation is to provide the child with a quality education in the first stage of learning. During the educational activities the school gets the leading role in the orientation of the personality and competence, allowing greatly facilitate the process of adapting to the professional environment of young people and increase its competitiveness. So, gaming technology has become one of the most effective technologies for the formation of the competence at initial level of foreign language teaching.

**Key words:** modernization of education content, cross-cultural communicative competence, early stage of educating, game technology, types of games

**УДК: 378.016:811.111**

## **ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫҢ ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Айсаева М.А, 2 курс магистранты**  
*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, Көптілді білім беру институты*  
**Ғылыми жетекші: ф.ғ.к, аға оқытушы Жусупова Р.Б**

## Андатпа

Бұл мақалада қазіргі заман талабынан туындап отырған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту жайлы сөз болады. Мақалада тек тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың мәні ғана емес, сондай-ақ аталған оқытудың зеттелу жағдайы да айтылады. Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың басты жетістігі – зерттеулер мен оқу стратегияларының бағдарламаларын оқу үрдісінде оқушылар қолданады. Мақаланың негізгі мақсаты - тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың шеттілдік білім беру үрдісіндегі маңыздылығы мен алатын орнын көрсету.

**Тірек сөздер :** тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту, коммуникативті-когнитивті оқыту, *оқу стратегиялары, тұлға*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»- деп көрсетілген. Бұдан, әр мұғалімдерге - ізденіс арқылы, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым – қатынасқа өту қажеттілі туындайды. [1].

Мемлекетіміздің білім беру жүйесінде жаңа бағыт , жаңа мазмұн жүріп жатыр. Бүгінгі білім -білік дағдысын механикалық түрде емес , танымдық қабілет дамыған, өзін - өзі көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың маңызы зор. Жеке тұлға өзіндік құндылық. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек.

Бұл жөнінде ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Әл – Фараби, Ж.Баласағұн, Ұлы Абай ерекше назар аударған, сондықтан еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған ғалым Д.Кішібеков, Р.Н.Нұрғалиев «Жеке тұлғаның дамуы – қоғамдық қатынастардың нәтижесі» деген философиялық тұжырым жасаған. Көрнекті педагогтар К.Д Ушинский, А.С Макаренко, В.А Сухомлинский,

Ы.Алтынсарин шығармаларында оқушы тұлғасын қалыптастырудың жолдары қарастырылса, ал оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағыт-бағдар беруді ең алғаш тәрбие жұмысының мазмұнына енгізген белгілі педагог ғалым М Жұмабаев болды. Психологтар мен педагог ғалымдар Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Л.С Рубинштейн, Л.В. Зоньков, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.Г.Ковалевтің және Қазақстандық көрнекті ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Қ. Қалиев, К.Ж. Қожахметовалар өз еңбектеріне жеке тұлғаны дамыту мәселелеріне теориялық және практикалық талдау жасаған.

Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытуды психотерапия, білім беру саласында, медициналық тәжірибеде, неке және халықаралық қатынастарда көбіне Карл Роджерс есімімен байланыстырады. Карл Роджерс 60-80 жж гуманистік психологияның негізін құрушы және дамытушысы болған. Карл Роджерс және оның ізбасарларының ғылыми жұмысы мен тәжірибелерінің арқасында тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту қоғамдық өмір мен білім беру жүйесінде маңызды мәселелерді көтереді.

К. Роджерстің идеясы оқыту мазмұнында, мұғалім рөлі мен оның оқушылармен қарым-қатынасында гуманизмге негізделеді. Мұндай оқытудың экспериментіне АҚШ, Англияның, артынан Германияның мыңдаған мұғалімдері мен он мыңдаған бастауыш, орта мектеп пен колледж оқушылары қатысқан. Нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бағалауы жақсарған, IQ –і көтерілген, танымдық қабілеттері өскен. Бұл балалардың денсаулығының, үлгерімі мен сабаққа қатысуының жақсаруына әкелген. Роджерстің гуманистік идеялары әсіресе тоталитарлық жүйеден мемлекеттердің мектептерін демократиялау мен ағарту үшін маңызды. [2]

Ғалым И.С.Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдайды:

- Басты мақсаты-оқушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту;
- Білім беру жүйесі басынан-ақ оқушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс;
- Мұғалім оқушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды, олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.

И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру процесінің негізгі қағидасы болып табылады. Оның мақсаты-әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту. "Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы, қойылған мақсатқа жетудің-яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты". [3]

Е.В.Бондоревская жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар:

- 1) аксеологиялық
- 2) когнитивті
- 3) шығармашылық-әрекеттік
- 4) жеке тұлғалық.

Осы аталған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланың жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауына және шығармашылығына толық мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Г.К.Селевко мұндай технологияның ең негізгі құндылығы-оқушының жеке тұлғасы, ал негізгі мақсаты табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру деп атап көрсетеді. [3]

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуда білім алушының жеке басы бірінші орында тұрады. Әрбір адам тұлға бола отырып, бір жағына жеке тұлға, екінші жағынан әлеуметтік типтік тұлға, яғни әлеуметтік маңызды сипаттарды қамтушы болып табылады.

Тілді үйрену – бұл когнитивті үрдіс, яғни білім және шет тілін үйренудегі танымдық процестердің заңдылықтары мен оқушылардың ой әрекеті қабілеттері назарға алынады. Коммуникативті-когнитивті оқыту әдісі де – тұлғаны қалыптастыруға бағытталған концепция, оқыту жүйесінің әдістемелік негізі, оқушыларға оқытылып отырған тіл жүйесі туралы адекватты бейнесін құру мен тілдік қарым-қатынастарға деген оқушылардың

қабілеті мен іскерлігі. С.Ф Шатиловтың коммуникативті – когнитивті әдісі шеттілдік білім беру үрдісінде маңызды орынға ие. [5]

Коммуникативті –когнитивті оқыту әдісі, біріншіден, шетел тілін оқытудың коммуникативті әдістемесінің теориясына негіз болса, яғни методикалық мәселелерді шешу, мысалы тілді үйрену бірізділігі, тілдік материалдары және оларды көрсету қабілеттері мен жаттығулар, белгілі бір жастағы оқушылардың коммуникативті қажеттіліктерін есептеу және оқу жағдайы болса, ал екіншіден ол танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыратын мәдени-эстетикалық және тілдік, елдерді тануға негізделген білім мен мәліметтерді саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етеді. Оқушы тек мұғалімнің қызметіндегі нысаны ғана емес, осыдан оқушы шеттілдік білім беру үдерісінде және әлеуметтену барысында белсенді қатысушы болады. [6]

Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың басты жетістігі – зерттеулер мен оқу стратегияларының бағдарламаларын оқу үрдісінде оқушылар қолданады. Оқу стратегиялары – бұл оқуда алынған ақпараттарды алу мен сақтауды оңтайландыру мақсатындағы әрекеттер мен операциялар. Оқушы айтылған іс-әрекеттерді оқу процесін жылдамдату үшін орындайды.

Р. Оксфорд 62 оқу стратегияларын атап көрсетеді және оларды екі топқа бөліп қарастырады:

- негізгі стратегиялар(direct learning strategies)
- қосымша стратегиялар (indirect learning strategies).

#### **Негізгі оқыту стратегияларына мыналар жатады:**

- Адамның ойлау механизіміне негізделген стратегиялар (memory strategies): топтастыру, логикалық қатынастарды құру, дыбыстарды, бейнелерді, қимылдарды және т.б пайдалану;
- Когнитивті стратегиялар (cognitive strategies): ой қорыту, салыстырмалы анализ, қорытынды шығарудың индуктивті және дедуктивті әдіс-тәсілдерін қолдану;
- Компенсаторлы стратегиялар (compensation strategies): мағына жайында болжам жасау, синонимдер мен мазмұндауды қолдану, ақпаратты жеткізу үшін бейвербалды қарым-қатынасты қолдану, сонымен қатар оқушылар дұрыс екендігіне сенімсіз болса, тілдік құбылыстарды қолданудан ауытқу;

#### **Оқытудың қосымша стратегиялары:**

- Метакогнитивті стратегиялар (metacognitive strategies): тапсырманы орындау үрдісінде жоспарлау, оқу әрекетінде өзін-өзі бағалау және өзін-өзі

бақылау жұмыс тиімділігі үшін жағдай жасау, өз жұмыс орнын ұйымдастыру т.б;

- Эмоционалды, аффективті (affective strategies): өзін-өзі басқару шеберлігі, сабыр сақтау, мазасыздықтан арылу, өзін-өзі эмоционалды бақылау;
- Әлеуметтік стратегиялар (social strategies): қарым-қатынас жасауда әріптестермен ынтымақтасу, әңгімелесуші серігінің қабілетін, мүмкіндігін, әлеуметтік-мәдени ерекшелігін есепке алу. [7]

Әр сабақтың соңында тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытуда мынадай қысқаша анкеталық сұрақтарды қолдануға болады:

- I. Мұғалім сабақ барысында
  1. маған ізеттілік көрсетті.
  2. менің пікіріммен санасты.
  3. мені елемеді.
  4. маған ізеттілік көрсетпеді.
- II. Мұғалім...
  1. әр оқушыдан жеке тұлғаны көрді.
  2. барлық оқушыларға талап қоя отырып, құрметпен қарады.
  3. нұсқауларының қатаң түрде орындалуын талап етті.
  4. өте жұмсақ және оқушыларды бос жіберді.
  5. сабақты жүргізе алмады.
- III. Мен сабақта
  1. дискуссия барысында белсенді болдым.
  2. белсенді болғым келді, бірақ қорықтым.
  3. көңілім қаламаса да дискуссияға қатыстым.
  4. дискуссияға қатыспадым, қатысқым да келген жоқ.
- IV. Сабақ барысында мен...
  1. өз ойымды және сезімімді батыл айттым.
  2. өз ойымды және сезімімді жасыруға тырыстым.
  3. мұғалімге ұнайтын нәрсені ғана айттым.
  4. ешқандай өз ойымды және сезімімді айтпадым.
- V. Менің ойымша, менің сыныптастарым сабақ барысында белсенді болды, себебі...
  1. олардың пікірлері талқыланды.
  2. қызықты болды
  3. әйтпесе мұғалім ренжитін еді.
  4. төмен баға алуға қорықты
- VI. Жалпы сабақ
  1. өз-өзімді тануға көмектесті
  2. маған қызықты мәліметтерді берді.
  3. еш жаңалық болған жоқ, бірақ қызықты болды.
  4. босқа кеткен уақыт.



Оқушылардың жауаптарынан тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытудың позициясын көруге болады. [2]

Тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту – оқушылардың тілдік қабілеттерінің жүзеге асуына мүмкіндік береді, оқыту мотивациясына жағдай жасайды, жауапкершілік сезімді дамытады және әртүрлі оқыту стратегиялардың қолданылуын ынталандырады.

Білім беру жүйесінде тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытуды тарату қиын болғанымен де, қазіргі таңда мектептің алдына қойған мәселелерін шешуге көмектеседі. Бұл тіл үйренушінің педагогикалық ауытқуына жол бермеуге жағдай туғызады, қажет жағдайда әр тіл үйренушінің тұлға ретінде дамуына түзету енгізеді.

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде , 1999ж.
2. Трошагин М. И. «Личностно-ориентированный подход в обучении и проблемы его реализации» пос. Высокоключевой- <http://www.lokos.net>.
3. Якиманская И.С. Личностно – ориентированное образования. – М.,2000.
4. Танирбергенова А.Ш., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Баймаханова К.Қ., «Тұран - Астана» университетінің магистранты « Тұлғалық –бағдарлы технологиялар негізінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілікті дамыту» Қазақстан, Астана қаласы
5. Шатилов С.Ф. О создании рациональной методики обучения иностранным языкам в средней школе // Иностранные языки в школе. – 1990. -№2. - С.46-50.
6. Юсупова Татьяна Геннадьевна кандидат педагогических наук, доцент Московский государственный областной гуманитарный институт, г. Орехово-Зуево « Содержание когнитивно-коммуникативного подхода к обучению иностранному языку»
7. Кашина, Е.Г. Традиции и инновации в методике преподавание иностранного язык: учеб. отв. ред . А.С Гриштейн . –Самара: Изд-во «Универс-групп», 2006.76 с.

## **Резюме**

В данной статье рассматривается личностно-ориентированный подход, отвечающие запросом современного общества. В статье анализируется не только сущность личностно-ориентированного подхода , но также уровень исследования данного подхода. Основным достижением методистов в этой

области является исследование и разработка различных учебных стратегий, которыми пользуются учащиеся в процессе обучения.

Цель статьи – показать значимость и роль личностно-ориентированного подхода в иноязычном процессе.

**Ключевые слова:** личностно-ориентированный подход, коммуникативно-когнитивный подход, учебные стратегии, личность.

### **Resume**

This article discusses the learner-centered approach which is required by the modern society. The article reveals not only the essence of learner-centered approach, but the level of the research. The main achievement of the Methodists in this area is the research and the development of different learning strategies used by the students in the learning process. The aim of the article is to show the importance and the role of the learner-centered approach in the foreign language education.

**Key words:** learner-centered approach, communicative-cognitive approach, learning strategies, learner.

**УДК 378.016;81.**

## **ШЕТТІЛДІК БІЛІ БЕРУДЕ «ҚҰЗІРЕТТІЛІК» ПЕН «ҚҰЗЫРЛЫҚ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРА-ҚАТЫНАСЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

**Сақариева А.К.** *2 курс магистранты*

**Ғылыми жетекшісі:** *Абдрахимова Г.Б. ф.ғ.д., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **Аңдатпа**

Қазіргі заманғы шеттілдік білім беру қоғам тапсырысы талаптарына сай келіп, студенттерді шетел тілін күнделікті өмірде қатынас құралы ретінде қолдануды үйретеді, оларда мәдениаралық және жалпыевропалық біліктілік қалыптастырады. Қазіргі білім беру тұжырымдамасына сәйкес оқу-әдістемелік кешен құзіреттілік оқыту деп аталады. Әрбір құзіреттілік кешеннің ерекше айырмашылығы - оның белгілі бір стандартта көрсетілген шетел тілі деңгейіне сәйкестігі. Құзіреттілік қалыптастыру оқыту амалының

маңызы жеке тұлға болып табылады, ол қойылған мақсатқа жетудегі оқу жүйесін белгілі бір бағытта ұйымдастыруға негіз болады.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Бұл мақалада біз әдістемелік зерттеу аясына сай құзырлық және құзыреттілік терминдерінің ара-қатынасы мен айырмашылығын шеттілдік білім беру аясында анықтаймыз.

**Тірек сөздер:** шеттілдік білім беру, әдістеме, құзіреттіліктер, құзіреттілік, құзырлық.

Қазақстан Республикасының 2010-2015 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында тәлімгерлердің білім алуының мазмұны мен сипаттарының дамуы мен жақсаруына және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына, өз жұмысын жетік меңгерген, кәсіби білікті мамандарға қажеттілік туындап отырғанына байланысты ЖОО-да білім сапасын арттыруды мақсат етеді. Осы аталмыш мәселенің негізгі шешімі ретінде Еуропалық Одақпен мойындалған құзіреттілік бағытында оқыту үрдісін ұйымдастыру кеңінен орын алуда. Расында да оқыту үрдісінің белгілі бір мамандыққа сай құзіретті түлек немесе жас маман қазіргі заман талабының негізгі сұраныстарының бірі болып отыр [1].

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде

өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады [1].

Б.Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады.» [2]

К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады ;

- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды [3].

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

- түйінді құзыреттер;
- жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- өмірлік дағдылар;

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

Десек те, қазіргі таңда педагогика мен методика салалалырында «құзіреттілік» пен «құзырлық» терминдерін ажыратып, мағынасын әдістеме аясында анықтап беруді жөн көрдік. Орыс сөздіктеріне сүйенсек, бірінші сөз С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» деп көрсетеді. Ал әдістемелік

еңбектерге сүйенсек, құзырлық пен оған байланысты құзіреттіліктер маманның кәсіби даярлығы мен жауапты тұлғаның мүмкіндіктерін бағалау мағынасында кеңінен қолданылып келетінін айтады [4]. Сондықтан да біз әдістемелік зерттеу аясына сай бұл терминдерді шеттілдік білім беру аясында анықтаймыз.

Құзырлық тәсіл идеясы – қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өте алады. Оқушының құзырлығын қалыптастыру бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлық тәсілді, жоғарыдағы айтқанымыздай, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсілмен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама – қайшылықтан туындаған дағдарысты жағдайдан шығарудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігімен емес, сол білімді қолдана білуімен маңызды. Сонда мұғалімнің кәсіби құзырлық деңгейі қандай болмақ? Педагогика зерттеулерге жасалған шолу бұл мәселенің тарихи тұрғыда кезеңдеп дамығанын көрсетеді. Бұл проблеманың ғылыми - теориялық тұрғыда аз зерттелуі, мұғалімге құзыреттілігін нығайтуға мүмкіндік берілмеуі біздің біліктілікті жетілдіру жүйесінде мұғалімнің әдістемелік шығармашылығын кәсіби тұрғыдан дамытудың теориялық негізін жасау міндетін қойды.

«Құзіреттілік» пен «құзырлық» терминдері алдымен шеттілдік білім беруде өз ойын шетел тілі тілдік құралдары арқылы жеткізу болып анықталатын. Алғаш бұл терминді 1965 жылы Құрама Штаттарының Массачусетс университетінің оқытушысы Н.Хомский енгізген болатын. «Құзіреттілік» деп ол «тілде сөйлесі білімі» деп анықтап оны «тілді қолдану» мағынасынан ажырататын. Тілді қолдану мағынасында ол индивидтің шетел тілі тілдік құралдары көмегімен өз ойын жеткізу деп қарастырып, ал құзіреттілік индивидтің іс жүзінде тілдік қатысымға түскенде толықтай алдыңғы түсінікпен сай келмейтінін айтады. Яғни, ол тіл мен сол тілде сөйлеудің айырмасы бар екенін педагогика ғылымына енгізді [5].

Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн және А.Н.Леонтьевтардың зерттеулеріне сүйенсек, кәсіптік тұлғаны қалыптастырудағы тек білгілі бір білім мөлшері ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мамандық иесіне сай әлеуметтік ортада өзін ұстауда көпқырлы психикалық басқару жүйесін қалыптастыру, кәсіби тәжірибе жинақтау және өзін өзі кейінгі дамыта алу қабілеттіліктері дейді. Бұл психологиялық үрдіс Ф.де Сюзсордың Тіл мен

сөздің дихотомиясы еңбегінде жазғанына ұқсас келеді: бір жағынан қарасақ кәсіби құзырлылық тұлғаны қалыптастырушы және дамытушы болып келеді, ал екінші жағынан, кәсіби дағдының дамуы тұлғалық дамуға да әкеп соғады [6], [7].

Осы тақырыпта еңбектерін жазған көптеген психологтарға келер болсақ, кәсіби құзіреттіліктің негізі баланың туылуынан құралып, оның нейродинамикалық қасиеттерімен анықталады. Сонда да олар тұлғаның доминантты қасиеті ретінде ынталандырудың белгілі бір аяда кәсіби жетістіктерге тіпті «кәсіби жарамсыз» адамдардың да жете алатын фактіні мойындайды. Осылайша, жалпақ тілде айтсақ, кәсіби құзырлылық деп тұлғаның теориялық және практикалық тәжірибесінің белгілі бір дәрежеде ұштасқанын айтамыз. Сонымен қатар, құзіреттілік ретінде, белгілі бір қабілеттіліктер негізінде тұлғаның оларды нақты бір аяда қолдану шеберлігін, немесе даярлығы деп түсінеміз.

И.А.Зимняя «құзырлық» деп «адамның әлеуметтік-кәсіби өміріне негізделген жеке және интеллектуалды білім негізіндегі тәжірибесі» анықтайды [8].

«Лингводидактикалық оқыту сөздігінде» құзіреттілік (латын тілінен аударғанда бір нәрсеге қабілетті болу дегенді білдіреді) біреудің білгір, ұштастырушы, сапалы болуы мағынасын береді. Құзіреттілік құзырлықтың туындысы және ол білім, біліктілік пен сапаның белгілі бір аяда қолданылады. Олар бірігіп адамға немесе маманға өз жұмысында, тіпті жаңа туындаған жағдайларда дұрыс әрекет етуіне ықпал етеді.

«Құзіреттілік» пен «құзырлық» мағыналары жайлы көптеген ғалымдардың еңбектері бар: Л.Н.Болотова, Э.Д.Днепровы, Е.Б.Евлагина, Э.Ф.Зеер, Е.Н.Соловова, А.В.Хуторский, С.Е.Шишов және тағы басқа.

Л.Н.Болотовтың пайымдауынша, құзіреттілік пен құзырлық синоним ретінде қолдануға болады.

Э.Д.Днепровы аталмыш түсінікті оқушының меңгерген білім, оқу қабілеттіліктері мен біліктіліктері, және де практикалық пен теориялық тапсырмаларды орындау құралдарын қолдану даярлығы деп анықтайды [9].

Э.Ф.Зеер құзіреттіліктің жаңа психология-дидактикалық құрылым ретінде қарастырып, оның оқыту үрдісінде қолданудың маңызды екенін атап көрсетеді [10].

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар [11].

«Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

А) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

Ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

Б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Сонымен, мақаламызда берген анықтамалар бойынша қорытынды айта кетсек, құзырлық деп жалпақ мағынада өз құзіреттілігін, яғни ойлау, анализ бен синтез жасау және өз бойындағы жинаған теориялық білімін іс жүзінде қолдануды, практикада қолдана алу қабілеті деп анықтаймыз. Шетілдік білім беру аясында, құзіреттілік деп өз кәсіби жұмысында қажетті теориялық білім жиынын, ал құзырлық деп сол кәсіпте өз жинаған білімін қолдану қабілеті деп қорытындылаймыз.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
2. Б.А.Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
3. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
4. Ксембаева С.К., Алькеева Р.С. «Құзыреттілік – білім беру негізі»
5. Хомский Н. Синтаксические структуры // Новое в лингвистике. Вып. 1. М., 1962
6. Выготский Л. С. О психологических системах // Собр. соч.: В 6 т. Т.1. М., 1982
7. Леонтьев, А.А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, 1997. – 287 б.
8. Зимняя И. А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004
9. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация — М., 2002
10. Зеер Э. Ф. *Психология профессионального образования: учеб. пособие / Э. Ф. Зеер.* — 2-е изд., перераб. — М.: Изд-во МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2003.
11. Татур Ю. Г. Компетентностный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования: МАТЕРИАЛЫ ко второму заседанию методологического семинара. Авторская версия. — М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004
12. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. М., 1972
13. Хомский Н. Язык и мышление. М., 1972

## **Resume**

Communicative and cognitive learning of foreign languages at the present stage meet the requirements of social order, it prepares students for the practical use of languages as a means of communication, provides them with intercultural communicative competence, which is a model of communication process that should be reflected in the modern teaching complexes, which we call competence based education. A distinctive feature of competence based education is its



correlation with a certain level of foreign language provided by the international standard. The core of competence based education is a tutorial that gives a system of training leading to the achievement of a certain goal.

Only highly capable of withstanding the impact of fierce competition and competent students can discover the key to the future. Our country can show their best side with the help of an educated, energetic generation, which is a patriot of his country.

In this article, we are part of conformity of methodical research and determine the ratio of the difference between the terms "competence" and "competency" in the field of foreign language education.

**Keywords:** Foreign language education, methodology, competences, competency.

### **Резюме**

Иноязычное образование на современном этапе отвечает требованиям социального заказа, оно готовит студентов к практическому использованию иностранного языка как средства общения, формирует у них межкультурную и общеевропейские компетенции. В соответствии с современной парадигмой иноязычного образования, мы называем подход организации учебно-методических комплексов – компетентным. Отличительной особенностью каждой компетенции является его соотнесенность с определенным уровнем владения иностранным языком, предусмотренным международным стандартом. Ядром данного подхода является индивидуальность, который задает систему обучения, ведущую к достижению поставленной цели. Только высокообразованные, способные выдерживать воздействие жесткой конкуренции и компетентные студенты могут открыть ключ к будущему. Наша страна может показать себя с лучшей стороны с помощью образованного, энергичного поколения, которое является патриотом своей страны. В этой статье мы в рамках соответствия методических исследований определим соотношение и разницу между терминами “компетенция” и “компетентность” в области иноязычного образования.

**Ключевые слова:** иноязычное образование, методика, компетенции, компетенция, компетентность.

## ШЕТ ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ ОҚЫЛЫМ - БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

**Бақбергенова Әсем** *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты*

### Андатпа

Шет тілі мұғалімінің оқыту қызметінің табыстылығы тек қана педагогикалық қарым-қатынастың сабақта дұрыс ұйымдастырылу шартында ғана бола алады. Оқылымды кәсіби қарым-қатынастың бір формасы деп қарастыру, мәтіндерді таңдауда ерекше талаптарды қажет етеді, оларда ең бірінші орында ақпараттылықты қамтамасыз ететін өлшемдер, мәтіннің негізгі идеясының көрсетілуі, түпкі ой, оларды түсіну кәсіби мағыналы оқылымның мақсаттарын құрайды.

**Тірек сөздер:** Шет тілі мұғалімі, әдіс, мәтін, кәсіби қарым-қатынас.

Елімізде халықаралық қатынастардың нығайуына және шет тілін жетік меңгерген мамандарға сұраныстың жоғарылауына байланысты, бұл жоғарғы оқу орындарындағы шет тілін оқыту әдістерін қайта қарауға себепші болып және шет тілін нәтижелі түрде меңгеруге көмектесетін жаңа оқыту системаларын және тәсілдерін іздеуге мәжбүрледі.

Жоғарғы оқу орындарындағы тіл дайындығының ұйымдастыру жұмысының негізгі кемшіліктерінің бірі бұл "шет тілі" пәні сабағына берілген сағат санының аздығы, талапкерлердің тіл құзіреттілігінің деңгейінің төмендігі, бұлардың барлығы келешек мамандардың кәсіби бағытталған оқуларының тиімділіктерін төмендетеді. Уақыттың аздығы жағдайында оқытудың тиімділігін көтеру мақсатында оқытудың қолайлы моделін іздеу проблемасы өте өзекті болып келе жатыр.

Оқылымды оқытудағы педагогикалық қарым-қатынастың ерекшелігі өзара әрекеттесу сипатымен өзгешеленеді: оқылымды оқыту барысында байланысу жазбаша және ауызша мәтіналды тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Бұл тапсырмалар, нұсқаулар, тесттер және кілттер өзін-өзі бақылау үшін оқытушымен нақтылы әдістемелік мақсатта жасалады. Оқытушы олардың көмегімен студенттердің мәтінді түсінуін басқарып, оған баға қойып, оның мазмұны және мағынасын тиісті түрде түсіндіріп береді.

Дегенмен бұл оқылымды оқыту бойынша педагогикалық қызмет студенттер және оқытушының ауызша қарым-қатынасын пайдаланбайды дегенді білдірмейді. Оқылымға оқыту мәтіннің негізіндегі айтылымға үйретумен сай келеді, демек, оқылымды оқыту процессіндегі педагогикалық қарым-қатынасы оқылымға және айтылымға тән формаларын қосу қажет [1; 35].

Оқылымға оқыту кезіндегі педагогикалық қарым-қатынасты жанамалық (мәтін арқылы) және тікелей коммуникативті оқытушы мен үйренушінің әрекеттесуі деп анықтауға болады. Бұл процессте оқылым дағдылары мен икемділіктері қалыптасады, дамиды және жетіледі.

Филолог емес маманның тіл дайындығының сапасын арттыруының басты жолы ретінде оқу барысын қарқындату туралы мәселе 80-ші жылдары дами бастады. "Оқу барысын қарқындату" ұғымы психологиялық аспектісі, жадының үлкен резервтерін қолдану және оқу материалының енгізуінің ұтымды әдістері мен келесі оның бекітілуімен сипаттай алады. Негізінен, шет тілдерін оқыту процессінің қарқындауы үш негізгі бағыттар бойынша өтеді: қалыптасып қалған дәстүрлі жүйенің жетілу жолымен (саналы-салыстырмалы, саналы-тәжірибелі әдіс), жаңа оқыту әдістері (қарқынды) мен дәстүрлі әдістердің үйлесу жолымен және дәстүрлі әдістерді жаңа әдістерге ауыстыру арқылы [2; 14].

Жоғарғы оқу орындарында шет тілдерін оқытудың жаңа тиімді әдістерінің жасалуына аса қажеттілік болашақ мамандардың шет тілін қанағаттанарлықсыз деңгейде меңгергендіктерінен туды. Г.Н.Аксенованың жоғарғы оқу орындарында шет тілдерін оқыту әдісін тәжірибелік талдаудан өткізуі бұл тезистің дәлелі болды. Сауалнама әдісімен 1978 -1985 жылдар аралығында 200 астам перифериялық жоғарғы оқу орындары зерттелді. Сауалнаманың нәтижесі, жоғарғы оқу орындарының түлектері кәсіби әдебиеттерді сөздікпен оқып, аударып, жаттап алған тұрмыстық тақырыптарды айтып, бірақ түсінгендерін жазбаша түрде баяндауға қиналатындықтарын көрсетті. Олар ауызша қарым -қатынасқа түсе алмай: ауызша сөйлеуді қабылдауға және шет тілінде өз ойын тұжырымдауға қиналады. Сонымен бірге айтылым дағдылары тексерілгенде өте төмен нәтиже алынған.Өз мамандығы туралы әңгімелеп беруге қиналып, оқытушының сұрағына басым көпшілі жауап бере алмай, тек студенттердің 10— 20% ғана тапсырмаларды орындай алады екен [3; 316].

Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған шет тілі бағдарламаларында жоғарғы оқу орындарында "шет тілін оқытудан, игеруге ауысқанын, оларды тәжірибеде қолдануы және керекті мәліметті алу, алмасу көзі ретінде мамандардың қажеттілігіне ерекше көңіл аударған, яғни студенттер шет тілін тәжірибеде қолдана білу керек.

Демек, шет тілін лингвомәдени танымдық өзара әрекеттесу құралы ретінде қолдану икемділіктерін қалыптастыратын жаңа тиімді әдістер қажет. Бұл бағыттағы соңғы лингводидактикалық зерттеулер, жоғарғы оқу орындарында шет тілдерін оқыту процессінде кәсіби іс-әрекеттерге көбінесе күрделі оқытуды талап ететін оқу ситуацияларын кеңінен қолдануын қарастыруда. Қорыта келгенде, тілдік емес жоғарғы оқу орындарында шет тілін оқытудағы кәсіби бағыт бағдарламаның талабы болып басым тұрғызылды.

Жоғарғы оқу орындарында әртүрлі профилді мамандардың кәсіби бағытталған оқылымды оқытуға арналған әдістер жүйесін жасаудың тәжірибелік маңызы аз емес. Мамандардың кәсіби тіл дайындығын қарқындату мәселесінің шешімінің бірі бұл қажетті арнайы лексиканың көлемін өсіру және оны тиімді меңгеру болып табылады. Мамандық бойынша әдебиетті оқу үшін, мықты лексикалық базаны құру үшін, оқу сөздіктері қолданылады. Олардың негізінде профилдік тіл лексикасын статистикалық талдаудың жолымен құрылған жиі кездесетін сөзден құралған сөздіктер тұрады.

Кәсіби бағытталған оқылымның мағыналық базасы болып болашақ маманның тілдік деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы мәтіндер болып табылады. Олар қазіргі заманың лингвистикалық және лингводидактикалық тұжырымдамасында басты ұғым болып келеді. Оның баяндалуына көптеген Богин Г.И., Караулов, Халеева И.И. сияқты ғалымдар еңбектерін арнаған. Халеева И.И. қазіргі лингводидактикалық ғылыми айналымға тілдік тұлғаның қосымша ұғымын енгізді, оның алдында "басқа тілдік әлем бейнесінің ортақтығы туралы білімдердің нақтылы жиынтығына ие болу", яғни когнитивті деңгейге шығу міндетті тұрады, бұл тек қана кәсіби бағытталған мәтіндерді оқуға тән болады.

Жоғарғы оқу орында шет тілін жетік меңгермеген жағдайда, тезаурусты құруда, сонымен қоса кәсіптік тезаурусты құрудың өзіндік ерекшеліктері болады. Солардың ішінде ең басты роль үйреніп жатқан тілдің

тұжырымдамалары мен құндылықтарын салыстыруының арқасында өз туған еліңнің мәдениетін иелену [4; 159].

Қосымша тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейдің құрылу әдістемелер қолдануға келгенде, онда олар басты принциптермен арақатынас орнатады. Ол үшін оған келесі ережелер тән: сөйлеу әрекетінің барлық түрінің және тіл амалдарын оқытудың коммуникативтік бағдары, білімгерлердің сөйлеу белсенділігін ынталандыру, оқытуды жекелеу, сөйлеу құралдарының функцияналдық ұйымдастырылуы, оқылым процессінің ситуациялық ұйымдастырылуы, оқу материалының жаңашылдығы мен ақпараттылығы [5; 92-99].

Болашақ мамандарға шет тілін оқыту тәжірибелік курсы, қарқынды коммуникативтік икемділіктерді қалыптастыруға бағытталған компонентерде құрылу қажет, бірақ өкінішке орай, К.С.Махмурян әділ белгілегендей, «тәжірибеде іс жүзінде айтылған мақсаттарға біз объективті және субъективті себептерге байланысты қол жеткізе алмаймыз, дәлірек айтсақ, олар: жоғарға оқу орындарында оқу сағаттарының жеткіліксіз саны, ескі оқулықтардың қолданылуы және оқытудың жаңа педагогикалық технологияларымен таныс болмау, материалды-техникалық базаның әлсіздігі, жаңа технологияларды еңгізуге шаманың жетпеуі» [6; 405].

Жоғарғы оқу орындарында сонымен қатар шет тілі курсы білім және тәрбие беру мақсаттарының жүзеге асуын ұйғарады. Мамандардың мәдениаралық кәсіби маңызды ақпараттармен алмасуына, халықаралық конгресстер мен симпозиумдарда кәсіби және ғылыми байланысты жүзеге асыруға дайындықтары байқалады.

Оқыту мақсаттарын табысты ұйымдастыру және сонымен қатар тілдік дайындықтың тәндік мазмұнын өңдеу үшін, шет тілін оқыту процессін реттейтін дидактикалық қағидаларды негізге алу керек.

іс-әрекетті саналы түрде басқаруға, мәселелердің шешімдерін шығаруға және өмірдің әр саласында кездесетін жағдаяттар төңірегінде сол салаға сәйкес келетін стратегияны қолдануға мүмкіндік жасайтын білім жиынтықтары мен жеке бас ерекшеліктерін бағалайтын мазмұнға ие болды.

Модернизациялану үрдісіндегі маңызды қадамдардың бірі, 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47- мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болғанын атап айтуға болады[4].

**Ішкі факторлар.** Жаһандану үрдісінің қарыштап қадам ала бастауы, жаңа уақыт пен заманауи қажеттіліктердің пайда болуы шетел тілін оқыту әдістемесінің қайта қаралуы тілдің рөлі мен функциясының өзгеруіне әкеліп соқтырды. Шет тілінің(ағылшын тілі) өмірдің барлық салаларында, бизнесте, білім беру жүйесінде, кәсіби және тұлғааралық қатынаста үздіксіз тұтынылуы, ең алдымен, шетел тілін дәстүрлі оқыту әдістемесінен бас тартуға әкеліп соқтырған еді[5]. Нәтижесінде, дәстүрлі оқыту әдістемесінің орнына жаңа әдістемелік бағыттар, ұстанымдар мен тәжірибелер кіре бастады. Мәдениетаралық құзіреттілік мәселесінің әлі де болса бір қалыпқа түспегенін ескере отырып, келесі мәселелер отандық шетел тілін оқыту жүйесінде орныққандығын айта кеткен жөн:

- Мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілік мәселесі ерекше көзқарасты талап етеді, себебі ол коммуникацияға қатысты барлық ауқымды мәселерді қамтиды;
- Шетел тілін оқытудың басты мақсаты-тілді қарым-қатынастың толыққанды және бірегей құралы ретінде оқыта алу;
- Шетел тілі- коммуникативті құзіреттіліктің бірден-бір құралы бола отырып, қарым-қатынас орнату барысында нақты мақсаттар қоя білуге, тілдік формаларды ұстану стратегияларына қол жеткізуге, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдаяттарында тілдік этикет нормаларын және әлеуметтік жалпыға ортақ қағидаттарды сақтай білуі;
- Шетел тілін оқыту технологияларының дамуы мен оптимизациялануы- шет тілін ана тілімен және мәдениетімен салғастыра отырып оқытуды көздейді.

Осылайша, отандық білім беру , оның ішінде, шетел тілін оқыту жүйесі модернизациялану үрдісіне еніп, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік мәселесінің актуалдылығын ескере отырып, шетел тілін оқыту мен бағалаудың жаңа әдістемесіне көшу қажеттілігін нақтылайды. Оның мазмұнына:

**Тұлғаға бағытталған тәсіл-күн сайын өзгеріп жатқан заман талаптарына жауап беретін, дамыған, көзі ашық, өз бетімен шешім қабылдай алатын адам тәрбиелеп шығару;**

**Құзыреттілік-біліктілік тәсілі**-мұндай тәсіл көбіне тәжірибелік бағытта қолданылып, оқыту процесі кәсіби дәрежеге жету мақсатын көздейді;

**Коммуникативті немесе когнитивті тәсіл**-танымдық және коммуникативтік қызметтердің тәрбие мен оқыту саласында басты орынға шығуында;

**Мәдени немесе әлеуметтік-мәдени тәсіл**-білім беру екі мәдениетті салыстыру процесі арқылы жүзеге асады.

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. М.,1990
2. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). М.,1997
3. Европейская система уровней владения иностранным языком //Сайт «Физтех.ру».  
[URL:http://www.lang.mipt.ru/articles/european\\_levels.html](http://www.lang.mipt.ru/articles/european_levels.html)(дата обращения: 15.09.2013).
4. <http://www.iqaa.kz/kz/bolon-protsesi/aza-standa-y-bolon-protsesi>
5. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М.,2008.

#### **Резюме**

В последние годы особенно возрос общественно-политический и научно-педагогический интерес к проблемам межкультурного общения, развития так называемого «диалога культур». К настоящему времени межкультурная коммуникация как адекватное понимание друг друга принадлежащими к разным национальным культурам участниками коммуникативного акта выделена в особый объект научного изучения и педагогической практики[1]. Различные аспекты межкультурной коммуникации, в частности использование иностранных языков в качестве средства формирования социокультурной компетенции у людей, принадлежащих к различным национальным и культурным общностям, стали предметом многочисленных научно-педагогических исследований. Несмотря на то что социокультурная компетенция нередко рассматривается как один из компонентов коммуникативной компетенции, в последнее время ее стали выделять в качестве самостоятельной цели образования, связанной не только с коммуникативными умениями на иностранном языке, сколько с готовностью и способностью жить и взаимодействовать в современном поликультурном мире.

В статье описываю внешние и внутренние факторы, обуславливающие актуальность проблем межкультурной коммуникации в сфере преподавания иностранных языков. Также подчеркиваю

необходимость перехода к новой методологии изучения и преподавания иностранных языков в рамках модернизации отечественной системы образования.

**Ключевые слова:** межкультурная коммуникация, изучение и преподавание иностранных языков, новая методология, модернизация системы образования, внешние и внутренние факторы.

### **Resume**

In recent years especially political, scientific and pedagogical interest in problems of cross-cultural communication, development so-called "dialogue of cultures" increased. So far cross-cultural communication as adequate understanding of each other the participants of the communicative act belonging to different national cultures is allocated in special object of scientific studying and student teaching [1]. Various aspects of cross-cultural communication, in particular use of foreign languages as means of formation of sociocultural competence at the people belonging to various national and cultural communities became a subject numerous scientific and pedagogical research. In spite of the fact that sociocultural competence quite often is considered as one of components of communicative competence, recently its began to allocate as the independent purpose of education, connected not only with communicative abilities on foreign language, how many with readiness and ability to live and interact in the modern polycultural world.

The article focuses on inner-and outer-factors that make multicultural communication an urgent and crucial issue in foreign language learning and teaching. The necessity of adaptation of a new methodology in foreign language learning and teaching in terms of modernization of the educational system in Kazakhstan is explained.

**Key words:** multicultural communication, foreign language learning and teaching, new methodology, modernization of the educational system in Kazakhstan, inner and outer factors.

УДК 81:001.12/.18

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бакитгуль Е.Б.**- *«Аударма ісі» мамандығы 2 курс магистранты,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,  
Көптілді білім беру институты,  
«Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және  
аударма ісі» кафедрасы*

### **Аңдатпа**

Мақалада қазақ тіліндегі екі (көптілді) медициналық аударма және түсіндірме сөздіктердің маңыздылығы, жасалу қағидаттарындағы ерекшеліктері және сөздіктерде медициналық терминдердің тәржімелерінің берілу мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** лексикография, медициналық терминология, көптілді медициналық аударма сөздіктер, дублеттер, жарыспалылық, синонимия, көпнұсқалалық, медициналық аударма сөздіктер, эпонимдер сөздігі

Терминологиялық сөздіктердің, соның ішінде медициналық аударма сөздіктердің қажеттілігі көп уақыттан бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Өйткені, соңғы он – жиырма жылдықтар көлемінде медицина саласының қарқынды дамуы, клиникалық тәжірибе және ғылыми - зерттеу жұмыстарында заманауи ақпараттық - техникалық әдістерді пайдалану мамандардың медицина және молекулярлы биология, психология, генетика және де басқа ғылым түрлерінен терең білімі болуын талап етеді. Бұның бәрі медициналық лексикаға өз әсерін тигізбей тұрмайды. Медицина саласындағы халықаралық байланыстар мен тәжірибе алмасу үдерісі шетел тілдерінде еніп жатқан жаңа ақпараттық қордың қазақ тіліндегі барабар аудармасын керек етеді. Бұл тенденция өзгеше сөздіктерді құрастыруға негіз болады. Заманауи медициналық әдебиеттер соңғы онжылдықта қолданыста жүрген жаңа терминдерді қамтиды. Әлбетте, бұрынғы бірсыпыра терминдер жаңа немесе қосымша мағынаға ие болса, кейбіреулері көнерген сөздер қатарында қалып жатыр.

Мақалада 1990 – 2015 ж.ж. аралығында жарық көрген бірнеше медициналық және іргелес салалардың көптілді (ағылшынша – қазақша, орысша – қазақша, ағылшынша – орысша – қазақша, ағылшынша – орысша, т.с.с.) сөздіктеріне шолу жасалды және олардың ішінде мамандарға, студенттерге, аудармашылар және ғалымдарға қажетті медициналық терминдерді қаншалықты меңгеруге немесе олардың барабар аудармасын беруге тиімділігін анықтауға тырысамыз.

Ақпараттық жүйе дамыған сайын, білім көзін алудың әдістерінің, әсіресе сөздіктердің орны маңызды. Арнайы лексикалық сөздіктер – терминологияның бірден бір құралына айналып отыр. Сол себепті бүгінгі таңда терминологиялық сөздіктердің ролі мен пайдалану аясы кеңейіп, саны да өсіп келеді.

XX - шы ғасырдың аяғынан бастап, қазіргі кезеңде медицина және онымен іргелес салаларда Жандар Керімбектің «Физиология атауларының орысша – қазақша түсіндірме сөздігі» (1992), И.А. Құлмамбетовтың «Стоматология терминдерінің орысша – қазақша түсіндірме сөздігі» (1991), А.Рақышевтың «Анатомия терминдерінің сөздігі» (1994), Ә.Әбутәліповтің «Индеттану терминдерінің орысша – қазақша түсіндірме сөздігі» (1995), Қ.Дүйсенов, Д.Төребаеваның «Жұқпалы аурулар мен эпидемиология кафедрасында жиі кездесетін клиникалық терминдердің қысқаша орысша – қазақша сөздігі» (1995), Ә.Нұрмұхамбетов, М.Ахметовтың бірлескен авторлығымен «Патофизиологиядағы медициналық атаулар сөздігі» (1998), Т.Момынов, А.Рахышев, Г.Ақжігітовтің «Ағылшынша – қазақша медициналық сөздігі» (2003), Г.К.Аяпбергенованың «Медицина лексикасының ұялы әдіспен жасалған сөздік» кітапшасы (2006), М. Ахметовтың «Медициналық терминдер сөздігі» (40 мыңға жуық термин қамтиды) (2009), Т.Т.Аяпова, Т.Қ.Жұмажанова, Ш.Құрманбай, З.С.Әбілдаева, Ж.Ә.Тутбаеваның «Ағылшынша – қазақша тақырыптық сөздігі» (2010), Ш.Құрманбайұлының «Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» (2013) атты еңбегі, А.Құсайынов редакторлық басқаруымен басылып шыққан «Қазақша – орысша, орысша – қазақша терминологиялық сөздік: 13 – том. Химия, 14 – том. Биология, 15 – том. Медицина» (5000-нан астам термин) және Мемтерминком бекіткен терминдер сөздігі жарыққа шығып, қазақ салалық терминологиясына елеулі үлес қосуда.

Әрбір сөздік бегілі бір мақсатпен жасалады. Мысалы, ағылшынша - қазақша немесе қазақша - ағылшынша, ағылшынша - орысша - қазақша және латынша-қазақша қостілдік медициналық сөздіктер мамандарға (дәрігерлерге) студенттерге, аудармашылар және ғалымдарға қажетті медициналық терминдерді меңгеруге немесе медициналық мәтіндердің барабар аудармасын беруге септігін тизеді. Аударма тіліндегі (қазақ - ағылшын/орыс - қазақ/ағылшын - орыс) терминнің аударылатын тілдегі терминге дәл баламасын әлде болмаса барабар тәржімесін табу – кез-келген маманға оңай тимесі анық. Бұл мәселенің бірнеше себептері бар.

*Біріншіден*, көптілді медициналық терминологияның біріздендірілмеуі салдарынан синонимдік және полисемия құбылыстарының байқалуы. Алайда, XX – XXI ғ.ғ. шеңберінде кейбір тіл мамандар «бір ұғым – бір термин» қағидатқа қарсы жаңа пікір айтып жүр.

*Екіншіден*, қос тілдегі медициналық терминдердің кірме терминдерге басым болуы: ағылшын тілінің латын – грек төркінді, ал қазақ тілінің орыс

тілінен енген терминдер мен «делдал» – орыс тілі арқылы енетін халықаралық терминдердің басымдылығы.

*Үшіншіден*, ағылшын медициналық терминдерінің арасында қазақ тілі мәдениетіне тән емес термин – реалийлердің кездесуі.

Сөздік құрауда терминдер қатары маңызды рөл атқарады. Себебі терминдер қатары – бір реттік қатарда орналасқан бүкіл терминдер ұғымының жиынтығын құрайды.

Мақалада бірнеше авторлардың 4 еңбегі зерделенді. Алғашқы талқыланатын сөздік – мемлекетіміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жарық көрген салалық – физиологиялық терминдерінің сөздігі қазақ тіліндегі бірден - бір сөздіктің түрі.

Сөздік Ж.Е. Керімбековтің «Физиология атауларының орысша – қазақша түсіндірме сөздігі».

Физиология атауларының орысша – қазақша түсіндірме сөздігі 3000 –ға жуық физиологиялық терминдер және биология, анатомия, тағы да сол сияқты терминдерді қамтиды. Түсіндірме сөздікте кез-келген терминнің терминдік қатары беріліп, түсініктемесі көрсетіледі.

Сөздікке терминдер әліпби ретімен тізбектеліп, олардың қазақ тіліндегі баламалары (немесе калькалары) және түсініктемелері берілген.

Мысалы:

*Брюшина* – *iш пердесі (peritoneum)*, құрсақтың қабырғасын іштей тыстап және ішкі ағзаларды толық, немесе жартылай орап тұратын перделер. І.п. өзінен сарысу шығарады, тосқауылдық қасиеті бар.

*Гусиная кожа* – *құс терісі (cutis anserinus)*. Дене суықтан түршіккенде және қорыққан кезде теріні түрпідей бүртіктер қаптап кетеді. Жүнін жұлған тауық терсінідей болып қалады. Ондай жағда тері түктері түбіндегі бұлшық еттердің жиырылуынан пайда болады [1: 40,81].

Физиология атауларының орысша – қазақша түсіндірме сөздігінің бір ерекшелігі – кейбір эпонимдік терминдердің түсіндірмесін беру барысында эпоним – сөздер жөнінде қысқаша анықтама беруінде.

Мысалы: *Флексига пучок* – Флексиг будасы (Р.Е.Flehsig 1847 – 1929 нем. неврологі), жұлынның алдыңғы сабауының негізгі будасы. Ф.б. рефлекс доғасының афференттік будасына жатады [1: 259].

Дегенмен, талдауды автордың сөздікке берген алғы сөзінен алынған келесі үзіндімен қорытындылауға болады: «...физиологиялық түсіндірме сөздіктің бірінші рет құрастырылуына байланысты мұнда терминдер толық қамтылды және кемтіксіз дей алмаймыз...».

Екінші қарастырылатын сөздік Т.Момынов, А.Рахышев, Г.Ақжігітовтің «Ағылшынша – қазақша медициналық сөздігі».

Сөздік 60 000 – дай медицинаның теориялық, клиникалық бөлімдері, медициналық техникаға байланысты ұғымдармен қоса, іргелес ғылым салалары – молекулалық биология, биохимия, генетика терминдерін



қамтиды. Сөздіктің функционалдық маңызы туралы авторлардың пайымдаулары: «...ұлтаралық түсініктерді ұлғайтып, білім алуда дүние жүзінде жиі қолданылатын ағылшын тіліндегі медициналық терминдердің мән – мағынасын ана тілі арқылы түсінумен бірге, шет елдіктердің мемлекеттік тілді үйреніп, білуіне ұйтқы болады».

Сөздіктің құрылымына қатысты ерекшелік – әліпби ретімен тізімделген дара термин қажетті ұғымды іздестіру жұмысын жеңілдетеді. Ал, тірек терминмен байланысатын термин тіркестер немесе тұрақты тіркестер, сонымен бірге туынды сөздер (деривативтер) тізбектеліп, лұғаттық мақаламен беріледі. Екінші артықшылығы – ағылшын тіліндегі терминнің қазақ тіліндегі қосымша аударма нұсқалары араб цифрымен көрсетілген.

Мысалы:

*dress* (жараны) байлау, таңу

*to d. in splits* шина салу немесе гунспен орау

*dressing*

1. таңатын материалдар; таңғыш; қайта таңу

2. (жараны) таңу; таңғыш балау

*to do a d. жараны таңу, т.б.* [2:180, 181]

Байқағанымыздай, мысал ретінде алған *dress* терминінің бір (1) туынды сөзі (*dressing*), екі (2) тұрақты сөз тіркесі және он жеті (17) термин тіркестері енгізілген. Бұл үрдіс аудармашы немесе кез – келген сөздікті қолданатын маманға медициналық мәтінмен жұмыс жасау үшін өте ыңғайлы әрі жеңілдік береді.

Г.К. Аяпбергенованың «Медицина лексикасының ұялы әдіспен жасалған сөздігі» қазақша – орысша нұсқасымен және әліпби ретімен берілген термин және термин сөз тіркестерін қамтиды. Мысалы: *бөртпе – сыпь, прыщ, высыпание; бөртпе сүзек – сыпной тиф* [3:7]

Сонымен қоса, сөздікте контекстке байланысты негізгі терминмен тіркесе алатын қосымша сөздер ұялы әдіспен жинақталып, орыс тіліндегі балама аудармасы немесе халықаралық қабылданған терминдік нұсқасы берілген.

Мысалы:

*буын – сустав*

*аяқтың буынын шығарып алу, буынды шығару – вывихнуть*

*буынға қан құйылу – кровоизлияние в суставе, гемартроз*

*буын қабыну – воспаление сустава* [3:7] тағы сол сияқты нұсқалары

бар.

Автордың сөздікті құрастыру жұмысындағы бір ерекшелігі – кейбір терминдердің қолданыста жүрген жарыспалы нұсқалары қосымша етіп беріліп, олардың орыс тіліндегі баламалары да кіріктірілген. Мысалы: *у, зәр – яд, токсин; мертігу, зақымдану, жарақаттану – увечье, повреждение, ранение* [3:26, 35]

Г.К. Аяпбергенованың «Медицина лексикасының ұялы әдіспен жасалған сөздік» атты еңбегін талдауды қорытындыласақ: сөздіктің *тиімділігі* – медицина тілінде қазақша сөйлеуге ұмтылған адамдар бір сөзден ұялы әдіс бойынша тарамдалған көптеген сөз тіркестерінің жиынтығы біле алады.

Соңғы талданатыны М. А. Ахметовтың «Медициналық терминдер сөздігі» Орысша – қазақша – ағылшынша аударма сөздігі 40 мыңға жуық терминді қамтиды.

Автор: «*Орысша – қазақша – ағылшынша медициналық терминдер сөздігі* медицинаның барлық салалары бойынша негізгі терминдерді қамтиды. Сөздік медицина колледждерінің және медициналық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай – ақ дәрігерлер мен медик ғалымдар қауымына арналған.» – деп түсініктеме береді.

Сөздіктегі орыс тілінің терминдері әліпби ретімен орналасқан. Сөз тіркестері (анықтаушы және тірек сөздер) әліпби – ұялы түрде жүйеленген.

Мысалы: *Сливкообразный гной* термин сөз тіркесін табу үшін, *гной (ірің)* тірек сөзі арқылы іздеу қажет.

Қазақ тіліндегі аударма нұсқасында кейбір терминдерге түсініктеме беріліп, курсив арқылы жақшаға алынған.

Елімізде немесе алыс – жақын шетелдердегі баспалардан шығып, жалпы қолданыста жүрген екі – үш тілді (ағылшынша - қазақша, орысша - қазақша - ағылшынша, ағылшынша - орысша, орысша - ағылшынша ) және түсіндірмелі медициналық терминологиялық сөздіктермен бірге іргелес салалық терминологиялық сөздіктерді салыстыру барысында аударма терминдердің *варианттылығы* және қос тілде де сөздердің *жарыспалылық құбылысы* кездесетіндігі анықталды.

Бүгінгі таңда қолданыста жүрген екі (көптілді) медициналық терминдер сөздіктері салалық аударма терминологиясы және терминографияның теориялық мақсаттарының әлі де болса шешімін таппағандығын (орысша - қазақша - ағылшынша, ағылшынша - қазақша, қазақша - орысша) дәлелдейді.

Сөздіктерде ағылшын тіліндегі медициналық терминдердің көбінесе бір нұсқасы ғана беріледі, ал қазақ тіліндегі сөздіктерде екі, үш, кейде одан да көп нұсқалары көрсетіледі. Кей жағдайда термин аудармасының халықаралық термин нұсқасымен қатар төл терминдердің де пайдаланылуы байқалады.

Қорытындылай келе, елімізде қолданыста бар екі (көптілді) медициналық аударма сөздіктерді талдау барысында байқалған құбылыстардың бірі – сөздіктерде, тіпті мемлекеттік терминологиялық комиссия бекітіп берген терминдер балама аудармасы бола тұра, тәжірибеде әлі де бұрынғы шет тіліндегі нұсқасы қолданылып келеді. Десекте, сала мамандарымен бірлесе отырып, тіл мамандары өз тарапынан жасаған еңбектердің нәтижесі бар деп атуға болады.

Медицина – адам өмірінің ажырамас бөлігі, қоғам қажеттілігінен туындаған ғылым саласы. Заманауи ғылым мен техника ғасырындағы қарқынды даму кезінде әр елде әртүрлі жаңалықтар ашылып жатады. Еліміздің медицина саласының мамандары шетелге барып, ондағы әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік туды. Әсіресе медицина жөніндегі тың ақпараттар еліміздегі бұл саланың дамуына айтарлықтай үлес қосары сөзсіз. Алайда, мамандар арасында мәдениетаралық арақашықтың, қазақ тіліндегі және ағылшын тілді елдерде медициналық терминологияның әртүрлі қабылдануы салдарынан өзара түсініспеушілік туындап жататыны белгілі. Міне, осы мәселені шешу мақсатында, лингвомәдениетті қамтитын қос тілді медициналық этимологиялық сөздіктер құрау қажет.

Сонымен қоса, көптілді медициналық эпонимдер сөздігі, медициналық метафора және метонимия және медициналық неологизмдер сөздіктерін жасау жұмысы да өз кезегін күттірмейтін мәселе деп білеміз.

1. Ж.Е. Керімбеков «Физиология атауларының орысша – қазақша түсіндірме сөздігі». Алматы: Қазақстан, 1992. – 280 б.
2. Т.Момынов, А.Рахышев, Г.Ақжігітов Ағылшынша – қазақша медициналық сөздік. – Алматы: ЖШС «Кітап баспасы», 2003. – 600 б.
3. Г.К. Аяпбергенова «Медицина лексикасының ұялы әдіспен жасалған сөздігі». Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы, Алматы әкімдігінің «Тіл» оқу – әдістемелік орталығы. – Алматы, 2006. – 40 б.
4. М. А. Ахметов «Медициналық терминдер сөздігі». Орысша – қазақша – ағылшынша (40 мыңға жуық термин). – Алматы: Дайк – Пресс, 2009. – 800 б.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются проблемы создания двуязычных (полиязычных) и толковых медицинских словарей на казахском языке, особенности и значения при их составлении, а также передача медицинских терминов на казахский язык авторами словарей.

**Ключевые слова:** лексикография, медицинская терминология, полиязычные медицинские словари, дублеты, вариативность, синонимия, медицинские переводные словари, словарь эпонимов

### **Resume**

The article deals with the problems and importance of compiling bilingual (multilingual) medical dictionaries and the ways of rendering the medical terms into the Kazakh language by the authors of the dictionaries.

**Keywords:** lexicography, medical terminology, multilingual medical dictionaries, doublets, variability, synonymy, dictionary of eponyms

ӘОЖ 378.016:811.111

**ТІЛДІК ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ  
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ  
ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЯСЫ**

*Дүйсенбай С.Д., 2 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Нұрғожина Ш.И.ф.ғ.д., профессор  
Абай атындағы ҚазҰПУ Шетел тілі: екі шетел тілі*

**Аңдатпа**

Қазақстан Республикасының бүкіләлемдік білім беру және информациялық аясына кіруі заманауи көпмәдениетті әлемге еркін бейімделе алатын, оның құндылығы мен мағынасын ұғына отырып, оны жеке өмір сүру жағдайында ішкі және халықаралық өзге кәсіби бірлестіктерде қарым қатынасын жоғары дәрежеде орната алатын маманның тұлғалық қалыптастырудың жолдарын қарастырумен тікелей байланысты [1]. Осыған орай, Жоғарға Оқу Орындарына өз және өзге мәдениеттерді әмбебап және ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның аксиологиялық ұстанымдарын дамытудан құралған мәселелер мен міндеттер кешені жүктеліп, қоғамдық құндылықтың күшеюі – адам өмірін ауқымды түсіндіруші феномендермен байланысты, полифониялық көзқарас пен білімнің, сезім мен шығармашылық әрекеттерінің өзара үйлесімдігін қамтамасыз ететін білім беру мазмұнының жалпымәдени бағыты тұр. Кіріктірілген кәсіби құзіреттіліктер негізінде дайындық сапасын жақсарту мен өзге мәдениет өкілімен қарым қатынас орнату негізінде маманның коммуникативтік қабілет диапазонын кеңейту керек болып отыр. Аталмыш мәселе мәдениет динамикасының жаһандануына байланысты болашақ маманның әлемдік кәсіби аясына ыңғайлана алуын қалыптастыруын көздейді.

**Тірек сөздер:** шеттілдік білім беру, кәсіби құзіреттіліктер, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік, мәдениет диалогы, оқыту әдістемесі, бағалау, бағалау критерийі.

Тілдік қарым-қатынас өркен жая келе міндетті түрде мәдениеттер қарым-қатынасына әкеледі. Демек, тілді оқыту мен үйрету әдістемесінде мәдениеттер сұхбатын қатар қарастыруымыз керек. Мәдениеттер сұхбатының табысты жүруі үшін тілдесушілер бір бірінің тілімен қоса дәстүрлі мәдениетінен де хабардар болуы тиіс [2]. Сондықтан да «тіл мен мәдениет» арақатынасы көптеген ғалымдардың ежелден на-

зарына ілігіп, олардың аса қызығушылықпен зерттейтін ғылыми нысандарына айналып келеді. Жекелеген пікірталастарға қарамастан, бұл тақырыпқа ғалымдардың ықыласы соңғы жылдары ерекше артып, оны философтар да, лингвистер де, мәдениеттанушылар да, тілді өзге тіл ретінде оқытатын оқытушы-әдіскерлер де ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруда [3].

Осыған байланысты әдістеме ғылымында ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін сөйлеу әрекеті түрлері бойынша, олардың ішкі салаларына қарай, деңгейлік оқыту негізінде, кәсіби бағдар негізінде жүйелеу әрекеті аса өзекті ғылыми мәселеге айналып отыр [4]. Біз сол аса күрделі, ауқымды тақырыптан ағылшын тілін игерту бағырысында мәдениетаралық коммуникациялық құзіреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу нысанымыз етіп алдық. Өйткені қазіргі кезде халықаралық қатынастардың күшейіп, соған байланысты халықтар арасындағы өзара түсіністік ахуалының алдыңғы қатарға шығуы және Елбасының «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Жолдауына сәйкес бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу талабы ағылшын тілін оқытуда тіл мен мәдениет мәселесінің арақатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің өзара түсіністік, ынтымақтастық жағдайында қалыптасуының ары қарай өрбуіне айрықша маңыз беруді қажет етеді [5]. Сонымен бірге бұл талап оқыту үрдісінде ұлтаралық және мәдениетаралық қатысымды негізге ала отырып, әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді сыйлап, құрметтеуге, айрықша ескеруге бағытталады. Себебі ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынаста әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшелікті ескеру – тілді өзге тіл ретінде оқытудың нәтижелі болуындағы басты шарттардың бірі ретіндегі әлеуметтік лингвистика мен лингводидактиканың басты талаптарының қатарына жатады. Әрбір адам басқа мәдениет өкілімен тілдесу үстінде өзінің туған елінің мәдениеті атынан сөйлейді, тілдік қатынас құралы ретінде өзінің ана тілін пайдаланады. Тілдесу үстінде адам өз халқының мәдениетін, ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы, әртүрлі тілдік құралдар мен ұлттық таным арқылы білдіреді [6].

Мәдениетаралық коммуникациялық құзіреттілікті қалыптастырудың осыншалықты күрделі құрылым болуына байланысты, ЖОО студенттерінің тілді қаншалықты жетік меңгеріп коммуникативтік қабілеттіліктерін қолдана алуын бағалау критериилері Еуропалық бағалау жүйесінде көрсетілген. Және ол төмендегі кестелерде жан-жақты бағаланып түсіндіріледі:

Еуропалық бағалау жүйесін құрастыру кезінде көптеген мемлекеттерде жан-жақты зерттеулер практикалық тәжірибеден өткізілген. Соның нәтижесінде бағалаудың сатыларын анықтаған, яғни әр сатының ерекшелігіне байланысты оқу үрдісін ұйымдастырып соған байланысты оқушылардан талап етілген критерийлерге сүйене отырып бағалау ұсынылады. Негізгі 6 ауқымды саты бар. Олар төменнен жоғары қарай базалық, орта және тәжірибелі сатыларынан тұрады. Сатылар жүйесі жалғасымды тармақтанады. Ол негізгі ауқымды А, В және С саты жүйеленін бастау алады[7].

А Бастапқы деңгей (Basic User)	А1 Түрткілеу сатысы (аман қалу) (Breakthrough)
	А2 Шектеулі саты (Waystage)
В Дербес игеру (Independent User)	В1 Бастапқы саты (Threshold)
	В2 Бастапқы тәжірибелі саты (Vantage)
С Еркін игеру (Proficient user)	С1 Кәсіби игеру сатысы (Effective Operational Proficiency)
	С2 Мүлтіксіз меңгеру сатысы (Mastery)

Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін қалыптасу деңгейін жалпыеуропалық бағалау жүйесі көмегімен оқу барысындағы курстардың айқындығын, әділеттілігін қамтамасыз етеді. Ал осы стандартты бағалау критерийлері өз кезегінде студенттердің мәдениетаралық коммуникациялық құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін емтихан арқылы бағалауда объективті критерийлер, білікті сипаттамалар ұсынады. Уақыт өте бұл критерийлерге әлі де өзгертулер ену мүмкіндігі бар.

Жоғарыда көрсетілген бағалау критерийін қолдану үшін оқытушының

мәдениетаралық коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыруына келесі міндеттерді қолдануы тиіс:

– жаңа тілдік құралдарды (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық) және шеттілдік қарым-қатынас жасауда оларды қолдануды меңгеру;

– коммуникативтік біліктіліктерді сөйлеу әрекетінің төрт түрінде – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым шетел тіліндегі қарым-қатынаста жүзеге асыру;

– студенттерге үйреніп отырған тілі негізінде сол елдің мәдениетіне, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына қатыстыру;

– шеттілді мәдениаралық қарым-қатынас жағдайында өз елін және оның мәдениетін таныстыра білу шеберлігін қалыптастыру;

– ақпаратты қабылдау кезінде тілдік құралдардың жетіспеушілігі жағдайында бейімделу шеберлігін қалыптастыру;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оқушыларға түсінікті тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып жалпы және арнайы іскерліктерді қалыптастыру мен жетілдіру;

– қазіргі заман жағдайында оқушылар шетел тілінің орнын, болашақ маман иесі ретінде аңғаруы, өзін-өзі бақылау, өзіндік талдау және тілдік коммуникативтік дамуын өзіндік бағалау стратегиясын меңгерту;

– алынған жалпы оқыту іскерліктерін, дағдылар және біліктерін оқу-танымдық құзыреттіліктерді дамытуға кіріктірілетін оқу және іс-тәжірибелік міндеттерді шешу мақсатында қолдану;

– ұлттық өзіндік сана сезімді, әртүрлі қоғамдастық адамдарының арасындағы өзара түсіністікке ұмтылысты және өзге мәдениет белгілеріне толеранттық қарым-қатынасты дамыту.

Шетелтілісабақтарындаоқушылардыңтұлғалыққасиетінқалыптастырудыңмаңыздыаспектісі «Мәңгілік Ел» идеясыніскеасыруболыптабылады:

– оқушыларбойындашетелтілініңқазіргіадамөміріндежәнекөпмәдениетті әлемдегірөлі мен маңыздылығытуралытанымқалыптастыру, шеттілінқолданудамәдениетаралыққарым-қатынастабасқахалықтарәлемі мен мәдениетінтануқұралыретіндежаңатәжірибежинақтау;

– азаматтық теңдікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриотизм мен мақтанш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын сезіну, тілдерді және мәдениеттерді меңгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;

– коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігіндегі деңгейіне қарай ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әр түрлі үлгіде тілді

таратушымен қарым-қатынаста қабілеттілігі мен дайындығын, коммуникативтік шешімдер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес барынша кең көлемде сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды тепе-тең пайдалану;

– ағылшын тілді елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қатынасын қалыптастыруды жалғастыру;

– ауызша және жазбаша қатынаста шетел тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шетел тілі пән мұғалімдеріне ұсынылады:

– оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);

– сипаттау дағдысын қалыптастыру үшін ақпараттармен жұмыс жасау, шетел тілінде сипаттама беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау;

– оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеуге үйрету.

1. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. – Алматы: ТОО Дом печати «Эдельвейс», 2005.

2. Сабит М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане // Тіл – рухани құндылық. Материалы республиканской научно-теоретической конференции. Алматы: «КИЕ» лингвоелдтану инновациялық орталығы, 2008.

3. Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2012.

4. Елбасының 2004 жылғы Жолдауы. [www.vvmvd.kz](http://www.vvmvd.kz)

5. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. Москва: «Русский язык», 1983.

6. Костомаров В.Г. Роль русского языка в диалоге культур // РЯЗР № 5/6.

7. [http://www.coe.int/t/dg4/linguistic/Source/Framework\\_EN.pdf](http://www.coe.int/t/dg4/linguistic/Source/Framework_EN.pdf)



## Резюме

Интеграция Казахстана в мировое образовательное и информационное пространство сопряжена с поиском новых путей формирования личности современного специалиста, способного свободно ориентироваться в поликультурном мире, понимая его ценности и смыслы, воплощая их в личностной экзистенциальной позиции и достойных образцах цивилизованного поведения в процессе взаимодействия с представителями других профессиональных сообществ как в нашей стране, так и на международном уровне. В связи с этим перед высшим образованием встает комплекс проблем и задач, которые включают: развитие аксиологических установок личности посредством ее обогащения универсальными и национально-специфическими ценностями своей и иных культур; усиление гуманитарности — общекультурного содержания образования, связанного с широтой понимания феноменов человеческой жизни, полифоничным мировидением и предполагающего гармонию знания, чувств, творческих действий. Необходимо расширение коммуникативного диапазона специалиста за счет взаимодействия с представителями других культур и повышения качества подготовки на основе интегративных профессиональных компетенций. Данные проблемы, преломляясь через контекст глобализации и культурной динамики, предполагают формирование у современного специалиста способности ориентироваться в мировом профессиональном пространстве.

**Ключевые слова:** иноязычное образование, профессиональные компетенции, межкультурная коммуникативная компетенция, диалог культур, методика преподавания, оценивание, критерии оценивания.

## Resume

The integration of Kazakhstan into the world educational and information space is associated with the search for new ways of formation of the personality of modern specialist able to freely navigate in a multicultural world, understanding its values and meanings, embodying them in the personal existential positions and worthy example of civilized behavior in the interaction with other professional communities both in our country and at the international level, other professional communities in our country and at the international level. In this regard, facing higher education raises complex issues and challenges, which include: the development of the personality of axiological systems through its enrichment of universal and national values of their specific and different cultures; improve human - general cultural education content associated with the breadth of understanding of the phenomena of human life, worldview and assumes

polyphonic harmony of knowledge, feelings and creative activities. Necessary to expand the range of professional communicative due to the interaction with other cultures and to improve the quality of training on the basis of integrative professional competencies. These problems are refracted through the context of globalization and cultural dynamics, involves the formation of the modern professional ability to navigate in the world of professional space.

**Keywords:** foreign language education, professional competence, intercultural communicative competence, cultural dialogue, teaching methods, evaluation, assessment criteria.

**УДК 82.03; 82:81'255.2**

## **СТРУКТУРНАЯ И СМЫСЛОВАЯ МНОГОМЕРНОСТЬ ПОЭЗИИ КАК ОБЪЕКТА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА**

**МИХЕЕВА Е. Д.**-магистрант, КазНПУ имени Абая  
*Институт полиязычного образования*  
[mikheevaed@mail.ru](mailto:mikheevaed@mail.ru)

*(Научный руководитель: д.ф.н., профессор Жумабекова А.К.,  
кафедра профессиональной иноязычной коммуникации и переводческого  
дела)*

**Аннотация** в данной статье выявлена взаимосвязь и взаимообусловленность формы и содержания, как критериев анализа и оценки аналога стихотворения в переводе, раскрыт многомерный характер поэтического текста, как объекта перевода.

Данная статья посвящена вопросу поэтического перевода в аспекте переводоведения, определению специфики структурных, стилистических и эстетических аспектов, как переводческой доминанты при переводе. Поэзия, как объект художественного перевода, осложнена многомерностью общих структурных и смысловых взаимосвязей, что влияет на процесс переводческой деятельности, выбор переводчика и качество переводного текста.

**Ключевые слова:** перевод поэзии, экспрессивный тип текстов, интертекстуальность, метафоричность, трехмерная проекция, материя песни, дихотомия.

Перевод художественных произведений, при сопоставлении с другими типами текстов (K.Reiss), является одним из наиболее сложных видов перевода, по причине того, что литературные произведения помимо структурной организации интертекстуальных взаимосвязей, осложнены

дополнительными экстралингвистическими, эстетическими и экспрессивными особенностями.

Так, поэзия относится к экспрессивному типу текстов, которые по определению, должны передавать эстетические и художественные особенности исходного текста. Главной целью переводчика в данном виде перевода является адекватная передача смысла, контекстуальных особенностей, стиля автора, а также основных отличительных характеристик стихотворного текста, обусловленных различными языковыми и культурными картинами мира, особенностями индивидуального авторского мировосприятия.

В связи с этим, не каждый специалист как в области перевода, так и в сфере литературы способен выполнить такого рода перевод. На данный момент существует необходимость в поэтических переводах высокого качества, которые не искажаются и передаются на языке перевода с большей степенью эквивалентности и адекватности. Поэзия представляет собой двухмерную структуру, обусловленную дихотомией, поэтому при переводе поэзии создание аналога исходного стихотворного произведения подчиняется требованиям художественности, правил стихосложения, степени раскрытия идеи и темы поэтического произведения, возможности прагматической адаптации не только лингвокультурной лексики, но и формы стихотворения, играющей значительную роль в сохранении целостности произведения и его адекватной передаче на переводящем языке, с близким к оригиналу воздействием на читателя.

Особая организация поэтических текстов накладывает дополнительные ограничения на переводчика. Экспериментальным путем доказано (В. Коллер), что метафоричность - одно из характерных свойств искусства вообще, более присущая поэзии, чем прозе, - наполовину утрачивается в переводе поэтических текстов. Сохранение единства формы и содержания, интонационно - ритмических свойств оригинала, связи его звучания и значения в переводе не всегда осуществимо из-за разницы в структурно - типологических особенностях, участвующих в процессе коммуникации языков.

В отличие от прозы, поэзия не является линейным текстом, она представляет собой сложное явление обусловленного дихотомным характером: «если нестихотворный текст - это как бы бесконечная прямая линия, по которой раскрывается перед нами «прозаическое» содержание, то стихотворный раскрывается рядом параллельных линий, каждая из которых, с одной стороны, продолжает предыдущую на уровне содержания, формируемого «прозаическими» средствами, а с другой - обнаруживает «формальную связанность» с остальными» - отмечает А.Л. Жовтис [1, 303] Данный аспект представляет дополнительную сложность при переводе, так как важным условием является передача не только формального, но и содержательного аспектов текста.

Юджин Найда, профессиональный переводчик и лингвист, отмечает, что «только в редких случаях удается воспроизвести и форму, и содержание в переводе, но в большинстве случаев переводчик жертвует формой ради сохранения содержания» [2, 125]. В данном случае следует отметить неоднозначность, многомерность стихотворения, как источника для перевода. Перевод поэзии, зачастую, рассматривается как феномен «интерлингвокультурной» и даже «интер-лингво-этно-психо-социокультурной» коммуникации. Будучи многогранной, поэзия также выступает как своеобразный симбиоз формы и содержания, с довольно сложной структурной организацией. Как итог, мы наблюдаем по определению академика Н. Балашова, «спациальный», «пространственный» или «трехмерный» текст, в отличие от «линейной прозы» [3]. Следует отметить тесную взаимосвязь и взаимообусловленность всех составляющих стихотворное произведение элементов. Поэтому наиболее удачными примерами переводов можно считать лишь те, в которых органично сочетается и «душа» стихотворения и форма, которая является по определению Г. Гейне «материей песни».

В переводе поэзии одной из важных задач является адекватная передача формы стихотворения, которая осложнена особенностями метрической и ритмической систем, рифменной организацией стихотворных произведений. Перевод поэтических текстов, таким образом, предоставляет большой материал для наблюдения.

Востребованность исследований по проблемам художественного перевода казахской поэзии подтверждается тем обстоятельством, что до сих пор не установлена степень, достоверности и адекватности переводов поэтических текстов на русский и в особенности английский языки.

В настоящее время, большое внимание уделяется развитию национальной литературы со стороны государственных органов, различного рода культурных фондов, творчество казахстанских поэтов переводится на многочисленные мировые языки, но качество подобных переводов не контролируется, и, зачастую, вся ответственность лежит лишь на авторах перевода, которые позволяют себе порой слишком вольное обращение с текстом оригинала, что приводит к искажению произведения, к обезличиванию, которое стирает его индивидуальные и национальные черты. Данные вопросы поднимают в своих работах и С. Абдрахманов, и А.Ж. Жасксылыков, Г. К. Бельгер, Ж.Н. Сагандыкова, К.С. Бакбергенев, М.К. Бисенкулов. Так, А. Тараков отмечает некачественные и неприемлемые переводы казахских стихотворений на русский язык. Согласно его позиции, мы должны нести ответственность за переводы поэзии, так как это наше литературное наследие. А.Ж. Жасксылыков отмечает, что «целый ряд переводческих ляпсусов объясняется недостаточно глубоким проникновением в психологию народа, в экспрессивно-стилистические особенности его языка», это может быть также обусловлено «трехмерной

проекцией динамических компонентов творческого процесса, а именно психологией творца произведения, психологией эстетического восприятия и психологизмом самого произведения» [4, 236]

Помимо языковых и национальных особенностей, перевод поэзии осложняется и различиями в системах стихосложений, метрике и просодии. Следует отметить, что значительная разница в силлабической системе стихосложения казахской поэзии и силлабо-тонической системе стихосложения русской и английской поэтических традиции накладывает определенные трудности в воспроизведении формы стихотворения. Так, «текстуальная точность», а именно эквилинеарность и эквиметричность, зачастую не могут быть соблюдены в полной мере, в связи с чем, переводчик вынужден искать близкие по структуре варианты передачи исходного строения стиха. Так А. Ж. Жаксылыков приводит параллели «русский пятистопный хорей – казахский десятисложник», также пример, предложенный Р. Папаяном: «силлабический десятисложник – русский пятистопный ямб» [4, 157] Д. Самойлов проводит следующую параллель: «казахский тринадцатисложник – русский шестистопный ямб», «казахский одиннадцатисложник – русский пятистопный ямб». Во всех случаях, можно отметить стремление переводчика сохранить не только структуру строк, но и число слогов близкое к оригиналу.

Туады, туады әлі нағыз ақын,	Придёт, ещё Поэт в наш мир придёт,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын	С чьих уст правдивых каплет яд и мёд.
Жесірдің айырылмас сырласы	Он станет другом душ осиротевших,
боп,	Он душу палача перевернёт.
Жендеттің көзінен жас ағызатын.	Придёт, ещё Поэт в наш мир придёт!
Туады, туады әлі нағыз ақын! [5,	Н. Чернова
83]	

М. Мақатаев

В переводе Н. Черновой можно проследить данную закономерность: силлабический одиннадцатисложник передан силлабо-тоническим пятистопным ямбом, в котором сохраняется число слогов оригинала, следует отметить также и то, что Н. Черновой удалось воспроизвести оригинальную схему рифмовки квинтета *ааваа* стихотворения М. Мақатаева в русском переводе, несмотря на лексические и синтаксические замены, обусловленные языковыми различиями, переводчику также удалось сохранить и смысловую целостность стихотворения, передать образы и экспрессивность исходного произведения.

Но при этом переводчику пришлось отойти от оригинала в поисках смыслового аналога следующих лексических единиц:

*Туады* - в наш мир придёт

*Нағыз ақын* - с чьих уст правдивых

*Жесірдің* -душ осиротевших

### ***Жас ағызатын*** - душу перевернёт

Также переводчик попыталась передать анафору, но если в оригинале мы наблюдаем синтаксическую, то в переводе она лексическая. Стилистическая фигура – анадиплосис, утеряна совсем.

Из этого можно сделать вывод, что система стихосложения основывается на общем строе того или иного языка, это и является причиной самобытности поэтических форм, и, как следствие, предопределяет содержание. Строй и контент стихотворения всегда обусловлены особенностями языка, по этой причине поэзия и рассматривается как специфичный или же своеобразный феномен, характерный определенной национальной культуре, и неповторимый вне ее. Тем самым, исходя из вышесказанного, можно утверждать, что стихотворение может быть лишь искусственно перенесено в иную языковую среду, при этом такая возможность не исключена.

Следует отметить важность компаративного анализа при изучении стихотворного перевода в аспекте переводоведения. Компаративный анализ переводов позволяет выявить закономерности общего порядка на уровне смысловых, семантических, стилистических, архитектурных и ритмико-метрических параметров текстов.

Конечно, сложно представить, как будет воспринята та или иная особенность формы стихотворения в чужой для нее среде. Но несмотря на значительное количество мнений о том, что поэзия имеет сугубо национальный характер и аккумулирует в пределах лишь того национального языка и культуры, в которой она была создана, имеется достаточно доказательств успешных переводов, где ритм, рифма, метр, присущие одной культуре, сохранены в переводе на другой язык, не потеряв окраски и эффекта.

По этой причине, в погоне за ярким и живым образом, стилистическими оборотами, идеей автора, переводчику необходимо также учитывать и формальную составляющую стихотворения, что по сути является единым целым и может расцениваться как пример удачного перевода.

1. Жовтис А.Л. Избранные статьи/сост. С.Д. Абишева, З.Н. Поляк. Алматы:2013.– 392 с.
2. Nida E.A., Ch. Taber. The theory and Practice of Translation. Leiden: Brill, 2003.– 229 p.
3. С.Ф. Гончаренко. Поэтический перевод и перевод поэзии: константы и вариативность //Тетради переводчика. Вып. 24, 1999.
4. Жаксылыков А.Ж. Художественный перевод и литературный процесс. – Алматы: «Таңбалы», 2013. – 312 с.
5. Мұқағали Мақатаев. Аманат: Жыр жинағы. Құрас. А.Алтай.–Алматы: Атамұра, 2002– 304 б.

## **Түйін**

Бұл мақалада аударматану аспектісі, құрылымдық стилистикалық және эстетикалық аспектілері ерекшелігін анықтау.

**Тірек сөздер:** аударма, поэзия, мәтін түрлері,

## **Resume**

This article is devoted to poetic translation in the aspect of stylistic and aesthetic peculiarities.

**Key words:** texts, translation, poetry, types of texts

**ӘӨЖ 373.016:811.111**

## **ИНТЕРМӘДЕНИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

**Жургимбаева Л.М.** 2 курс магистранты Шетел тілі: екі шетел тілі  
*Ғылыми жетекші: Жусупова Р. Б.* ф.ғ.д., аға оқытушы

## **Аңдатпа**

Қазіргі заманғы ғаламдық даму үрдістері, әлемдік қоғамдастықтың кеңеюі, халықаралық интеграция мен мәдениетаралық өзара қарым-қатынастың дамуы, халықаралық ынтымақтастық пен тәуелсіз Қазақстанның мәртебесінің артуы, тіл деңгейінің жаһандық жалпы адамзаттық мәдениетінің трансляторы қызметіне өсуі шетел тілдерін оқытуерекше тала етеді. Бұл ҚР мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр. Осылайша, "шеттілдік білім берудің заманауи маманның кәсіби біліктілігін құрамдас құзыреттіліктер негізінде қалыптастыруын және жас ұрпақтың тыныс-тіршілігін жаңа халықаралық қарым-қатынас және ынтымақтастық орнатуын қамтамасыз етіп отыр". Шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау жүйесінде құзіреттілік оқыту амалы мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін әзірлеуде негізгі рөл атқарады, себебі ол оқытудың бағытталуын, яғни соңғы нәтиже – нақтырақ айтсақ, құзіреттіліктер мен құзырлылықтарды қалыптастыруды көздейді. Берілген мақала интермәдени-коммуникативтік құзіреттілік терминін анықтау мәселесіне арналған. Және де интермәдени-коммуникативтік құзіреттілігін тілдік ЖОО-да негізгі мақсат ретінде ұсынады.

**Тірек сөздер:** мәдениетаралық қатысым, шеттілдік білім беру, оқыту мазмұны, құзіреттілік оқыту амалы, интермәдени-коммуникативтік құзіреттілік, мәдениет диалогы.

Қоғам өмірінің саяси-әлеуметтік және экономикалық аясындағы интеграциялық үрдістер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына үлкен септігін тигізеді. Интермәдени қарым-қатынас әртүрлі ұлт өкілдерінің тепе-тең немесе біріге отырып өзара әрекет жасауын талап етеді. Шетел тілін жасанды тілдік ортада оқыту жағдайында екі немесе үш шетел тілін меңгеретін полилингвальдық тұлғаны қалыптастырудың мүмкіндік деңгейі жеткілікті және ғылыми тұрғыдан дұрыс дәлелдеуді қажет ететін мәселе болып табылады. Оқушы мұндай қарым-қатынас жасай алу үшін тек шетел тілін жақсы меңгеріп қана қоймай, ол сонымен қатар сол тілде сөйлеудің тілдік және тілдік емес өзгешеліктерін түсініп, ұғынуы тиіс. Интермәдени қарым-қатынас үрдісіне қатысушы көп тілді меңгерген сайын, сол елдің мәдениетін, ұлттық менталитетін жете түсінеді [1].

Қазақ елінің тәуелсіздігін алып, басқа елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысқа түсуі ағылшын тілін оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оның мақсатын анықтап берді. Басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Жаңа әлеуметтік мәдени кеңістіктің пайда болуы білім беру жүйесінің алдына халықаралық мәдени – кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни интермәдени құзыретті мамандар даярлауды мақсат етіп қояды.

Шетел тілін қатысымдылыққа бағдарлап оқыту интермәдени қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндіктері мен құралы ретінде қарастырылады. Шеттілдік қарым-қатынасқа үйретуді мәдениет диалогы мен мәтінінде ұйымдастыру талап етіледі [2]. «Интермәдени-коммуникативтік құзіреттілігі» ұғымы «қатысымдық құзіреттілік» ұғымын ығыстыра бастады, ол сонымен шетел тілін оқыту мазмұнының мәдениетаралық компоненті жетекші екенін, ал оқыту материалының аутентті болуы – пән мазмұнына қойылатын талап екенін негіздеді. Шеттілдік авторлармен бірігіп тіл оқытылып отырған ел халқының менталитеті мен өмір сүру стилі, мінез-құлығы, дәстүрі туралы ұлттық мәдени ақпараттарға толы оқулықтар, оқу кешендері мен бағдарламалар жасала бастады.

Шетел тілін оқып үйрену – студенттердің өзі сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, сол жат әлеммен ұшырасу нәтижесінде өз әлемін айқынырақ, дәлірек түсініп, анығырақ білуге себеп болуы тиіс. Шетел тілін интермәдени-коммуникация концепциясына негіздеп оқыту барысында студенттер өз әлемін тілін оқып отырған елдердің әлемімен салыстыруға, жат әлемнің өз әлемінен өзгешелігі, оның қызықтылығы, тартымдылығы неде екендігін анықтауға талпынады.

Осыған орай ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында ' ' Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты



құндылығымыз [2]. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған' ' делінген.

Ал бұл келісім экономикалық дамуға алып келмек. Осыған орай, жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты кадрлар арқылы нығайтылуға тиіс екендігі баса көрсетілген.

Мәдени ықпалдардың сипаты, дәрежесі мен тиімділігін негізінен төмендегі факторлар арқылы анықтауға болады [3]:

1. Байланыстардың интенсивтілігі (мәдениеттердің жиі қарым-қатынаста, өзара байланыста болуы басқа мәдениет элементтерін өз бойына сіңіріп алуға алып келеді);

2. Мәдениетаралық байланыстардың шарттары (мәжбүрлі байланыстар мәдениеттердің өзара алыстауын туындатады);

3. Қоғамның жіктелу дәрежесі (жаңалықтарды қабылдауға дайын мәдени-әлеуметтік топтардың болуы);

4. Басқа мәдениеттерді қабылдау қабілеті (мәдени контекстің өзгеруіне байланысты өзін бейімдеу қабілеті).

Осы факторлардың әсерінен шетел тілінің маңызы арта түсуде. Яғни қарым-қатынас құралы ретінде қолдану талабы туды. Тіл мәдениетті жүзеге асырушы құрал, тіл белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің негізін қалайтын тарихи қалыптасқан белгілер жүйесі. Осыдан келіп тіл мен мәдениеттің байланысынан мәдениетаралық құзіреттілік ұғымына анықтама беру міндеті туындайды.

Лингвистикалық білімнің қазіргі жүйесінің жаңғыртулары негізін мәдениетаралық амал құрайды. Ал оның басты белгіленген мақсаты мәдениетаралық құзіреттілік қалыптастыру [4].

Соңғы жылдары интермәдени коммуникациялық құзіреттілік ұғымын көптеген ғалымдар зерттеп, түрлі анықтамалар беруде (Г.В. Елизарова, Л.И. Гришева, Л.В. Цурикова, Т.Вагнер), оның құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударылуда (Г.В. Елизарова, К.М. Ирисханова, А.П. Садохин, И.С. Соловьева, Н.М. Губина.)

Интермәдени коммуникативтік құзіреттілік ол тұлғаның өзін мәдениеттер диалогінде, яғни мәдениетаралық қатысым шеңберінде көрсете алу қабілеті деп анықталады. Біз барлығына ортақ келесі анықтамаға келеміз: интермәдени коммуникативтік құзіреттілік – бұл қарым-қатынастың нәтижелерінің екі жақ коммуниканттары үшін жинап келгенде позитивті болатын, ортақ мағынаға ие мәдениетаралық қатысым жайлы білім мен білікке негізделген құзіреттілік. [4]

Интермәдени құзіреттілік – бұл белгілі бір әлеуметтің өмірлік дағдыларын, әдеттерін, салт-дәстүрлерін, нормаларын қалыптастыратын жеке тұлғаға және топқа қатысты мотивация, мінез-құлық формалары, вербальды емес компоненттер, құндылықтар жүйесі жайлы білім.

Интермәдени коммуникативті құзыреттілік – ол қалыптасқан, толыққанды (әлеуметтік, кәсіби, жағдаяттық тұрғыдан) шет тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі.

Осындай қатысымды лингвомәдениеттер арасындағы қатысым деуге болады, өйткені ол процесс барысында іске асады және сұхбаттасушылардың мәдени және коммуникативті ерекшеліктерінің өзара әрекеттестігінің нәтижесі.

Сонымен, интермәдени-коммуникативті құзыреттілік – қалыптасқан, толыққанды әлеуметтік, кәсіби, жағдаяттық тұрғыдан шетел тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі. Шетел тілін оқытудағы негізгі мақсат – шет тілді мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту және субъектісін қалыптастыру. Шетел тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі [5]. Қазір шетел тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Ал осы қатынасты іске асырудың бірден-бір тиімді жолы инновациялық және ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады. Инновациялық білім беру технологиясы дегеніміз бірінен бірі ажырамайтындай үш бөліктен тұратын кешен:

1. Қазіргі білім мазмұны. Студенттерге берілетін білім мазмұны тек пәндік білім беруді ғана емес, тұлға бойында құзыреттілікті дамытуға, яғни заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, әр ортаға тез бейімделе алатын, қазіргі бизнес практикасында адекватты тұлғаларды дайындауды қарастырады;

2. Қазіргі оқыту әдістері студентердің оқу үдірісіне белсенді араласуына әсер етуге негізделген, құзыреттілікті қалыптастырудың белсенді әдіс-тәсілдері;

3. Қазіргі оқытудың инфрақұрылымы ақпараттық, технологиялық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік құрылымдардан тұрады.

Интермәдени қарым-қатынас білктілігінің талаптары заман ерекшелігіне байланысты практикалық мақсатпен анықталады:

1. Интермәдени қарым-қатынасқа үйрету барысында материалдар шынайы өмір талаптарына сәйкестендіріліп, тақырыптар өмір тәжірибесіне сай іріктелуі тиіс;

2. Интермәдени қарым-қатынасқа үйрету жасанды орта жағдайында жүргізіледі. Сондықтан нақты білім дағдыларын қалыптастыру мақсатында бөтен ел бейнесі шынайы сомдалу үшін жаңа түрлі әдіс-тәсілдер қолданылуы талап етіледі;

3. Өз мәдениетінің құбылыстарын жетік түсіне білу керек. Сонда өзге мәдениетті өз мәдениетімен салыстырмалы түрде түсінуге тырысу, ұқсастықтарын табу, саралау;

4. Білім беру стандарттары өз кезегінде тілдік материалдардың аутенттілігін талап етеді. Аутентті материал негізінде тілді мәдениет элементтерін қанық меңгере аламыз.

Жаңа ғасырда прогрессивті өмірге аяқ басқан жастар заман талабына сай өзгеше өмір сүруге дайын болуы керек. Парасатты да саналы азамат болу үшін бүгінгі жастардың білімдері терең де жан – жақты да болуы тиіс. Жастарды бүгінгі заман талабына сай маман ретінде дайындауда олардың шетел тілдерін еркін меңгерулері пайдалы екені бәрімізге аян. Шетел тілін үйретуде оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруда сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Сондықтан ел мен ел, халық пен халық жиі араласып, мәдениеттер тоғысып, халықаралық қатынастар айырықша белең алған қазіргі заманда әлемнің әлеуметтік-мәдени талап-тілегіне сәйкес үш тілді (немесе бірнеше тілді) интермәдени-коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру – әдіскер ғалымдардың алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі. Адамдардың қарым-қатынасы ең алдымен тіл арқылы басталады десек, сол тілдің көмегімен әртүрлі мәдениеттер арасындағы сұхбаттастық жетегінде тамырлана өркен жаяды.

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. А. Құлсариева, Қазіргі замандағы мәдени әмбебапталу үрдістері. <http://kazakheli.kz>.
3. Әлметова Ә. Лингвомәдениетті оқытудың әдістемелік негіздері, ‘ ‘ КИЕ’ ’ Лингвоелтануорталығы, 2010.
4. Құнанбаева С.С. Современное иноязычное образование; методология и теория, Алматы, 2005.
5. Дворникова, Т.М. Межкультурная компетенция. // Межкультурная коммуникация и профессионально ориентированное обучение иностранным языкам: материалы I Междунар.науч. конф.,посвящ. 86-летию образования Белорусского гос.университета, Минск, 30 октября 2007.
6. Вторушина Ю.Л. Формирование межкультурной компетенции в контексте профессиональной подготовки будущих учителей иностранного языка (на материале преподавания английского языка с использованием народного фольклора). Дис. ...канд.пед.наук. М.: 2007. 187с.
7. Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам.СПб.: КАРО, 2005. 352с.

## Резюме

Современные глобальные тенденции развития мирового сообщества, расширение международной интеграции и межкультурного взаимодействия, а международное сотрудничество суверенного Казахстана, повышение статуса языка до уровня транслятора глобальной общечеловеческой культуры, позволило выделить обучение иностранным языкам в приоритет государственной политики в области образования, «обеспечив, тем самым, иноязычному образованию статус обязательной компетентностной составляющей профессиональной квалификации современного специалиста и действенной основы для подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в новых условиях международного взаимодействия и сотрудничества». Компетентностный подход в системе профессиональной подготовки учителя иностранного языка является базовым для формирования профессиональной компетентности субъекта межкультурной коммуникации, поскольку он ориентирован на особое целеполагание в обучении – результат, а именно на формирование компетентностей и компетенций. Данная статья посвящена проблеме определения термина интеркультурно-коммуникативной компетенции. Обосновывается идея о необходимости выдвижения интеркультурно-коммуникативной компетенции в качестве приоритетной цели обучения в лингвистическом вузе.

**Ключевые слова:** межкультурные взаимодействия, иноязычное образование, содержание образования, компетентностный подход, интеркультурно-коммуникативная компетенция, диалог культур.

### **Resume**

Current global trends in the development of the world community, expanding international integration and intercultural and international cooperation of sovereign Kazakhstan, raising the status of the language to the level of the compiler of global human culture, allowed to allocate foreign language teaching in the priority of the state policy in the field of education, "ensuring, thus, foreign language the formation of compulsory membership of professional qualifications competence component of modern professional and efficient manner to prepare the young generation for life in the new conditions of international collaboration and cooperation. " Competence approach in the seasoned professional training of teachers of a foreign language is the base for the formation of professional competence of the subject of intercultural communication, because it is focused on a particular goal-setting in training - the result, namely the formation of competencies and skills. This article is devoted to the definition of intercultural communicative competence. It substantiates the idea of the

need for the nomination of intercultural communicative competence as a priority objective of training in linguistic high school.

**Keywords:** cross-cultural interaction, foreign language education, the content of education, competence approach, intercultural communicative competence, the dialogue of cultures.

**КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА  
КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА  
COGNITIVE LINGUISTICS**

**УДК 81:001.4**

**АНТРОПОНИМИКАДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮДЕРІСТЕР**

**Сүлейменова М.П.- «Аударма ісі» мамандығының II курс магистранты**  
*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ*

(Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Шенгелбаева Н.Р.)

**Аңдатпа**

Мақалада қазақ есімдерінің яғни антропонимдердің этномәдени семантикасы зерделенеді. Қазақ ономастикасы кеңістігінде ұлт болмысынан хабар беретін антропонимдердің халық тарихын қалыптастыру барысында алатын айрықша орны бағамдалады. Антропонимдердің тілдік құрылымы, жасалу жолдары, даму кезеңдері сараланып, оның тіл білімі ғылымындағы өзектілігі айқындалған.

**Тірек сөздер:** антропонимика, топоним, лингвистикалық мағына, тіл жүйесі, тіл тарихы, табу, есімдер, лингвомәдени, когнитивтік.

Бүгінгі таңда лингвистикада ұлттың рухани және мәдени байлығы болып табылатын тілді жан-жақты зерттеу өзекті әрі көкейкесті мәселеге айналғаны айқын. Мұның өзіндік себептері де жоқ емес, өйткені кез-келген тіл өз бойында ұлттың болмысын, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, түсінігі мен танымын, талғамын, мінезін, санасын, кәсібін, дәстүрлі құндылықтарын сабақтастықта сақтаған біртұтас жүйе болып табылады. Таңбалар жүйесі, яғни, тіл жүйесі арқылы әрбір халықтың болмысын, өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі тек қатынас құралы ғана емес сонымен қатар, рухани болмысы мен мәдени байлығының күзгері барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл

қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, отыратын қасиеті бар» деп тілге анықтама берген [1, 34].

Антропонимика – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеу барысындағы құнды деректердің қайнар көзі болып табылады. Антропонимдер жүйесі халықтың бағзы тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық-әлеуметтік құрылымын, материалдық ахуалын, рухани және мәдени дүниесін паш етеді. Антропонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу лингвистикадағы көкейкесті мәселелердің бірі. Антропонимдердің құрылымында лингвистикалық мағына ғана емес сонымен қатар сол тілдің синтаксистік құрылысы да шоғырландырылған.

Антропонимдердің тілдік құрылымы ұлттық нақышты айқындайды. Антропоним белгілі бір тілге қатысты ғана қарастырылмайды, оның пайда болу барысы, қолданыс аймағы, қандай да болмасын есімді пайдаланған халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, тарихы және экономикалық-әлеуметтік жай-күйі туралы біршама нақты ақпарат беретін қайнар көз ретінде қарастырылады. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпы бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің есімдерін атамауы. Осылай жас келін күйеуінің ағасының, інісінің немесе қарындасының есімін тікелей атамай, жанама есім тағайындап, сол есіммен атайды. Мәселен, қайын сіңлілерін – *еркеқыз, көрікті, сылқым, бұрымды, ал ер адамдарды төре жігіт, мырза жігіт, молда жігіт* т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының есімдерін атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүрге айналған.

Антропонимика (*anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім» деген сөзі) белгілі бір тілдегі кісі есімдерінің жиынтығы. Антропонимика түркі тіл білімі дүниесінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастика саласының күрделі салаларының бірі болып табылады. Ол кісі аттары, әке аты *patronim* (отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы. Қазақ ономастика саласына сараптамалық талдау жасаған зерттеушілер жалқы есімдерді қарастыратын төмендегідей төрт кезенді бөліп көрсетеді:

**1 кезең:** 1950-1970 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961ж; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965ж; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971ж.)

**2 кезең:** 1970-1990 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982; Е.Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ есімдері» 1988; В.Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского»» 1980 ж. канд. дисс.)

**3 кезең:** 1990-2000 ж.ж. ( В.Махпиров «Имена далеких предков» 1997; М.Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995ж канд. дисс.; У.Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996

канд. дисс. Е.Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992ж. док. дисс; К.Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К.Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова» 2000ж ).

**4 кезең:** ХХІ ғасырдың басы, жаңа кезең (Б.Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж; Б.Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003ж; Д.Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты» 2004ж; Г.Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистическая функции собственных имен в художественном тексте» 2004; А.Бахамова «Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004;) [2,24].

Антропонимика ұлт болмысын, тіл тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін зерттеу барысында құнды мәліметтер қоры болып табылады. Антропонимдер жиынтығы халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-мәдениеттік құрылысын және рухани әрі мәдени өмірдің әрекетін көрсете алады. Кісі есімдері қарапайым қазақ ауылының бұрынырақтағы өмір салты, күн көру әрекеті және шұғылданған іс-әрекетінен мол мәлімет береді. Мәселен, төрт түлік малға, күнделікті тіршілікке және кәсіп түріне байланысты есімдерді атап көрсетуге болады. Сондай-ақ адамдардың жүріс-тұрысына, түр-келбетіне, дене пішініне қарап жанама есімдер тағайындалған: *келбетті, шырайлы, ұзын бойлы, бүйрек бетті, саққұлақ* және т.б.

Қазақ әйелдері жанама есім тағайындау барысында өзіндік ұшқырлық танытып, тіл көркемділігін пайдаланып, айрықша тапқырлықпен ұштасқан есімдерді тауып айтқан.

Кейбір сөздерді айтуға тыйым салу салты тек әйелдерге ғана емес, сонымен қатар ер адамдарға да қатысты болған. Әсіресе жастар жағы өзінен үлкен мәртебелі тұлғалардың есімін атамай *тәте, мырза аға, батыр аға, палуан аға, үлкен жәкем, әкім таға* деп атаған. Осы орайда эвфемизм мен табу көңіл аудартады, бұлай дейтініміз, олар антропонимдердің лингвомәдени, когнитивтік, қоғамдық-әлеуметтік және т.б. аспектілердің этнологиялық сипаттамасын зерделейді. Эвфемизм бір затты немесе құбылысты тікелей өз атауымен емес басқа сөзбен атау. Әсіресе дөрекі, айтуға ыңғайсыз сөздерді сыпайы сөзбен жеткіземіз. Мұның айқын көріністері тілімізде көптеп кездеседі, мәселен, *ұрланды - қолды болды, жалған айту - қосып айту, өлді - өмірден озды, қайтыс болды, үзілді* т.б.

Ал, табу бағзы замандағы тұрғындардың мифтік наным-танымына сәйкес кейбір заттардың аттарын айтуға қорқып, тыйым салынуынан қалыптасқан. Айтуға тыйым салынған сөздер әдетте *табу* деп аталады. Аталған мәселенің тілдік табиғатын, болмысын, құрылымын ғалым Ә.Ахметов арнайы зерттеген [3-10].

Табу сөздердің туындауының ерекше тарихы бар, бұрынғы адамдар белгілі бір табиғи құбылыстарға сеніп, кейбір заттардың атауын тікелей

атауға қорыққан, сөйтіп оларға басқа атау тағайындаған, нәтижесінде табу сөздер пайда болды.

Тыйым сөздерді (табу) жалқы есімдер ретінде пайдалану, қазақ әйелдерінің есімдерін атау салтында көп кездеседі. Осы салада табу сөздерге айналған жалқы есімдер эвфемизмдерге ұласқан. Зерттеуші ғалым, профессор Т.Жанұзақ былай деп жазады: «Личные имена заменялись нарицательными по определенной системе. Мужчин старше мужа женщины называли қайынаға (деверь). При запрете личное имя определенного человека употреблялось в искаженной форме, например вместо Али-Сали, Турсын-Мурсын. Для замужней женщины являлись запретными и нарицательные имена» [4, 45]. Ғалым тілімізде қолданудан шығып қалған кейбір сөздердің, мәселен, Ардақ, Байсал, Ораз, Жора, Жекен тек қана антропонимикада сақталғандығына назар аударады. Кісі есімдері сан ғасырлар бойы қалыптасқан, мұнда тіл тарихына қатысты сан алуан деректер бар. Мұны ескеретін болсақ, антропонимика саласын ыждағатты зерттеудің орасан зор ғылыми теориялық мәні бар екені айқын.

Т.Жанұзақов өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде антропонимика мәселесін жан-жақты зерттеген ғалымдардың бірі екендігін айта кетейік. Автордың аталған мәселеге арналған бірнеше ғылыми мақалалары және көлемді еңбектері жарық көрген. Сонымен қатар зерттеуші ғалымдар Е.Б.Бекмұхаметов, Н.Оңдасынов, Л.З.Рүстемов, Ә.Қайдаров, Ә.Мұқатаева т.б. ғалымдар антропонимика саласында қарымды еңбек еткен авторлар екенін ескеркен жөн.

Бүгінгі таңда тіліміздегі антропонимдер шамамен Х-ХІ ғасырлардағы архитектуралық ескерткіштерде кездеседі. Сол уақыттағы есімдер мен қазіргі көркем шығармалардағы есімдер арасында айрықша ерекшеліктер байқалмайды. Олардың айырмашылығы дыбыстық құрылымдарында ғана айқындалады. Көптеген есімдер араб-парсы тілдерінен де енген. Мұнда ескеретін бір жәйт кейбір антропонимдердің өте ерте дәуірден сақталып келе жатқандығы. Осы уақытқа дейінгі антропонимдерге байланысты зерттеулерде белгілі бір тарихи кезеңдердегі кісі есімдері, түрлі әдеби шығармалардағы антропонимдер, шет тілден енген антропонимдер іргелі зерттеулерге өзек болған.

Антропонимдердің пайда болуы өте ұзақ уақытты талап ететін күрделі үдеріс екендігі айқын. Мұндай үдеріс әр халықта, әр ұлтта өзіндік саяси, әлеуметтік және ең бастысы қоғамдық жағдайларға байланысты қалыптасып, дамиды. Антропонимия қоғам дамуының заманауи талаптарына сәйкес дамып, жетілдіріледі. Яғни, адам есімдерінің заман талабына сай даму үдерісін аңғаруға болады.

Антропонимдер мәдениет пен қоғамның қарыштауына қарай түрленіп, бүгінгі таңдағы заман талаптарына жауап береді. Оның құрылымы, құрылысы, мағынасы, мазмұндық реңі жаңғыртылып, заманауи лексикаға сәйкестендіріледі. Мәселен, ежелгі түркі антропонимдерінің басым көпшілігі



күрделі құрылымды болып келеді. Олар көбінесе тұлғаның атқаратын лауазымымен бірге қолданылған. Лауазым атаулары адамның жынысына қарай бөлінген: *Hatun, Teñrim, Begim (Begüm, Bigim), Ağa*. Ал бүгінде берілетін есімдердің біршамасы еліміздегі айшықты оқиғаларға арналатындығы да рас, мәселен, елбасының құрметіне орай *Нұрсұлтан* есімді бүлдіршіндер, тәуелсіздікке орай *Тәуелсіздік*, Азиадаға орай *Азиада*, сонымен қатар мәртебелі тұлғаларға деген сүйіспеншіліктен туындаған *Иманғали, Мұқағали, Диана* [5, 12].

Кез келген тілдің ономастикалық қоры белгілі кезеңдерде, алуан түрлі тілдерде туындаған тілдік бірліктер жиынтығынан құралады. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы бірыңғай деп айтуға келмейді. Өйткені, тілімізде түркі сөздерімен қатар, араб, парсы, орыс және де басқа шет тілдерден енген сөздер барынша көп кездеседі.

Тіл тірі организм секілді даму мен дағдарудың барлық сатысынан өтеді. Ал оның ішіндегі біз қарастырып отырған антропоника саласы қоғамның даму үдерісіне тікелей қатысатындықтан, мұнда заманауи үрдістердің болуы заңды құбылыс.

Антропонимика халықты зерттеудің бірден-бір құралы болып табылатындығы оның өз бойына заман табын қабылдайтындығында болса керек. Оның айрықша қайнар көз екендігін жоғарыда айтып кеттік. Бүгінгі таңдағы қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық, рухани және мәдени дүниедегі құбылыстар антропонимикада із қалдырып жатыр.

1. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, Ғылым, 1988.
2. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, Ғылым, 1971 – 218 бет (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау).
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Доктор.дисс. авторефераты. Алматы, 1995. 8-10 б.
4. Жанұзақов Т.Дж. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс.кан.филол.наук. – Алма-ата, 1960. – С.151.
5. Бигельдиева М.М. Қазақ және түрік әйел антропонимиясы. Алматы 2010

**Резюме:** В данной статье рассматриваются вопросы этнокультурной семантики казахских имен собственных, то есть антропонимов. Оценивается роль антропонимов в казахской ономастике отражающие сущность нации, занимающие особое место в строении истории народов. Определены языковая структура и методы формирования антропонимов, проанализированы этапы развития и их актуальность в лингвистике.

**Ключевые слова:** антропонимика, топоним, лингвистический смысл, языковая система, история языка, табу, лингвокультура, когнитивный.

## **Resume**

In this article ethnocultural semantics of Kazakh names or anthroponyms are researched. Giving an information about the life style of nation and playing the great role in forming history of people, anthroponyms are assumed in the field of Kazakh onomastics .language structure and and methods of anthroponyms formation, stages of development and their actuality are considered.

**Key words:** anthroponomy, toponymy, linguistic sense, language system, language history, taboo, names, linguacultural, cognitive.

**УДК 378**

## **СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНДЕГІ ШЕШЕН БЕЙНЕСІНІҢ МОДЕЛІ**

**Елшібаева Қалимаш Зәкірқызы**

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің  
оқытушысы, Абай ат. ҚазҰПУ, МжДИ магистранты  
Алматы қаласы*

### **Андатпа**

Шешен шебер сөйлеумен ғана емес, әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетімен де ерекшеленген. Ежелгі шешендік ел басқарудың айнасындай, адамның өзін ұстаудың айғағындай көрінеді. Адамдықтың өтімді құралы ретінде танылған.

Тірек сөздері: шешен, шебер, өнер, әсерлі, еңбекқор.

Әр заманда шешендер саны, шешендік өнер динамикасы және шешендік өнер туралы түсініктер әрқалай өрбіген. Ежелгі шешендік ел басқарудың айнасындай, адамның өзін ұстаудың айғағындай көрінеді. Адамдықтың өтімді құралы ретінде танылған.

Тарихи мәліметтерге қарағанда, сонау көне дәуірдегі үйсін Қауымдастығында ел басқарып абырой-атағын арттырғандарды «гунь го», «гунь ми», яғни «күнбиі» деп марапаттаған. «Күнбиі» өзінің қабілет-қасиетімен өзгеден бөлек, биік, әрі беделін жүргізе білген қайраттылар, қолбасшылар болғандай. Олар елін мекенге топтастырумен, мекенде тұрақтандырумен көзге түскен, көптің көңілінен шыққан. Беделдінің айтқаны алғыс та, қарғыс та біржақты болған-ды.

Ғалым Н. Төрекұлов «Даланың дара ділмарлары» еңбегінде 100-ден артық шешендердің аты-жөні мен еңбектерін тізіп әйгілеп берді [1]. Мақсаты ортақ, тілегі бір асылдардың саны мұнымен шектелмейтіні хақ. Шешендердің өсу эволюциясын тарихи кезеңмен сараптасақ, онда бұл еңбекке шешендердің б.д.д. – үшеуі, 12-13 ғғ. – екеуі, 14-15 ғғ. – алтауы, 16-17 ғғ. – алтауы, 17 ғ. екінші жартысымен 18 ғ. бірінші жартысына – жиырма алтысы,

18 ғ. екінші жартысы мен 19 ғ. бірінші жартысына – қырық жетісі, 19 екінші жартысынан - 20 ғ. бірінші жартысы – он бірі енген екен [2,131].

Халқымызда шешендер қаншама көп болмасын, олардың, біріншіден, орны сыйлы, қоғамдағы әлеуметтік рөлі жоғары бағаланған; екіншіден, қазақ елдігін қалыптастырған сайын олардың саны да, қызметі де артып отырған; үшіншіден, қызметі шектеулі емес.

*Шешен өз мәртебесін сырт келбетімен, жан дүниесімен, отбасындағы мінез-құлқымен, әлеуметтік рөлімен көрсетеді немесе көтермелейді;*

Адамның дүниедегі орнын, дүниенің адамға тигізер ықпалын өзі арқылы ажырата, айқындай білетін сезімтал, сергек жан;

Тұтас дүниеде адамның өзін тануды жоғары құндылық деп есептейтін, сол бағдарынан ауытқи бермейтін қайсарлы да, өнерлі;

Ақиқатты тануға қабілетті, ақылы мен арын соған жұмылдыратын білгір, сол үшін адалдығын зерделі тазалық деп ұғатын азамат;

Өз пиғылы мен ниетін ұлағатты да ізгілікті іске жұмылдырудан тайынбайтын жайсаң да жаранды және тәжірибелі ел перзенті. Шешен алдымен соған талпынатын талапкер. Сонда қандай талапкерді шешен дей аламыз? Шешен дегеніміз кім? «Шешен» сөзі нені білдіреді?

Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігінде: «Шешен: **1.** Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам. **2.** <лат. orator> *Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды шебер сөйлеуші адам.* **3.** э т н. *Би, ділмар. // Домбыраға қатысты әуезді деген мағынада*», - деп көрсетеді [3,1408].

Ал «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» (А., 1966, 222 б.) мынандай түсіндірме берілген: «Шечан (сәсән) сөзі қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады. Түркі тілдерінің бұл тобында шешен сөзінен туындаған *шешенсу, шешенсіну* сөздері кездеседі. Өзбек тілінде чечан сөзінің «неге болса да ұста, шебер», тува тілінде (*чечен*) «әдемі көркем» деген қосымша мағыналары бар. Моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде *кәкән, сәсә(н), цэцэ* сөзінің данышпан «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналармен қатар «мерген», дәл тигізетін, дәл басатын» деген мағынасы бар. Чечен (*сасан*) сөзінің бұл мағыналары алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі [4,222].

Сонымен мамандардың тоқтамы айқын: *Шешен сөзі* – шеш (*чеч, сәс, цэс, цэц*) түбірі менен қосымшасынан тұратын *түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз*. Шешен сөзінің халықаралық баламасын *оратор* дейді. «Оратор» латынның «*очаче*» - «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. В. Дальдің сөздігінде мынандай қосымша түсіндірмелер берілген: *оратор* – вития (ділмар), краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшең адам), мастер говорить (сөйлеудің шебері).

Қазіргі орыс тілінде шешен сөзі көп мағынада қолданылады: шешендік өнермен айналысатын адам; көпшілік алдында сөйлейтін адам; қызыл тілді

меңгерген, тауып сөйлеуге қабілетті адам. Ол еңбеккерлігімен, естілігімен, еріктілігімен кебірек білді, тереңірек көрді, нәзік сезінді, жиірек ойланып-толғанды. Сонымен, *шешен дегеніміз ой-санасымен белсенді, мінез-құлқымен төзімді, өмірлік пайымы мол, әсерлі, әдемі, бейнелі көркем тілімен оқырмандарының бойын билеп әкетерлік әсер ететін, тыңдарманды бір нәрсеге сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, ойлы сөзге тапқыр, талпынысқа ынта-ықыласы басым тұлға*. Шешен өз тоқтамын – әрекет тәсіліне, тәсілді жеке басының өмірлік тәжірибесіне айналдыра алатын іздемпаз, іркілмейтін кісі [2,132].

Шешен шебер сөйлеумен ғана емес, әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетімен де ерекшеленуі керек. Баяндамасын немесе басқа да сөйлер сөзін басынан аяғына дейін мықтап дайындаумен қатар, мінбеде өзін-өзі еркін, мәдениетті ұстауға тиіс, ашық та айқын даусы, ым-ишараты, сәнді қимыл – қозғалысы, аудиториясың ішкі атмосферасын қадағалайтын қырағы көзі, өз ерік-жігеріне бағындыратын қасиеті болса, тыңдаушыларын жалықтыруы мүмкін емес.

С.Негимов шешен баяндама жасағанда мыналарды қаперге алған жөн деп санайды:

1. Материал жинау, жүйелей білу, көздеген мақсат-нысанаға ыңғайластыра, сәйкестендіре алу, композицияның, логика мен психологияның заңдарына ауызша сөйлеу мен аудиторияның ерекшеліктеріне үйлестіру.

2. Сөзді дауыстап айта білу өнерін меңгеру, мінбеде өзінді-өзін билеу ережесін қатаң сақтау, аудиторияның тілеу, қалауын қабылдау, ескеру.

3. Шешендік өнердің қыры мен сырын мүлтіксіз меңгеру (дауыс, интонация, қимыл-қозғалыс, сөзлеу мәдениетінің бүкіл талаптарын бұлжытпастан сақтау).

4. Аудиторияның тұтқиылдан қойылған сұрақтарына тапқыр жауап беру, білім-ғылым бәсеке-таласын ұйымдастыра білу [5,35]

Зерттеушілер шешендік өнерді басқа сөйлеу түрлерінен айыратын белгілері ретінде мыналарды атайды: сөйлеудің ұйқасты-ырғағы, сөздерді таңдау талғамы, сөйлеудің көркемдегіш тәсілдері.

Сөйлеудің ұйқасты-ырғағы ойдың бірнеше үзіктерге тыныс арқылы бөлінуінен туындайды. Ырғақтың негізі – айтылудағы үйлесім және тыныс кідірісі. Цицерон шешендік сөздегі тыныс кідірісін үшке бөледі: аз кідіріс – сөз және сөз тіркесі аралығында жасалады, ғылымда оны фраза деп атайды, орташа үзіліс – тармақтар аралығында болады, үлкен пауза – ой аяқталған жерде жасалады, жазуда оны абзац деп атайды [6, 9]

Аудиторияға ең алдымен әсер ететіні – шешеннің дауыс ырғағы. Егер дауыс ырғағы көңілден шықпаса, айтайын деген ойдың бәрі пайдасыз болуы мүмкін. Осы орайда, профессор Г.Қосымова келесідей пікірді айтады: «Шешеннің дауыс ырғағы, күшті шешендік сөздің мазмұнын тыңдаушылардың дұрыс түсініп қабылдауына әсер етеді. Өте тез қарқынмен

сөйлеу анықтықты күшейтеді, қатты дауыспен сөйлеу айқындылықты өсіреді, жай, бәсең дауыспен сөйлеу айқындылықты кемітеді. Үзіп-үзіп сөйлеу көңіл бөлуді әлсіретеді, үзіліссіз сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді. Тыңдаушылар жиналған орынның акустикалық мүмкіншілігінен тыс дауыс қаттылығы немес е мейлінше ақырын дауыс айқындылықты азайтады, бірақ шектен тыс қатты дауыс көңіл бөлуді әлсіретсе, баяу, ақырын сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді» [6,18]

Шешен бейнесі жеке тұлғалық ерекшеліктермен шектелмейді. Ол ел-жұрттың өмір-салтынан, замана талабы секілді көптеген факторлардың ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатыны айқын. Әр заманда шешендердің өз келбет-кейпі, бейнесі жасалғаны да шындық.

Шешен болмысы, бейнесі және белсенділігі – күрделі, құпиялы, бірақ келбетті құндылықтар. Шешендік құндылықтардың қасиеттері де әр қалай әрі айқын. Ошның болмысы қызметтің қос түрінен – іс-әрекет жиынтығы мен қимыл-істің жиынтығынан құралады. Қасиет жүйесі – бейнені, іс-әрекет жүйесі – белсенділікті құрайды. Бәрін қосқанда шешен келбеті қалыптасады. Ол дегеніміз:

- ақыл еркіндігінің иесі, өзіндегі күйді қорғай алатын және оны оқиғаға айналдыратын қайырымды кісі, өмірдегі түсінікті, татулықты және тәртіпті, үйлестік пен бітімді бетке ұстаған белсенді, байсалды жан;

- адам бойы мен ойындағы жасампаз күшті қолданушының, адал ниетті оңдаушының тұлғалық бейнесі және діңгегі;

- жаңа мәліметті, әдепті мінез-құлықты қабылдайтын қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі;

- жаны жайсаң, көңілі ақ, пейілі кең қайырымды қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі [2,146].

Шешеннің беделі шешендік өнерінде, адамдық жаңғыртар қабілетінде. Ол адамдық қабілетімен құнды. Шешен адамдық қабілет-қасиетті жағымды нәтиже енгізумен абыройлы.

Жаңа заман шешеннің жаңа бейнесін жасады, шешендікке тың талаптар қойды. Шешеннің адамдық қасиеті өткір де өтімді, мекем де жоғары өлшеммен бағаланды. Шешендік – ойланудың келбетін келтірген және қолтаңған, қабілеттің қисынын іріктеген және қадағалаған, ойлану қисынына ережені ендірген өнерге айналды. Шешендік ендігі ойды парасаттау, парасатты қисындау, қисынның құндылығын айқындау және әспеттеу ретінде қабылданды. Танымдық қабілет пен ойлану қисынының тоғысында шешендік дәстүрі мен шешендік шеберлігі әрқалай қарқындады.

Шешенде көсемдік, әділдік, адалдық, имандылық қасиет болса тереңнен толғап, құштарлықпен сөйлесе, қандай аудиторияны болса да жетектеп әкетеді. Өңменіңе қанжардай қадалған көп көз шешенді сескендірмей қоймайды [5,37].

Көмекей әулие Бұқар жырау: «Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады. Шаршы

топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ», - деп шешендіктің қиын өнер екендігін ескерткен. Әрине, ой мен сезімді басқалардың жүрегіне, кеудесіне жеткізуге сезгіштік, құдіреттілік қажет. Шын мәнінде, аудиторияның ізгі мұраттарына, асыл армандарына, көкейтесті идеяларына сай келсе қабылдау мен түсіну де жеңіл. Шешеннің беделі де, мәртебесі де жоғарылайды.

1. Төреқұл. Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2001. - 592 б.
2. Молдабеков Ж. ШЕШЕНДІК: оқу құралы. – Алматы: «Қарасай», 2009. – 432 б.
3. Қазақ сөздігі (қазақ тілінің үлкен бір томдық сөздігі). – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А., 1966, 222 б.
5. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. 208 б.
6. Қосымова Г. Қазақ тілі: Шешендік өнер. Әдіст. нұсқау. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 80 б.

### **Резюме**

В этой статье рассматриваются особенности ораторского искусства и его лингвистические свойства. А также рассказывается об образе оратора в речевой деятельности.

**Ключевые слова:** язык, культура языка, ораторское искусство, образ оратора.

### **Resume**

In this article oratory features are considered and its linguistic properties. And it also touches upon the image of a speaker in speech activity.

**Keywords:** language, culture of language, art, image of the speaker.

**ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ**  
**ЛИНГВИСТИКА И ЛИНГВИСТИКА ТЕКСТА**  
**LINGUISTICS AND TEXT LINGUISTICS**

*УДК 378.02:37.016*

**ОСНОВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ФРАЗОВЫХ ГЛАГОЛОВ  
В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

**Садырмекова Индира Макеевна**

*(г.Алматы, Казахский Национальный Педагогический Университет имени  
Абая , кафедра иностранных языков для специальных целей института  
полиязычного образования)*

**Аннотация**

Изучение фразовых глаголов являются одним из условий формирования языковых навыков. Фразовые глаголы являются лексическими единицами, имеющие структурные и семантические свойства. Количество фразовых глаголов неуклонно растет, что представляет трудности в их запоминании и использовании в речи. Составляющие компоненты фразовых глаголов не всегда совпадают с основными значениями.

**Ключевые слова:** фразовые глаголы, глаголы, послелог, лексическая единица, компонент, стилистические особенности.

В настоящее время знание иностранного языка является одним из важнейших требований, предъявляемых к специалистам в условиях современного рынка труда, поэтому возрастает потребность в специалистах, владеющих иностранным языком на уровне, приближающемся к уровню владения речью носителем языка. Таким уровнем может обладать языковая личность, у которой сформированы определенные знания, языковые способности, речевые умения и навыки, а следовательно, имеющий готовность к осуществлению речевых поступков.

Наибольшие трудности при овладении иностранным языком для студентов представляет лексическая сторона речи и, в первую очередь, лексические единицы, обнаруживающие специфические структурные и семантические свойства, идиоматика английского языка. К таким единицам относятся английские фразовые глаголы. Фразовые глаголы являются социально значимыми единицами номинации для англоязычного коллектива, а также обозначают действие и уточняют его характер лаконичным и ясным способом.

В литературе фразовый глагол определяется как результат особой формы словообразования, отсутствующей в русском языке, например: to go on

=продолжать, to get out = выходить, to make up=гримироваться. Фразовый глагол образуется путем прибавления к моноксемному глаголу предложной частицы- послеслога, в результате чего значение исходного глагола может полностью измениться. Таким образом, фразовый глагол представляет собой единство глагола и послеслога. [1]

Количество фразовых глаголов в современном английском языке велико: в настоящее время их насчитывается более двенадцати тысяч, но это число неуклонно растет. Наряду с увеличением числа, растет и частота их использования: данные единицы являются чрезвычайно употребительными в речи и более предпочтительны по сравнению с глаголами латинского происхождения с аналогичным значением, например: to put off = to delay=откладывать, to come across = to find by chance=натолкнуться случайно.

Кроме того, расширяется сфера использования фразовых глаголов: они частотны не только в разговорном английском языке, но и в официальных отчетах, художественной литературе, часто используется в средствах массовой информации.

Зачастую фразовые глаголы «вытесняют» синонимичные им глаголы латинского происхождения, например: to put up with = to tolerate=терпеть, to come in = to enter=входить.

Фразовые глаголы занимают особое место в общем лексиконе английского языка и обладают целым рядом специфических семантических и стилистических особенностей, изучение которых является одним из условий формирования языковой личности и познания культуры страны изучаемого языка.

Одной из основных особенностей фразовых глаголов является идиоматичность. Подобно другим идиоматическим выражениям (идиомы, клише, устойчивые выражения), фразовый глагол представляет сочетание двух или более словобразующих фразовое единство, значение которого зачастую не совпадает со значением его составляющих, например: give in – сдать, make up – гримироваться, give up – отказываться, bring about – вызывать. Однако существует также значительное количество фразовых глаголов, общий смысл которых определяется суммой значений составляющих компонентов, например: allow in – впустить, разрешить войти; allow out – разрешить выйти; help in – помочь войти; help out – помочь выйти. Многочисленны также и переходные случаи, например, break in – вмешаться, прервать разговор; look down (on) – не одобрять чего – либо, смотреть свысока, презирать; look back – помнить, думать о прошлом. [2]

Рассматривая семантические особенности фразовых глаголов, нельзя не упомянуть, что данные лексические единицы выражают характер действия, переход из одного состояния в другое, побуждение к действию и т.д., но во всех случаях действие неизменно характеризуется значением, заключенным в самом глаголе.



Глагольный компонент представлен широко употребительным в английском языке и зачастую многозначным абстрактным глаголом. Именно толкование глагольного компонента оказывает влияние на значение фразового глагола в целом. С семантической точки зрения выделяются пять групп фразовых глаголов.

К первой группе относятся фразовые глаголы, выражающие движение и одновременно его характеризующие. Они составляют очень многочисленную и разнообразную группу. Глаголы этой группы чаще всего выражают не просто движение, а переход из одного места в другое, поэтому большинство из них употребляется с послелогоми, указывающими направление движения (into, out, up, to), например: go out – выйти, выходить; go into – войти.

Во вторую группу входят фразовые глаголы, выражающие прекращение или начало движения, например: run out – закончить гонку; throw off, get off – начинать (что-либо).

Фразовые глаголы, обозначающие переход объекта из одного состояния в другое или его перемещение, составляют третью группу. Глаголы, выражающие переход от движения к неподвижности или начало движения, могут быть отнесены к этой группе или рассматриваться как промежуточное звено. Вообще, границы между отдельными группами фразовых глаголов очень зыбки в лексическом отношении, поэтому их нелегко определить, например: move in – to take possession of a new place to live; move towards – to go in the direction of, to change one's opinion.

Английские фразовые глаголы с семантическим компонентом «отсутствие изменения положения объекта» относятся к четвертой группе, например: stay behind – to remain at a distance behind.

Наконец, к пятой группе можно отнести фразовые глаголы с доминирующим компонентом «образ движения», например: walk away from – to walk in a place without direction.

Следовательно, при работе с фразовыми глаголами необходимо обращать внимание студентов на семантику и толкование глагольного компонента фразового глагола для облегчения понимания, запоминания и перевода данного единства.

Обратим также внимание на статус и функцию второго компонента фразовых глаголов – послелога. Исследования показывают, что студентам сложнее всего запоминать, переводить и в дальнейшем использовать фразовые глаголы из-за большого количества и многозначности послелогов, присоединяемых глаголом, а также из-за их сходства по виду с обычными предлогами. Например, в предложении

I ran down the hill – Я сбежал с холма  
употребляется предлог down, а в предложении

The clock has run down – У часов кончился завод (часы остановились)  
послелог down является составной частью фразового глагола. Если в первом случае предлог down имеет свое конкретное пространственное значение, то

во втором примере налицо фразовый глагол *run down* – остановиться, истощиться, кончиться в состав которого входит послелог *down*. При этом значение данного фразового глагола не складывается из значения составляющих его компонентов.

Следовательно, необходимо учитывать трудности восприятия, вызываемые предложным компонентом фразовых глаголов, и использовать особые упражнения, помогающие разграничивать значения предлогов и послелогов и снимать трудности их восприятия, запоминания и перевода.

Рассмотрим фразовые глаголы с точки зрения значений предложного компонента. В литературе выделяются пять семантических разрядов фразовых глаголов:

фразовые глаголы, в которых послелог выражает свое первичное или основное пространственное значение, например: *come in, walk out*;

фразовые глаголы, в которых послелог имеет абстрактное производное от основного значение; связь его с первичным значением ощущается, например: *let somebody down*;

фразовые глаголы, в которых послелог, сохраняя свое основное пространственное значение, подчеркивает или подкрепляет значение глагола, а значение, привносимое предлогом, лишь усиливает значение глагола, например: *sit down, rise up*;

фразовые глаголы, в которых послелог привносит лексически видовой оттенок, указывающий на начало, продолжение, окончание, повторение действия, например: *eat up, go on*;

фразовые глаголы, значения которых не складываются из значений глаголов и послелогов, а являются семантически неразложимыми, т.е. можно сказать, что фразовые глаголы являются идиоматичными по своей природе, например: *put up with*.

Как правило, студенты хорошо знакомы с основными предлогами, выражающими пространственные отношения: *up, down, away, in, out*. Следовательно, те фразовые глаголы, в которых послелог выражает свое первичное или основное пространственное значение, достаточно легко усваиваются студентами, хотя при введении этих фразовых глаголов желательно уточнить, подчеркнуть значение послелога, например: *go in, come out, take away*. [3]

Фразовые глаголы, в которых послелог, сохраняя свое основное пространственное значение, подчеркивает или подкрепляет значение глагола, например: *fall down* – упасть, *rise up* – подняться, не вызывают особых затруднений у студентов при рецепции (аудирование, чтение), однако в говорении студенты не подкрепляют значение глагола послелогом. Значения вышеперечисленных фразовых глаголов буквальны.

Фразовые глаголы, в которых послелог имеет абстрактное производное от основного значение, связь которого с первичным ощущается, такие как *let a person down = fail him; come in = find a place*, не вызывают у студентов

особых затруднений, если установить связи между основным и производным значением послелого.

В отдельную группу можно выделить фразовые глаголы, в которых послелог привносит видовой оттенок, указывающий на:

- а) начало действия: light up = begin smoking;
- б) продолжение действия: go on, talk away;
- в) окончание действия: eat up = eat the whole;
- г) повторение действия: write again, write anew, write afresh.

В этих сочетаниях послелог не имеет связи со своим первичным значением, но имеет лексический видовой оттенок.

Фразовые глаголы, значения которых не складываются из значений глаголов и послелогов, или другими словами, идиоматичные по своей природе, являются наиболее сложными для понимания, семантизации, запоминания, правильного употребления и перевода студентами. Данные фразовые глаголы требуют дополнительной тренировки, как и любые идиоматические обороты, у которых нет эквивалентов в родном языке, например: come about = happen, fall out = quarrel.

Представляется необходимым также уделить внимание изучению стилистических особенностей английских фразовых глаголов и их функциональных свойств, а именно: почему говорящий или пишущий в определенных ситуациях общения предпочитает фразовый глагол другим формам выражения мысли на данном языке, каково соотношение этих форм применительно к тому или иному функциональному стилю речи.

Употребление многих фразовых глаголов ограничено рамками определенного стиля языка, поскольку фразовые глаголы отличаются эмоциональной окрашенностью и являются более экспрессивными, чем их латинские синонимы. Употребление фразовых глаголов характерно в первую очередь для разговорного стиля, хотя в последнее время фразовые глаголы активно используются в других стилях, например в статьях, радио и телевизионных передачах научных отчетах и сообщениях.

Таким образом, все фразовые глаголы не следует относить к одному стилю, их необходимо дифференцировать, подразделять на стилистические категории, чтобы избежать стилистических ошибок и корректно использовать фразовые глаголы в соответствующих стилях языка.

Очевидно, что среди фразовых глаголов существует значительное стилистическое разнообразие, которое отражено в частности, специализированных словарях фразовых глаголов, где они объединены в различные стилистические группы – официальные, разговорные и сленговые, однако данную классификацию нельзя назвать абсолютной, поскольку глаголы могут «переходить» из одной группы в другую. Существуют разговорные фразовые глаголы, например, глагол make up, которые настолько частотны в устной речи, что по прошествии некоторого времени

они начинают использоваться и в письменной речи, таким образом, их уже нельзя назвать разговорными, а следует отнести к нейтральным.

Большинство фразовых глаголов являются стилистически нейтральными, или межстилевыми, поскольку они могут быть использованы во всех стилях языка и не содержат какой-либо оценки. Такие фразовые глаголы, как *stand up*, *switch on*, могут быть использованы и в разговорной речи, и в официальной письменной речи. Некоторые из нейтральных фразовых глаголов могут быть равноценно заменены другими глаголами, в частности в официальной речи возможна замена фразового глагола на моноксемный, например, *stand up* = *rise*.

В заключение необходимо отметить, что изучение семантических и стилистических особенностей английских фразовых глаголов является необходимым при подготовке квалифицированных переводчиков, владеющих идиоматикой английского языка, способных переводить часто используемые в английском языке фразовые глаголы на русский язык и переводить тексты различных жанров с русского языка на английский, используя фразовые глаголы.

1. М.С. Переверткина, Изучение особенностей английских фразовых глаголов как условие познания культуры страны изучаемого языка.
2. Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин, Словарь методических терминов.
3. Clive Oxenden, Christina Latham-Koenig, Paul Seligson, *New English File*.

## Түйін

Фразалық етістіктерді зерттеу тіл дағдыларының қалыптасу шарттарының бірі болып табылады. Фразалық етістіктер құрылымдық және мағыналық қасиеттері бар лексикалық бірліктер болып табылады. Фразалық етістіктер санының өсуі оларды есте сақтау және пайдалануын қиындыққа алып келеді. Фразалық етістіктердің компоненттері бас мағынасымен сәйкес келе бермейді.

Түйін сөздер: фразалық етістіктер, етістік, демеулік, лексикалық бірлік, компонент, стилистикалық ерекшеліктері.

## Resume

The study of phrasal verbs is considered as one of the conditions of language formation skills. Phrasal verbs are lexical units with structural and semantic properties. Number of phrasal verbs is steadily increasing, that is difficult to remember and use them in speech. The components of the phrasal verbs do not always coincide with the basic meanings.

**Key words:** phrasal verbs, verbs, postposition, lexical unit, component, stylistic features.

УДК 82.0:001.92; 82.0:061.22

## ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЛИТЕРАТУР НАРОДА КАЗАХСТАНА

**Жаманшина А.С.** – магистрант, специальность  
*Востоковедение,*

**Мирзоев К.И.** – доктор филологических наук, профессор,  
академик *МАН ВШ, заведующий кафедрой*  
*Восточных языков КазНПУ им. Абая*

### **Аннотация**

В статье рассматриваются основные тенденции развития литературы народа Казахстана, представляется значение литературы, как общественного и исторического факторов, определяется роль этносов, проживающих на территории нашей страны, и литературных связей с зарубежными и восточными странами, как основных условий развития литературы нашего народа в ходе исторического процесса.

**Ключевые слова:** литература народа Казахстана, литературно-художественный опыт, этносы Казахстана, культурное наследие, диалог культур, взаимоотношение народов, развитие казахстанской литературы, художественные традиции.

История и культура Казахстана на протяжении многих столетий развивались в тесном взаимодействии с восточными цивилизациями. Китайские, тюркские, монгольские, иранские и арабские древние и средневековые письменные памятники являются ценными источниками для изучения кочевых культур и этнополитической истории на территории нашей Республики.

Успехи нашей культуры, искусства и литературы известны далеко за пределами Казахстана. Учитывая важность интеграционных процессов, которые характерны для всего мирового сообщества, так и для нашей республики, очень важно показать значение литературы, как объединяющего фактора. Наше суверенное государство демонстрирует мировому сообществу не декларативное, а глубокое взаимопонимание и взаимоуважение народов, образец этнического объединения при сохранении самобытности, языка и культура каждого из них.

За последние годы обществу возвращены многие имена репрессированных деятелей культуры, искусства, писателей и поэтов, изданы их сочинения, опубликованы многочисленные произведения устного народного творчества, оставшиеся до этого в неизвестности, благодаря чему

наша культура значительно обогатилась. «Уникальность современного Казахстана заключена в этническом многообразии. Это огромное богатство, общее достояние всего нашего общества, дающее казахстанцам возможность обмена с другими народами ценными культурными достижениями», отмечал в своем выступлении на X сессии Ассамблеи народов Казахстана Н.А.Назарбаев [1].

У народа Казахстана, внесшего огромный вклад в духовные ценности народов мира и общечеловеческую цивилизацию, а также в историю культуры и литературы, немало достойного культурного наследия. Благодаря Государственной программе «Культурное наследие» возвращено веками хранившееся на полках рукописных фондов литературное наследие, среди которого изданное в XIX-XX веках на арабском, латинском и древнетюркском алфавите и неизвестные ранее широкому читателю и не издававшиеся тексты фольклора. «Только ученые понимают, сколько труда стоило изучение текстов, восстановление имен религиозных и исторических личностей, имен сказителей, переписчиков и собирателей фольклора, уточнение географических названий, результатов экспедиций, выяснение и составление различных вариантов текстов, разъяснение непонятных слов, написание научных заключений и пояснений к уникальному Своду казахского фольклора «Бабалар сөзі» в 100 томах» [2].

Межнациональное единство Казахстана имеет в своей основе исторические традиции взаимовлияния культур и литератур. Ренессанс евразийской идеи, возникшей в двадцатые годы XX-го столетия, вновь властно заявил о себе в работах и выступлениях Президента Казахстана Н.Назарбаева, акцентирующего внимание на наращивании потенциала традиционного культурного взаимодействия. Существует давняя и глубокая культурная традиция взаимодействия этносов, диалога крупных культур на территории Казахстана и Евразии в целом. Поэтому проблематика евразийства диктует необходимость комплексного научно-теоретического исследования в аспекте философского, исторического, филологического, социокультурного и политологического дискурсов современного литературного процесса.

Лидер Нации Н.А.Назарбаев, приветствуя участников XIV съезда писателей Казахстана (сентябрь 2012г.), особо подчеркивает значение литературы в сплочении нации, укрепления государственности, независимости и роль писателей в формировании ее духовного потенциала. На встрече с Президентом страны Н.А.Назарбаевым состоялось всестороннее обсуждение дальнейшего развития гуманитарной науки и роли интеллигенции в современном Казахстане, которая, по мнению Главы Государства должна внести особый вклад в формирование нового казахстанского патриотизма, в строительство сильного процветающего государства.

Свое первоначало казахская литература берет в далеком VI веке. Уже в то время, по свидетельствам китайских летописных источников, у тюркоязычных племен Казахстана существовала устная поэтическая традиция, которая оставила свой след через известные казахстанскому народу эпосы «Коркыт ата» и «Огузнаме». Нельзя не отметить знаменитые героические и лирические поэмы, такие как «Кобыланды батыр», «Ер-Таргын», «Алпамыс батыр», «Камбар батыр», «Козы-Корпеш и Баян-Сулусу», «Кыз-Жибек». Самым первым крупным лирическим произведением является поэма «Кутадгу билик» (Благодатное знание) Юсуфа Баласагуни, написанная в 1069 году. Все вышеперечисленные поэмы и эпосы, появились в свет во время войн и распрей среди племен, бытовой жизни людей проживавших в средние века, что дало толчок талантливейшим из них людей создать данные произведения.

Корни происхождения казахской литературы уходят в глубокую древность. Доказательству этого фундаментального и основополагающего тезиса посвящены монографии, научные исследования, статьи и учебные пособия выдающегося ученого-тюрколога, заслуженного деятеля науки Казахстана, доктора филологических наук, писателя, профессора, переводчика лауреата золотой медали Европейского общества Кафки и премии Кюльтегина Н.Келимбетова. Они обращены к молодому поколению Независимого Казахстана: «Изучение и освоение исторического опыта народа, сокровищ его духовной культуры, литературного наследия, пронесенных сквозь века и тысячелетия, имеют первостепенное значение для современного молодого поколения. Только при всестороннем исследовании взаимоотношений и контактов народов, населяющих мировое пространство, становится возможным получение наиболее достоверного и объективного представления об их вкладе в общую сокровищницу мировой культуры... Казахи, равно как и другие народы мира, обладают неповторимой, самобытной материальной и духовной культурой, имеющие древнейшие истоки развития. Наш народ,- подчеркивает Н.Келимбетов во Введении к книге «Древний период истории казахской литературы», внес свою лепту в мировую науку, искусство и литературу, вывел на историческую арену ученых, писателей и поэтов мировой величины» [2.3]

В ходе своего развития литература народа Казахстана не была обральной. Все народы и этносы, проживавшие в то время по соседству с казахами, и все этносы, проживающие сейчас в нашем государстве повлияли на рост и развитие казахстанской литературы. Каждый из других народностей, будь то татар, узбек, турок, туркмен, курд, немец, русский, калмык, кабардинец, в ходе общения друг с другом, становился следствием синтеза культуры, обычаев, традиции и литературы народа на проживаемой территории. В данное время мы имеем множество письменных источников, книг, в которых рассказы, повести, романы или же очерки знаменитых

историков, востоковедов, языковедов показывают результат смешения литератур.

Благодаря многонациональной литературе нашего государства, литература нашего народа становится лишь богаче. Мы можем с гордостью сказать, что в почти каждой из живущих с нами народностей есть частичка нашей истории.

Современные литературные связи Казахстана имеют в своей истории славные традиции. К рассмотрению проблемы художественных традиций следует подходить комплексно. Об этом труды академиков- З.А.Ахметова, З.К.Кабдолова, видных ученых-литературоведов И.Х. Гадирова, М.Б.Базарбаева, Ш.К. Сатпаевой, Е.В.Лизуновой и многих других. Комплексные проблемы художественных традиций охватывают большой круг литературоведческих понятий: генезис и типология жанра, единство содержания и формы, особенности поэтики и стиля, художественный перевод и т.д.

Важнейшими особенностями новейшей литературы и художественной культуры народов Востока (Казахстана, Турции, Азербайджана, Узбекистана, Туркмении, Ирана, Ирака, Таджикистана, Пакистана, Индии, Курдистана и др.) являются его восточный характер, многообразие и богатство форм, индивидуальность стиля, расцвет отдельных видов и жанров литературы и искусства.

Глубокое осмысление казахского национального исторического, литературно-художественного опыта в тесной связи с историческим опытом и с художественной историей и практикой литератур народов Востока- одно из важнейших условий успешного развития многих общественно-гуманитарных наук тюркских народов. Этим проблемам посвящены многочисленные диссертации, в том числе М.Джолдасбекова «Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе» Автор.канд.дисс...Алма-Ата 1969), книги «Об интернациональном единстве и национальном своеобразии литератур народов Средней Азии и Казахстана» (Алма-Ата, 1962), «Межнациональные связи казахской литературы» (Алма-Ата, 1970) и др. [3.14].

Литература народа Казахстана - это не только литература Казахстана, это сплетение всех литератур этносов проживавших и проживающих на территории нашего государства, а также уходящее за его пределы. С.Сеитов и А.Фейзуллаева отмечают: «Отражение инонациональных мотивов в национальной литературе – яркое и конкретное свидетельство ее интернациональной широты, одна из активных форм проявления социально-духовной общности, ее интернациональной широты, одна из активных форм проявления социально-духовной общности наших народов»[5.229].

Расцвет казахской литературы связан с периодом Независимости, открывшем новые горизонты и создавшем наиболее благоприятные условия для развития литературного процесса и выявления роли и значения



литературы в развитии современного национального самосознания. По историческим меркам это срок невеликий, но в истории нашего Независимого Казахстана занимает исключительное место. Издание лучших, классических трудов казахских ученых прошлых лет обогатило нашу науку и реально воплотилось в новом проекте «Ғылыми қазына». Очень важно было в условиях суверенитета реально показать, как идеи независимости закладывались в трудах отечественных ученых, преодолевали препоны цензуры, идеологический диктат. Через слово, художественные образы казахская литература давала пищу для осмысления важнейших, глубинных идей. Переизданные труды известных деятелей науки, литературы и культуры обретут новую жизнь. Так выдающееся наследие казахских классиков возвращается в современность [6].

Таким образом, мы можем уверенно сказать, что литература народа Казахстана развивается непрерывно, и этому способствует не только прожитые нами события в течение многовековых лет и представленные нам сквозь произведения казахстанских писателей, но и развитие литератур всех этносов проживающих вместе с нами в Республике Казахстан, независимом и суверенном государстве. Каждый поэт, писатель, исследователь, ученый, не смотря на его национальность, язык или же манеру выражения своего произведения, вносит свою часть истории, мышления, исследования, открытия в литературу народа Казахстана.

Литература народа Казахстана входит в мировой культурный контекст в качестве субъекта литературно-художественного процесса, определяются векторы его дальнейшего развития и жанровая динамика, происходит моделирование классического, модернистского и постмодернистского дискурса. Поэтизация родной земли, героизация истории и осмысление судьбы этносов выступают в национальных литературах доминирующими, консолидируя общество и укрепляя идейно-поэтическое единство полиэтничного и поликонфессионального народа Казахстана [7.66].

Литература нашего народа - это основа, которая дает нам целостное представление о культуре, традициях, обычаях, истории, экономике, политике и многом другом. Нам следует знать, уважать, сохранять, расширять и ценить нашу литературу, независимо от времени и места нашего нахождения.

1. Казахстанская правда, 24 декабря 2003г.
2. Келимбетов Н. Древний период истории казахской литературы. Учебное пособие. // Алматы:Санат, 1998.-С 256. Цитируется С.3
3. Историко-культурные связи Казахстана со странами зарубежного Востока в контексте языковой компаративистики. // Под ред. д.ф.н., академика МАН ВШ, проф. Мирзоева К.И. – Алматы: КазНПУ им.Абая, издательство «Ұлағат», 2013. – С.248.

4. Историко-культурные связи Казахстана со странами зарубежного Востока в контексте языковой компаративистики (часть 2).// Мирзоев К.И. – Алматы: КазНПУ им.Абая, издательство «Ұлағат», 2015. С.-200
5. Сеитов С.С., Фейзуллаева А.Г. Художественное взаимоотношение. Азербайджанско - казахские литературные связи. // Баку:Элм, 1990г. –С.229.
6. Калижанов У.К. Культурный код народа Казахстана. // Литературный портал [Электронный ресурс] - Режим доступа: [www.adebiportal.kz/kulturnyy-kod-naroda-kazakhstan.page](http://www.adebiportal.kz/kulturnyy-kod-naroda-kazakhstan.page)
7. Литература народа Казахстана. Изд.второе, дополненное /Отв. Редактор С.В. Ананьева. – А.: КАЗАКПАРАТ,2014. – 380с.
8. Современная литература народа Казахстана. Коллективная монография. / Под ред. С.В.Ананьевой.- Алматы: Evo Press, 2014 – 488с.
9. Темиргалиев С. Диалог друзей // Казахстанская Правда.28.11.2014.
- 10, Джолдасбекова Б., Сарсекеева Н. Авторский дискурс прозы Ю.Домбровского в контексте современной казахстанской прозы о художнике. – А.: Қазақ университеті, 2013-210 с.

### **Түйін**

Мақалада Қазақстан халқы әдебиетінің негізгі даму беталыстары қарастырылған. Әдебиеттің мәні қоғамдық және тарихи факторлары ретінде көрсетілген. Біздің еліміздің аймағында тұрып жатқан этностардың рөлі, және де шетел мен шығыс елдерімен әдеби байланыстарының рөлі тарихи үдерісінің үстінде өткен біздің халқымыздың әдебиетінің дамуының негізгі шарттары ретінде анықталған.

**Тірек сөздер:**Қазақстан халқының әдебиеті,әдеби-көркем тәжірибе, Қазақстан этностары, мәдени мұра, мәдениеттер диалогы,халықтардың қарым-қатынастары,қазақстандық әдебиетінің дамуы,көркем дәстүрлері.

### **Resume**

The article identifies main tendencies of the development of national literature in Kazakhstan, representing the value of literature as a social and historical factors, it defines the role of the ethnic groups which live in our country, and literary links with foreign and Eastern countries as the basic conditions for the development of national literatures during historical process.

**Key words:** Literature of Kazakh nations, literary and artistic experience, ethnic groups of Kazakhstan, cultural heritage, dialog of cultures, the relationship of nations, the development of Kazakh literature, artistic traditions.

УДК 81

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ОРОНИМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

**Баймұратова Әсел Жамбылбекқызы**

*Алматы технологиялық университетінің аға оқытушысы,  
Абай ат. ҚазҰПУ, МжДИ магистранты  
Алматы қаласы*

### **Аңдатпа**

Ономастика қазақ тіл білімінің, салыстырмалы түрде айтқанда, кенже саласы болып есептеледі. Қазақ ономастикасының кейбір проблемалары, оны зерттеудің алғашқы адымдары ғылыми кезеңге бөліп қараудан бұрын көптеген орыс және қазақ ғалымдарының еңбектерінде әр кезде де сөз болған. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кейбір қазақ есімдері, жер-су атаулары мен этнонимиясы жөніндегі аса құнды деректерді Ш.Уәлихановтың, сондай-ақ орыс ғалымдары П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, В.В. Радлов, А.В. Левшин, Н.А. Аристов, П.С. Паллас, Г.Н. Потанин, А.Н. Харузиннің еңбектерінен кездестіруге болады. Кеңес дәуірінің 30-40 жылдары ономастикалық материалдарға қазақ ғалымдары да қызығушылық танытып, оның мазмұны мен тәсілдемесін жасауға Қ.Қ.Жұбанов, С.А.Аманжолов, С.Алиев, Н.Баяндиндер зор үлес қосты. Қазіргі таңда дәл осы салада аянбай еңбек етіп келе жатқан отандық ғалымдар: Т.Жанұзақ, Қ.Рысбергел, Б.Бияров, қазақ ономастикасын лингвоконцептологиялық тұрғыдан зерттеген Б.Тілеубердиев және т.б. атап өтуіміз керек.

Қазақ ономастикалық кеңістігі бірнеше секторлар мен сегменттерге бөлінеді. Жалқы есімдер атауға ие болатын нысана денотаты сипатына сай түрлі топтар мен кластарға бөлінеді. Қазақ ономаст-мамандары онимдік бірліктерді топтарға бөлгенде Батыс Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулеріне сүйенетіндігін айту керек [1,6].

Осы орайда сөз болғалы отырған мәселе – оронимдер, соның ішінде Алматы облысының оронимдері. Ороним – гр. *Oros* «тау» + *onoma* «есім» - топоним түрлерінің бірі. «Жер бедерінің төмен және көтеріңкі келетін оң және теріс пішіндерін айқындайтын термин. М.: Каспий маңы жазығы, Ертіс өзені жайылмасы, Бараба даласы, Хантәңірі шыңы, Іле жоталары» [2,233]. Ороним термині құрғақ жердің барлығын қамтығанымен, негізінен, жер бетінен көтеріңкі орналасқан нысандарды атауға болады.

Қазақ тіл білімінде тау атауларына қатысты зерттеулер көптеген ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Есенгелді Керімбаев «Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана» атты кандидаттық дицертациялық жұмысында «Қазақстан оронимдерінің қалыптасуы мен дамуы», «Қазақстанның халықтық орографиялық терминологиясы» және «Қазақстан оронимдерінің лексика-семантикалық топтары» жан-жақты талдап, ғылыми негіздерін қарастырды. Шығыс Қазақстан оронимдерін кандидаттық диссертация көлемінде зерттеген Бердібек Бияров өлке оронимдерінің тарихи-лингвистикалық сипатын, семантикалық және этнолингвистикалық жақтары мен құрылымдық жүйесін толық зерттеді. Ғалым өз жұмысында Оңтүстік Алтай Өңірінен 2002 оронимді – тау аттарын жинап, ғылыми жүйеге түсіріп, олардың тізімін диссертациялық жұмысының қосымша ретінде берген.

Алматы облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 224,0 мың км<sup>2</sup>. Батысында Жамбыл, солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі.

Облыстың табиғаты мен жер бедері ала-құла. Балқаш және Алакөлге ұласатын солтүстігі көлбеуленген құмды жазық алқап. Бұл өңір негізінен антропогеннің аллювийлік және эолдық шөгінділерінен түзілген. Оның басым бөлігін Сарыесікатыраудың, Тауқұмның, Лөкқұмның, Қарақұмның, Қорғанқұмның қырқалы және төбешікті құмды алқаптары алып жатыр. Балқаш маңы жазығының Іле аңғары өтетін атыраулық бөлігі көне құрғақ арналармен тілімделген. Солтүстік шығыста Жетісу Алатауы мен Барлық тауының аралығында Жетісу (Жоңғар) қақпасы орналасқан. Облыстың шығысын Жетісу Алатауының сілемдері толығымен қамтыған. Олар тауаралық ойпаңдар мен қазаншұңқырлар арқылы бөлінген. Осы тұста Жетісу Алатауының ең биік тауы – Бесбақан (4442 м) орналасқан. Тау сілемдерінде 1300-ден астам мұздық бар, олардың жалпы ауданы 1,0 мың км<sup>2</sup>-ге жуық. Жетісу Алатауының кейбір сілемдері (Қолдытау, Алтынемел,

Малайсары, Тышқантау, Текелі, Сайқан т.б.) өзен маңындағы жазық өңірлерге сұғына еніп жатыр. Облыстың оңт. және оңтүстік-шығысы Іле, Күнгей, Теріскей Алатаулары, Кетпен (Ұзынқара) жотасы және Солтүстік Тянь-Шань сілемдерінің т.б. жоталарынан құралған. Жетісу Алатауы мен Іле, Күнгей Алатаулары және Кетпен таулары аралығында Іле ойысы (аңғары) жатыр. Алматы облысының оңтүстік-батысын және батысын Шу, Іле таулы үстірттері мен далалары қамтыған (Жусандала, Бозой, Қараой үстірттері).

Ғалым Т.Жанұзақов өзінің «Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы» атты еңбегінде: «... ұлан-ғайыр жерімізде тау аттарының өте мол екенін көреміз. Таулы аймақ саналатын Алматы облысы жеріндегі тау аттары қазіргі толық жиналып, ғылыми жүйеге түсірілді деп айта алмаймыз» - дей келіп, өз пікірін одан әрі: «Бұл еңбекте өлкедегі белгілі, ірі тау аттарын ғана беріп отырмыз. Аты әлемге әйгілі, күллі қазақ жеріндегі ең биік *Хантәңірі тауы, Сартау, Елиенбүйрек, Лабасы, Көмірші, Қошқар, Сүмбе, Қарқара, Шөладыр тауы, Басқарқара, Құлық, Таушелек, Қыземшек, Торайғыр, Бұғыты, Сөгеті, Асы, Бақай, Қараш, Қақпақ, Айғыржал, Құланбасы, Үшқақпақ, Қарақия, Құрайлы, Шәкірамбал, Құсмұрын, Өкір, Сарыбастау, Жабыр, Үшқараш, Талғар шыңы, Алатау, Іле Алатауы, Кетпен, Доңызтау, Қастек, Үшқоңыр, Суықтөбе, Амангелді шыңы, Қалман биігі, Баркөрнеу, Бүркітті, ешкіөлмес, Жабық, Бежінтау, Жаманкөл (тау), Жаманты, Жауырынбайлаған, Жетім, Жетісу тауы (Жоңғар қақпасы), қайшы, Қалмақасу, Қанарақ, Қаражырық, Қарауңгір, Қату, Қосқолаң, Қояндытау, Қу, Майтөбе, Малайсары, Матай, Наршаң, Ойқарағай, Өлеңді, сайқан, Сайымбөлек, Сарқан тауы, Сары жота, Сарытау, Таз, Талдыбұлақ, Тасжүрек, Текелі, Теріскей Алатау, Тянь-Шань, Шыбынды.*

Жетісу өлкесіндегі ірі таулар мен жота, қырат, шың, дөң, дөңес, төбе, шоқы, оба, сай, өзек, жыра, шат, шатқал, аңғар, текше, жал атауларының мыңдап кездесетіні көпке мәлім. Олай болса, Алматы облысының оронимдерін жинап, өз алдына зерттедің мәні зор болмақ», - деп түйіндейді [3,21]

Б.Бияров орографиялық терминдерден жасалған түбір оронимдерді қарастыра келіп, түрлі мысалдар келтіреді. Соның ішінде Алматы облысындағы Қараш орониміне қатысты: «Қараш – тау. Алматы обл., Еңбікшіқазақ ауд. Қараш – қырғыз тілінде үлкен лауазым аты. Қырғыздар алдымен биік таудың басын қараш деп атап, одан соң лауазымға көшірген сияқты. Бұл орографиялық термин алт. Қарайыш <қара+иыш «орманды тау» оронимінің ықшамдалған түрі болуы да мүмкін», - дейді [4,66]

Дәл осы атауға байланысты Т.Жанұзақ еңбегінде мынадай дерек келтірілген: «Қараш – тау, биік 3214 м, Еңбекшікқазак ауданы Жоңғар қалмақтарымен болған соғыстарда қазақ қолын бастаған Ұлы жүздің шапырашты тайпасынан шыққан атақты Қараш батыр құрметіне қойылған атау. Бұл маңда кейде Үлкен Қараш, Кіші Қараш немесе Үшқараш деп та атап кеткен» [5,115].

Белгілі ғалым Н.А.Баскаков түркі тілдерінің құрылыс жайлы айтқан ой-пікірлерініңде атрибутты тіркеске назар аударған еді. Әсіресе изафет деп аталмай келген дәстүрлі атаудың құрылымдық табиғатына терең тоқталады да оған жаңа атау:табиғатына терең тоқталады да оған ждаңа атау: детерминативті (дәстүрлі изафет) тәуелді жалғаулы сөз тіркестері деген ат берген. Түркі тілдеріндегі бұл конструкциялар жалқы есімдердің барығында, оның ішінде, топонимдерде кеңінен қолданыс табады. Зерттеушілердің пайымдауынша, таудың басы деген тіркес тау басы деген тіркестен көне. Соған қарағанда, тәуелдік жалғауларының екеуі бірдей кездесетін географиялық атауларды ең көне, бір ғана тәуелдік жалғаумен келген немесе жалғаусыз конструкциялы топонимдерді соңғы дәуірлерге тән деп қарауға болады. Бұған дәлел ретіде Жетісу өлкесіндегі топонимдерден мына төмендегілер тән екендігі шүбәсыз. Мыс.: Манастың бозтөбесі, Қараштың сазы, Бозайдың үстірті (бұлар ең көне тәсіл), ал Амангелді шыңы, Жамбыл мұздығы, Жабық жотасы, темірлік асуы, Тұйық шыңы, Көшпелі тауы, Сарқан тауы, іле Алатауы, Қастек асуы, Бозой үстірті тектес атаулар соңғы дәуірлерде жасалған топонимдер болып саналады [3,37]

Қазақстандағы ең биік шың – Хантәңірі шыңы Алматы облысына тиесілі. Бұл оронимдік атауға қатысты төмендегідей деректерді келтіруге болады.

*Хантәңірі (Хан-Тенгри)* – Тянь-Шаньның орталық бөлігіндегі оқтай шаншылған, бюиіктігі 6995 м биік шың. Хантәңірі тауын ақын І.Жансүгіров:

«Асқардың арғы атасы Хантәңірі,

Албанның өрісінің төрінде екен.

Па, шіркін! Болады екен тау да сұлу,

Мұз көйлек көк мұнармен белін буу», -

жырлаған. Тауды көрмеген адамның осы өлең жолын оқыған соң толық мағлұмат алары сөзсіз. Бұл ұлы тау Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы шекарасында орналасқан. Атаудың бірінші сыңарындағы *Хан* сөзінің байырғы заманда «*тау*» мағынасында айтылғанын ескерсек, екінші құрамындағы сөз көне түркі тілінде *тангр//тәңрі* – «көк, аспан», «құдай», монғол тілінде *тэнэр* – «көк», «аспан» мағыналарын білдірген. Ерте замандарда Тенгір көне түркілердің «ең басты құдайы» саналғаны тарихтан мәлім. Олардың әулие, құдайларын *Тенгри* (Тәңірі), *Умай* (Ұмай) *Иер-Су* (Жер-су) атағаны жайлы V-VIII ғасырларға тән Орхон-Енисей жазба ескеткіштерінде де жазылған. Белгілі ғалым Клоссон *тенгір* сөзін Хун, Үйсін дәуіріне (біздің жыл санауымыздан бұрынғы III ғ., одан да ары) жатқызады да, «аспан», «әулие», «көк» деп түсіндіреді [3,190]

Е.Қойшыбаев: «Көне түркі тайпаларының бірі тува түркілері де қазіргі Саян тауын Хантәңірі «Аспан тау» деп атаған. Бұл жағдайлардан біз Хантәңірін, көне түркілердің «Аспантау» мағынасындағы атауы деп те айта аламыз», - деп жазды [6,233]

Осы тектес атаулар түркі халықтары ішінде хакас жерінде *Хан-тигр*, Кузнецк Алатауының оңтүстігінде, Мирнусин мен Кузнецк ойпатының аралығында *Тигір Тізі* атты таулар, Алтайда *Тенери* – «аспан», Тенери-Айры – «аспан айрығы» атты көлдер бар. Бұл тәрізді тау, көл атауларының «аспан», «көк», «құдаймен» байланысты аталуы ертедегі анимистикалық сенімге, сол кездегі адамдардың отқа, аспанға, табиғатқа табынуымен байланысты болған.

Демек, жоғарыдағы деректерге сүйенгенімізде, хантәңірі атауы – «аспанмен ыласқан, көкке тірелген биік тау», «аспан тәңірісі, құдайы», «аспан көкпен тіркескен хан» деген мағынада қойылған сияқты.

Танымал таулардың тағы бірі – Алатау. *Алатау* - тау, басы Хантәңірі шыңынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шыңды, басында мәңгілік мұздар мен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны - Кузбас алатауы, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, қырғыз Алатауы, тяньшань атауларынан белгілі. Осы Атаулардағы ала сөзінің төркін, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің» аралас келген түсіне /орысша пестрый/ қатысты емес, ұлу немесе одан да көзтелеу оло тұлғасында артатындай» [6,233]. Бұған қарағанда, Алатау – «ұлы, аса зор, биік тау» деген мағынаға ие екені байқалады.

*Мұзарт (Музарт)* – Райымбек ауданындағы мұз таудағы биік асу. Атаудың екінші сыңарындағы арт сөзі көне түркі тілінде «асу, бел» мағынасында қолданылған. Аталмыш ауданның Ш әлкөде жайлауында Есекартқан деген тау асуы да бар. Ол «есек асқан асу, бел» деген мағынаны білдіреді. Мұзарттан асып өту қиын болған. Адамның не малдың аяғы таймау үшін киіз үйдің құрым киіздерін мұз үстіне жайып жіберіп, соның үстімен өткен замандар да болған. Атақты ақын І.Жансүгіров Мұзарт туралы:

Меруерт жалтылдайды күнгей Мұзарт,

Көз түгіл үңілесін көңілменен.

Құзары Құдырғының Құлдыр шұнақ,

Өрікті – ол боз биедей желіндеген, - деп тамаша суреттеген [5,151].

1. Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. 128 бет.

2. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.

3. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 265 бет.

4. Бияров Б.Н. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.

5. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 524 бет.

6. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алма-Ата, 1985.

## **Резюме**

В статье рассматриваются вопросы топооброзования. А также указано словообразовательные модели оронимов.

**Ключевые слова:** ономастика, оронимы, лингвистика.

## **Resume**

The article deals with word-formation models of oronyms.

**Keywords:** onomastics, oronima, linguisticis.



УДК 81-13

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сафуллина Назгүл *Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті*  
*Филология институтының I-курс магистранты*  
*(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)*

### Аңдатпа

Қазіргі қазақ тілінің лингвоэкологиялық жағдайын зерделеп, тілдік орта мәселесін, оның өзгеру, даму динамикасын, тілдің дамуына, тілді қолдануға теріс әсер ететін себептерді айқындап және қазақ тілін – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын сақтаушы, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақтілділердің экологиялық рухани ортасы болып келгенін ғылыми тұрғыдан қарастыру – лингвоэкологиялық зерттеудің негізгі мақсаты. Яғни сөз экологиясы, сөйлеу мәдениеті проблемалары әлемдегі барлық тіл жанашырлары үшін, соның ішінде қазақ тілі тәрізді қағажу көрген тілдің жанашырлары мен зерттеушілері үшін де ең өзекті мәселелердің бірі десек қателеспейміз.

**Тірек сөздер:** Тіл, тілдік орта, лингвоэкология, даму,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деп қадап айтқан болатын. [1] «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге белгісі» деп Бауыржан Момыш-ұлы айтқандай, мемлекеттік тілді білу – әр қазақтың, елімізде тұратын әр ұлт өкілінің міндеті. [2]

Қоршаған тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін сөздің тағы бір түрі – жаргон сөздерге орынсыз әуестенушілік. Әсіресе өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарынан бастап қазақ жастарының тілі жаргон сөздерге үйірсектене бастады.

Сөйтіп, сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі. [3,25]

«Бала тәрбиесі – бесіктен» дегендей, бала есейіп, санасы дамығанша, оның тілі, сөйлеу мәнері отбасында қалыптасады, балабақшадан, мектептен, оқу орнынан ықпал, әсер алады. «Тәрбие басы – тіл» деп Махмұд Қашқари

айтқандай, баланың өз ана тілін қажетті деңгейде меңгеруі аса маңызды. Баланың тілін дамытуда құралдарды қалай пайдалануымыз керек? Мысалы: Жапония елінде баланы 12 жасқа дейін тек жапон тілінде ғана білім беріп, өз ұлтының құндылықтарын үйретеді екен. Сондықтан өз елімізде ата-ана, тәрбиеші, мұғалім арасындағы сатылы ұлттық нақты бағдарлама жасау керек. Бала тілін дамытуда балабақша мен бастауыш сыныптарда халық ауыз әдебиетіне ерекше көңіл бөлу қажет. Ата-аналарымыз сөз тазалығын өздері үйретуді қолға алмаса болмайды. Ал өздері бас болып, «келеатырық» немесе «қуасың ба?», «жындысың ба?» «басың ауыра ма?» Мына жақ дегенді «ми йақ», ол жақта дегенді «о йахта» деп сөйлей берсе, баласының да дәл солай сөйлеп кететініне, соны дұрыс деп білмесіне кім кепіл? Ауызекі тілде орыс сөздерін орынсыз қолдану тілімізді жұтандатып, төл сөздеріміздің қолдану аясын тарылта түседі. Бұрыннан еніп, сіңісті болып кеткен «сәпсем», «дәже» дегендер түгілі қазір қазақтың «етіп» деген етістігін қосып алып, орыс сөздерін «қазақыландыру» деген үрдіс бой алдырып жүр. Осы айтылғандарға «домашка званишь еткенде, подругаммен соткамен болтайттап жатқам», «волноватса етіп», «опаздат етіп» тәрізділерін және қосыңыз.

Лингвоэкологияда тіл басқыншылығы деген ұғым бар. Бөгде тіл басқындылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Тіл өз “үйінде”, өз “мекенінде” зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласында үстемдік етіп салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тілдің интеллектуалдық, танымдық, ақпараттық әлеуетін әлсірете бастайды. Ондай тілдің әлемдік қоғамдастықты былай қойғанда, өз ортасында, өз “үйінде” (“эко”-сында) абыройы да, беделі де төмен болады да өзге емес, өз ұлы ана тілін аяқ асты етеді. Сөйтіп, бөгде тіл басқыншылығы тілдік ортаны бұзып ірітіп-шіріте бастайды. Сондықтан тілдік ортаға зардабын тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күрес шараларын белгілеу лингвоэкологияның аса маңызды мәселелеріне жатады.

Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді. Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуде де лингвоэкологияның міндетіне жатады. Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияда тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер бұзылмауға тиіс. Лингвоэкология тілдің дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білуге тиіс. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып,

әдеби тілдің тағдырына адамдар, қоғам тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс. Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес те енеді. [3,24] Ана тілдің өмір сүру ортасы, сол ортада оны қызмет етуіне бөгет болатын нигилистік көзқараспен күресу тіл экологиясының негізгі міндеттерінің бір болмақ. [3,25]

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту. Сөз мәдениеті қазіргі [әдеби тілдің](#) жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде [диалектизмдерді](#), қарапайым, дөрекі сөздерді, [варваризмдерді](#) қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталау беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды. [Кірме сөздерді](#) орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында [лексикография](#), әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, [орфоэпиялық](#), [орфографиялық](#), [синонимдік](#) т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және [Абай](#), [М. Әуезов](#), [Ғ. Мүсірепов](#), т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. [Қазақ тіл](#) білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін [А. Байтұрсынұлы](#), [М. Балақаев](#), [Р. Сыздықова](#) т. б. ғалымдар зерттеді. [4]

Еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің бәрі де өз отбасыларында ана тілдерінде сөйлейді. Тек қазақтар ғана басқа тілдің сөздерін қосып шүлдірлесіп жатқаны. Қазақтарымыздың ана тіліне, ұлтына деген құрметтің жоқтығы. Бұл дегеніміз – өз ана тілімізді қорлау. Тек халқымызда ынта мен жігер жетіспейді. Тілімізді үйренем деген адамға тілді үйренудің неше түрлі жолдары бар. Тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында елімізде түрлі шаралар жасалуда. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбатында: «Мемлекеттік тілдің қолданылуы, оның өркендеуі үшін барлық жағдай жасалды. Конституцияға «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай етіп жазылды. Ешкімге қазақ тілінде сөйлеме деп, кедергі жасап отырған бір адам жоқ. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Қандай мінбеден қазақша сөйлесең де, ешкім «тәйт, былай тұр» деп айтпайды. Қанша адам отырса да, соларға арналған аудармасын беріп, қазақ тілінде сөйлеуге болады. Біз тілімізді құрметтей білуіміз керек. Ешкімге анау сөйтпеді деп уәж айтудың жөні жоқ. Тіл туралы заңды қолданып, өзімізбен өзіміз қазақша сөйлесуіміз керек. Тілді қолданып, батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі көрсетуіміз керек». [5]

Әттең, осы сөздер орыс тілді өз ұлтымыздың өкілдеріне жетіп жатқан жоқ. Жетсе де жете мән беріп жатқан олар жоқ. Қазақстанда тұратын барша

қазақ ана тілінде сайрап тұрса, басқа ұлт өкілдері қайда барады үйренбей. Қайта оларға тілдік орта көбейіп, қазақ тілін үйрену процесі жеңілірек болар еді.

Астана және Алматы қалалары көрнекі ақпараттар мен жарнама мәселесін реттеу мен жетілдіру барысында басқаларға үлгі болуы тиіс. Кейінгі жылдары еліміздегі қарқынды экономикалық өзгерістер салдарынан көптеген жекеменшік кәсіпорындар, фирмалар, сауда орталықтары, дүкен жүйелері, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орталықтары мен қоғамдық тамақтану орындары, іскер бірлестіктер күн санап көбеюде. Олардың басым бөлігі осы екі қалада шоғырланғандықтан мұндағы жағдай жалпы елдегі ахуалға ықпал ететіндігі сөзсіз.

Тіл туралы заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» – деп жазылған. [6]

Тіл туралы заңның 24-бабында «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқарылатын салада олардың қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады» - делінген. [6]

Мекеме басшылары қызметкерлерді жұмыс қабылдағанда бірінші кезекте мемлекеттік тілді білу дәрежесіне қарау керек. Жұмыс барысында да есеп алып, қатаң талап қою керек. Белгілі дәрежеде орындамаған қызметкерге сөгіс жариялап, жалақысын қысқартып немесе қызметте өсуін тоқтатып, болмаса қызметтен босату керек. Тілдің негізгі, қайнар бұлағы, тілдік бірліктерді жасаушы, қолданушы қара қазаны — халық тілінің тазалығын сақтау парыз. Сондықтан қазіргі кездегі басты талап — сөйлеу

тілінің дұрыстығын сақтау, тілдің тарихи қалыптасқан, жүйесін сақтау. Жалпы бүгінгі күні тіл мәселесі бойынша істеліп жатқан шаралар аз емес. Бірақ нәтиже жоқ. Себебін айқындауға тырысып, қолда бар мәліметтерді сараптап көргенімізде бар мәселе еліміздегі білім жүйесіне тірелетінін байқадық.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының алға қойылған мақсаттары қатарында тілдерді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытудың «Балабақша – мектеп, кәсіптік лицей, колледж – жоғары оқу орны» жүйесін құру міндеті қойылған. Осы орайда тілді деңгейлеп меңгерудің еуропалық стандартты негізінде қазақ тілін 5 деңгейлеп оқу бағдарламалары әзірленіп, министрліктің арнайы бұйрығымен 2010-2011 оқу жылынан бастап қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11- сыныптарының оқу процесіне ұсынылды. Ол нақты іске асқан жағдайда оң нәтиже беретіні сөзсіз. Бірақ неге тым кеш, яғни, Тәуелсіздік алғаннан кейін 20 жыл өткен соң ғана тіл мәселесін шешудің нақты бағыттары айқындалып, оң бағытқа бұрыла бастадық. Дегенмен қазақта «Ештен кеш жақсы» деген аталы сөз бар ғой. Соған жүгінсек, кеш болса да табылған бағдарымыз адастырмай, қабылданған бағдарламамыз нақты жүзеге асып, оң нәтиже беріп, тілдің көсегесі көгеріп, халқымыздың мерейі үстем болғай деген тілекте болғанымыз жөн. Егер тіл еңсесін түзеп, өз елінде шын мәніндегі мемлекеттік тіл ретінде бар салада қолданысқа енсе тіл айналасындағы бүгінгі проблемалар оның ішінде лингвоэкологиялық проблемалар да өз шешімін табатыны анық. Бірақ сол күнді барынша жақындатуға атсалысу тіл мәселесін зерттеумен кәсіби тұрғыда айналысатын ғалымдар мен мамандардың да, түрлі деңгейдегі тіл жанашырларының да, жалпы барша саналы азаматтың ең абыройлы міндеті мен қасиетті борышы болмақ.

### **Резюме**

В этой статье рассматривается лингвоэкологическое состояние казахского языка. А также, говорится об языковой среде.

**Ключевые слова:** язык, языковая среда, лингвистика, лингвоэкология

### **Resume**

This article is devoted to linguoecological conditions of Kazakh language and language environment.

**Keywords:** language, language environment, linguistics, lingvoekologiya

**УДК 81:001.4**

## ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ КІРМЕ ТЕРМИНДЕР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИН БӨЛШЕКТЕРДІҢ ОРНЫ

*Есенжолова С.А.*

**Аңдатпа:** Мақалада кірме сөздердің шығу тарихы және тілімізге араб, парсы, грек, латын тілдерінен енген терминдер туралы айтылған. Энергетика саласындағы терминдердің қалыптасуына орыс, Еуропа тілдерімен қатар, араб, парсы, монғол тілдерінің де өзіндік әсері бар.

«Қазақ тілі энциклопедиясында» кірме сөздерге мынадай анықтама беріледі: *«Кірме сөздер - өзге тілдерден енген сөздер. Әрбір тіл өз табиғатында өзіндік даму үлгілерін жасаумен бірге өзге тілдік элементтерді де қолдану арқылы өрісін кеңейтеді. Оны ғылыми тілде кірме сөз деп атайды».*

Кірме сөздерді зерттегенде, сол сөздердің тілімізге ену себебін анықтау үшін, сол кезеңде болған тарихи, әлеуметтік жағдайларға тоқталған жөн. Себебі, тілден-тілге сөздердің енуі сол тілде сөйлейтін халықтар арасындағы белгілі бір қарым-қатынастың немесе қоғамда, ғылым мен техникада орын алған жаңалықтардың нәтижесінде болады.

**Тірек сөздер:** Кірме сөздер, терминдер, аударма, энергетика, техника

Қазақ тілінде кірме сөздер негізінен араб, парсы, орыс тілдерінен және орыс тілі арқылы шет тілдерінен (неміс, ағылшын, француз, латын т.б.) енгені белгілі. Тілімізге енген араб, парсы сөздері бірнеше ғасыр бойы қолданыс барысында өздерінің бастапқы қалпын мүлдем өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына икемделіп, біржола кірігіп кеткен. Мысалы, *мәдениет, әдебиет, мектеп, ғалам* т.б. сөздер. Бұлардың қазақ тілі заңдылықтарына бейімделгені сонша қазіргі кезде кірме сөздер деудің өзі қиын. Бұндай құбылыс тілімізге қазақ төңкерісіне дейін орыс тілінен енген сөздерде де байқалады. Мысалы, *болыс (волость), жандарал (генерал), сот (суд), кереует (кровать), жәшік (ящик), қамыт (хому́т), бәтеңке (ботинка), самауыр (самоварь)* сияқты сөздер.

Сөздік қорымыздың бір бөлігі – араб, парсы кірме сөздері тілшілер тарапынан бірталай зерттеліп, әр қырынан қарастырылып келеді. Бұл бағыттағы Ж.Нәлібаев, Л.Рүстемов еңбектерін атауға болады. Сонымен бірге араб, парсы сөздерінің көркем шығармалардағы көрінісі мен түрлі

кезеңдердегі қолданысына арналған кандидаттық диссертациялар да бар. Және араб, парсы сөздерінің терминологиядағы орны туралы қазақ терминтанушы ғалымдарының еңбектерінде де баяндалады. Ал бұл кірме сөздердің терминденуі мен ұлт терминологиясындағы үлесі туралы арнайы зерттеген А.Жиекбаева болды. Оның «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі» атты кандидаттық диссертациясында араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне енуінің тарихи-лингвистикалық себептері, араб, парсы сөздерінің зерттелу тарихы, олардың терминдену ерекшеліктері мен жасалу жолдары ғылыми тұрғыда кеңінен сипатталған.

Зерттеуші еңбегінде араб, парсы сөздерінің жалпы барлық ғылым саласындағы үлесі, жеке тұрып терминденуі де, күрделі терминдер құрамында қолданылып терминденуі де талдау арқылы анықталады. Онда қазіргі терминжасамда көптеп қолданылып жүрген жұрнақтар мәселесі де көтерілген.

Негізінен, терминологияны өз тілінде сөйлету – қай ел ғалымдарына болмасын міндетті іс. Әсіресе, бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған елдер үшін бұл мәселе өзекті екені даусыз. Себебі ол кезде халықаралық терминдер орыс тілінде қалай айтылып, жазылса, өзге одақтас мемлекеттер тілінде де солай айтылып, жазылуы тиіс болатын. Бертін келе әр халық өз тілінде термин қалыптастыра бастады. Өйткені тілші ғалымдар үшін басты мәселе туған тілінің тазалығы болатын. Сондықтан да 1924 жылғы съезде «қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Өз тілінен табылмаған жағдайда басқа түрік халықтарынан ізделсін» делінген. Ал өз тілімізде де, түркі тілінде де баламасы табылмаса ғана орыс тілінен және басқа да Еуропа тілдерінен термин қабылдауға, әрине, бұл кезең өкілдері де қарсы болған жоқ.

Шындығына келгенде, біз орыс тілі арқылы қабылдап жүрген терминдеріміздің көпшілігі өзге тіл сөздері. Кезінде ағылшын, француз тілдерінің ықпалында қалған орыс тілінің қамын ойлаған сол ұлт өкілдері де өз тілдерінің тазалығын сақтап қалу қамын ойлаған. Мәселен, В.Белинскийдің сөзімен айтсақ, «...шет тілі сөзін, оған тең келетін орыс сөзі барда қолдану – саналы ойлау мен саналы талғамға қол сұғушылық». Сол сияқты Н.Лесков та «Жалпы мен шет тіл сөзін тек қазіргі не көне орыс сөзімен ауыстырса ғана пайдалануға лайықты деп есептеймін. Бай әрі керемет тілімізді бұзылудан сақтау керек», деп өзге тілден сөз қабылдауға қарсы болады. Ал туған тілінің сол кездегі жағдайы ойландырған

Н.Добролюбов тілдің шұбарлануына қарсы болып былай дейді: «Бізде бес тілдің мағынасыз қоспасы әзірленіп, біз оны қазір білімді қоғам тілі деп атап жүрміз... Жаңа түсініктер мен жаңа заттар қаптап пайда болуда, оларды атай алмаймыз... Еріксіз дайын күйінде қабылдадық не қалай болса, солай атай салдық». Бұл пікірлерге сүйенсек, өзге тілден қажетсіз жағдайда сөз қабылдауға қарсылық уақытында біз «ұлы» деп есептеп, барынша соған ұқсауға ұмтылған тіл өкілдерінде де кездеседі екен.

XX ғасырдың басында Н.Төреқұлов өзге тілден сөз қабылдауды жер бетіндегі тілдердің барлығында да бар құбылыс деп түсінеді де, ол сөздердің тілімізге қабылдануына «... сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беруге де жарамайды, опыр-топыр болып тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберуі де бар. Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған бөгет емес серт, заңдай қазақ та өз тілінде бір белгілі көше салып қоюы керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» деген талап қояды.

Әйтсе де, бұл сөздік қорымыздың бір бөлігі болып табылатын кірме сөздердің түгелін бірдей тілімізден шығарып тастау керек деген сөз емес. Ол туралы сол кезеңде Х.Досмұхамедұлы да айтқан: «Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады». Қазақ тілінде халықаралық терминдер көбінесе техникалық салада көптеп кездеседі. Оның себебін Ө.Жолдасбеков пен А.Әбдірахманұлы былай түсіндіреді: «... қазақтар ежелден мал шаруашылығымен шұғылданғандықтан, қазақ тілінде мал шаруашылығы, биология мен географияға қатысты терминдер орасан байыған... Ал енді техникалық терминдерге келсек, *тістеуік, қашау, бұрғы, тоқпақ, доңғалақ, бәрбі* сияқты бірен-саран ғана құрал-сайман аттары болмаса, бұл саладан жұрдай едік». Сондықтан да техника саласына байланысты терминдерді тыңнан жасауға тура келді. Осы міндетті іске асыру үшін орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген атау сөздерді аудару немесе халықаралық терминдерді сол күйінде алу қажеттігі туындады. Сол секілді энергетика саласында Е.Нүрекен, Д. Темірбаев, Б. Алияровтың «Жылу қайратият атауларының қазақша – орысша, орысша – қазақша сөздігі» атты сөздіктерінде мынадай терминдер кездеседі: қайратият (энергетика), қайратшы (энергетик), жылулық қайрат (энергия тепловая), өзектік қайрат (энергия ядерная) т.б.



Одан кейін бүкіл Кеңес үкіметі қатарындағы елдерге орыс тілінің «мықтылығын» мойындату үшін, орыс тілінен енген сөздер сол қалпында алынуы керек деген қағида қалыптасты.

Кез келген тілге кірме сөздер көбінесе дерлік шеттен ауысқан заттар мен ұғымдардың атауларымен бірге енеді. Егер мұндай заттар мен ұғымдар сол тілдің өзінде жоқ болса, оларды өз тіліне аударма жасау сөздің түпкі мағынасын бұрмаласа, сонда ғана белгілі бір тіл басқа бір тілден ауысқан лексикалық элементтерді өзінің сөздік құрамына қабылдайды. Бұндай кірме сөздер негізінен ғылыми-техникалық терминологияға қатысты болып келеді. Мысалы: *электр, энергия, идиома, циклон* т.б. сөздер.

Қазақ тіліндегі кірме сөздердің қолданылуын бірнеше топқа бөлуге болады:

1. кірме сөздердің қазақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сай қабылдануы. Оған араб, парсы және қазан төңкерісіне дейін орыс тілінен енген сөздерді жатқызуға болады. Мысалы, *білім, ғылым, ғалам, әдебиет, кірпіш, бәтеңке, болыс* т.б. сөздер.

2. кірме сөздердің өзгеріссіз қабылдануы. Оған ғылым мен техника саласындағы термин сөздерді жатқызуға болады. Мысалы, *электр, энергетика, трансформатор, конденсатор* т.б. сөздер.

3. кірме сөздерге жалғанған қосымшалардың ғана қазақ тіліне аударылуы. Мәселен, *энергетический, математический, экономический* сияқты сөздердегі **ский** жұрнағы қазақ тіліне аударылады да, *энергетикалық, математикалық, экономикалық* болып қабылданады.

4. калька әдісімен, яғни сөзбе-сөз аударылып қолданылуы. Бұған *поток – ағын, щит – қалқан, выключатель – ажыратқыш* т.б. сөздер жатады.

5. кейінгі уақытта қазақ тілінде шетел сөздері сол қалпында қабылданып, сол қалпында жазылып жүр. Бұл, әсіресе, баспасөз құралдарында көптеп кездеседі. Бұндай сөздер ғылыми еңбектерде *экзотикалық лексика* деп аталып жүр.

Сондай-ақ, латынның *generator* - *өндіргіш* деген сөзінен шыққан қандай да өнімді, электр энергиясын өндіретін немесе энергияның бір түрін екіншісіне өзгертетін құрылғы, аппарат, машина деген терминнің аталған сөздіктің 11 томында екі нұсқасы қатар алынса, екінші сөздікте *өндіргіш* деп қазақшаланған. Негізінен, бұл терминнің қазақша нұсқасымен толық келісеміз. Себебі генератор сөзінен жасалған *генерировать* деген де термин бар. Ол термин барлық сөздіктерде *өндіруші* болып бекітілген. Ал латынның *aggregatus* – *қосылған, жалғастырылған* деген сөзінен бастау алған біртектес және әртектес бөлшектердің механикалық қосындысы мағынасындағы

*агрегат* терминінің қолданысы да аталған сөздіктерде жоғарыдағы терминдерден алшақтамаған. Соңғы сөздікте бұл термин *тіркесім* деп, ал *агрегирование* – *тіркестендіру*, *құрастыру* деп аударылған. Бұл терминмен де келісуге болады. Жалпы, бұндай терминдер тек техника саласында ғана емес, барлық ғылым саласында көптеп кездеседі.

Қандай да бір ғылым саласы терминін бір тілден екінші тілге аударудағы барабарлық көптеген мәселені шешуді талап етеді:

1. термин дұрыс анықталған, аударылатын мәтіндегі басқа сөздерден ерекшеленген болу керек. Бұл нәтижеге тек қарастырылып отырған сала терминологиясымен барынша таныс болғанда ғана қол жеткізуге болады.

2. аудармадағы термин дұрыс түсінілуі керек. Ол үшін термин бейнелейтін ұғымды айқындау қажет. Егер аудармадағы термин көп мағыналы болса, онда бұл жұмысты ол жағдайға қолайлы мағынасын таңдау әрекеті қиындатады.

3. аударма тілде түпнұсқа тілге сәйкес келетін, аударылатын терминге мағыналық жағынан тура балама болатын термин анықталуы керек. Егер аударма тілде берілген терминнің бірнеше синонимі болатын болса, олардың арасынан ең сәйкес келетінін таңдаған жөн.

Осы талаптарды орындау барысында энергетика саласындағы әдебиеттерді аудару кезінде аудармашы түрлі әдістерді қолданады. Солардың бастысы терминдердің баламасын табу, яғни алдымен терминдер нормативті құжаттардан, анықтамалықтар мен сөздіктерден ізделеді. Ал егер ол еңбектерде нақты баламасы болмаса, жаңа терминдер қолданысқа енгізіледі. Ол кезде аударма тілден балама табу, семантикалық немесе құрылымдық калькалау не түпнұсқа тілден өзгеріссіз қабылдау сияқты терминжасам тәсілдері қолданылады.

Әлемнің көптеген тілдерінің термин қорында грек-латын тілдерінің сөздері кездеседі. Бұндай кірме сөздер тіл-тілде жеке сөз ретінде не сөз құрамындағы белгілі бір мағынасы бар бөлшек ретінде де қолданылады. Термин құрамында кездесетін орыс тілінде «терминоэлемент» деп аталатын терминді қазақ тіліндегі кейбір әдебиеттерде «терминдік элемент» деп атау орын алған, ал Ш.Құрманбайұлы оны «терминбөлшек» деп атауды ұсынады да, оған «терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік» деген анықтама береді. В.П.Даниленко болса, терминбөлшек қатарына терминнің кез келген морфемалардан бастап, тұтас сөздер мен шартты белгілерге дейінгі құрылымдық компонентін жатқызады.

Термин мен терминбөлшектің арасындағы өзгешелікті айқындайтын болсақ, термин нақты бір ұғымды білдіретін сөз болса, терминбөлшек жалпы мағынаны білдіреді. Яғни, бір терминбөлшек бірнеше сөзге жалғанып, өзіндік жалпы мағынаны үстей отырып, түрлі атау жасауы мүмкін. Терминбөлшектің тілдің басқа бірліктерінен айырмашылығын анықтауға тырысқан А.Х.Азаматова былай дейді: «Термин лексика-грамматикалық тұрғыдан алғанда (арнайы тілде қолдану саласы шектелген болғанымен) сөз ретінде қабылданса, терминнің маңызды бөлшегі болып табылатын терминбөлшекті қарапайым морфема деп есептеуге толық негіз бар сияқты. Бірақ бұл олай емес: морфемалар әрқашан белгілі бір тілдің меншігі болып қала бермек. Яғни, осы жерде морфемаға тән ерекшелік байқалса, грек-латын терминбөлшектері – көп тілдің құндылығы, сондықтан да олар бірегей. Сол себептен де грек-латын терминбөлшектерін нақты бір тілдегі морфемалармен теңестіруге болмайды». Яғни, әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтанған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі болып табылатын терминбөлшекті, оның ішінде халықаралық терминбөлшекті тілдің басқа бірліктерімен бірдей қарастыра алмаймыз.

Терминология саласында терминбөлшекті шығу тегіне қарай халықаралық терминбөлшек, оның ішінде грек-латын терминбөлшегі; термин құрамындағы орнына байланысты алдыңғы терминбөлшек, соңғы терминбөлшек деп жіктеу қалыптасқан.

Алдымен халықаралық терминбөлшектерге келер болсақ, жалпы ғылыми-техникалық шығармалар тілінде, оның ішінде энергетика саласындағы терминдер құрамында халықаралық терминбөлшектер көптеп кездеседі. Ондай бөлшектер қатарына *авто-, аэро-, термо-, гидро-, био-, гино-, де-, гипер-, -скоп, -граф (графия), -дром, макро-, микро-, -метр, моно-, мото-, транс-, ультра-, электр-, теле-, радио-* сияқты морфемаларды жатқызуға болады.

Ал грек тілінде *жылу, ыстық* мағынасын білдіретін **термо** бөлшегі *термосерпімділік (термоупругость), термотереңдікөлшеу (термоглубинометр), термокөшіргі (термокопиро-вальный), термооқшаулағыш (термоизоляция), термореттеу (терморегулирование), термотұрақтылық (термостабильность)* тәрізді терминдер жасап,

құрамындағы *серпімділік, тереңдікөшеу, көшіргі, оқшаулағыш, реттеу, тұрақтылық* сөздеріне *жылуға қатыстылық* мағынасын береді.

Және гректің *су, ылғал* мағынасындағы **гидро** бөлшегі де техникалық терминжасамның белсенді бөлшегі. Атап айтсақ, қазақ тілінде *гидротөжеуіш сұйықтығы (гидротормозная жидкость), гидрокүшейткіш (гидроусилитель), гидрожетек (гидропривод), гидрожапқы (гидрозатвор), гидроқозғалтқыш (гидродвигатель), гидроқұрылғы (гидроустройства), гидросыйымдылық (гидроемкость)* т.б. терминдердің жасалуына көмектесіп, оларға *сулы, ылғалды* деген мағына береді.

Техника саласында, әсіресе электротехника саласында белсенді терминжасам бөлшегі болып табылатын **электр-** бөлшегі бар. Оның түпкі мағынасы көне гректің *жақұт* деген сөзінен шыққан. Бұл терминбөлшек *электрбұрғы (электробур), электрқозғалтқыш (электродвигатель), электржабдық (электро-оборудование), электржетек (электропривод)* сияқты терминдердің құрамынан орын алып, оларға осы салаға қатысты деген мағына береді.

Ғылым мен техниканың дамуындағы барлық жаңалықтар әлем халықтарының ортақ игілігі екендігін ескерсек, сол жаңалықтарды өз тілімізде түсіндіру мақсатында құрылатын терминдер жүйесіндегі халықаралық терминбөлшектердің болуы орынды. Олар терминдерге жалпы мағына үстеп, терминология саласын ғылымиландырады. Сондықтан да әлем халықтарының көпшілігі ана тілдерінде терминология саласын қалыптастыруда осы терминбөлшектерді өз тілдеріне аударуға көңіл бөлмей отыр. Жалпы энергетика саласындағы аудармада терминдерді аудару мәселесі басты орынды алады. Аударма үдерісінде аудармашы алдында кез келген терминнің аударма тілдегі баламасын таңдау мәселесі туындайды.

Термин аударудағы барабарлық – аударма тілдің заңдылықтарын сақтай отырып, энергетика саласында берілген мәтіндегі терминдерді аударудағы мақсатына барынша қол жеткізушілік. Ал осы терминбөлшектер түпнұсқа тілде белгілі бір мағынасы бар сөз болғанымен, ол өзге ел тілдеріне тек терминбөлшек ретінде енгендіктен, барлық тілде де осы күйінде қолданыста. Ал ол терминді аударудағы барабарлық мәселесіне зиян келтірмейді.

1. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі: филол.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2010. – 26 б.

2. Жолдасбеков Ө., Әбдірахманұлы А. Техникалық терминдердің қалыптасу тарихынан // Егемен Қазақстан. – 1993, тамыз - 25.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминдер сөздігі (Бекітілген терминдер) / Словарь терминов (Утвержденные термины). – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 232 б.
4. Нұрекен Е., Темірбаев Д., Алияров Б. «Жылу қайратият атауларының қазақша – орысша, орысша – қазақша сөздігі».

### **Резюме**

В статье говорится о происхождении заимствованных слов и о терминах пришедшие из арабских, персидских, греческих и латинских языках.

**Ключевые слова:** заимствованные слова, термины, переводы, техника, энергетика

### **Resume**

The article is about the origin of loan words borrowed from Arabic, Persian, Greek and Latin languages.

**Keywords:** loanwords, terms, translations, techniques, energy

**УДК: 811.161.125:811.111:398.91**

«ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА АНГЛИЙСКИХ ПОСЛОВИЦ И  
ПОГОВОРОК НА РУССКИЙ ЯЗЫК»

**Рыскильдинова Д.,** *1 курс магистратуры 6М011400 - «История*

*Научный руководитель: Мусаева К.С., зав.каф. «Полиязычное образование», КазНПУ имени Абая*

### **Аннотация**

Давно замечено, что мудрость и дух народа проявляется в его пословицах и поговорках, а знание пословиц и поговорок того или иного народа

способствует не только лучшему знанию языка, но и лучшему пониманию образа мыслей и характера нации.

Понимание и сравнение пословиц и поговорок разных народов показывает, как много общего имеют эти народы, что, в свою очередь, способствует их лучшему взаимопониманию и сближению. В пословицах и поговорках отражен богатый исторический опыт народа, представления, связанные с трудовой деятельностью, бытом, культурой людей. Правильное и уместное употребление пословиц и поговорок придает речи неповторимое многообразие и особую выразительность. Употребляя ту или иную пословицу в конкретной ситуации, говорящий стремится подтвердить и подчеркнуть суть сказанного, для чего необходим их грамотный перевод, точное и тонкое донесение сути сказанного.

**Ключевые слова:** Мудрость, пословица, опыт, культура, перевод.

Пословицы и поговорки - широко распространенный вид устного народного творчества. Они сопровождают людей с давних времен. Такие выразительные средства, как точная рифма, простая форма, краткость, сделали пословицы и поговорки стойкими и запоминаемыми и необходимыми в речи. Пословица выражает законченное суждение.

Поговоркой именуют краткое образное изречение, отличающееся от пословицы незавершенностью умозаключения. Сходное определение можно встретить и во всех толковых словарях, а также во многих специальных статьях и исследованиях.

Главное отличие пословицы от поговорки в том, что пословица выражает общее суждение, а поговорка – суждение частичного характера. По мнению лингвистов, не только пословицы, но и поговорки могут иметь форму законченного предложения.

Поговоркой считается устойчивое предложение такой же структуры, как и пословица, но лишенное дидактического содержания. Пословицами и поговорками следует считать те высказывания, которые пользуются общественной популярностью. Отсюда следует, что обычно это – старинные высказывания, так как за короткий срок они бы не смогли стать частью общественного сознания.

Иногда очень трудно отличить половицу от поговорки и провести четкую грань между этими жанрами. Поговорка граничит с пословицей, в случае присоединения к ней одного или изменения порядка слов становится пословицей.

Пословицы и поговорки – древний жанр народного творчества. Они возникли в далекое время, и уходят корнями вглубь веков. Многие из них появились еще тогда, когда не было письменности. Поэтому вопрос о первоисточниках стоит еще открытым. Можно выделить такие основные источники возникновения английских пословиц и поговорок: народные, литературные, библейского происхождения, заимствование и использование цитат Шекспира в качестве пословиц и поговорок.

Источники возникновения английских пословиц и поговорок самые разнообразные. Чтобы стать пословицей, высказывание должно быть воспринято и усвоено простым народом. При этом первоисточник высказывания часто забывался.

Превратившись в пословицу, оно становится частью общественного сознания; произносящему пословицу не важно, кто ее придумал. Можно безошибочно предположить, что любая пословица была создана определенным человеком в определенных обстоятельствах, однако для многих старых пословиц источник их происхождения полностью утрачен. Поэтому правильнее будет сказать, что пословицы и поговорки имеют народное происхождение, что их первоисточник находится в коллективном разуме народа. Во множестве высказываний, суммирующих повседневный опыт, значение слов, по-видимому, перерастало в форму пословиц постепенно, без какого-то явного объявления. Примером такой пословицы служит фраза: «Makehaywhilethesunshines». В дословном переводе: «Заготавливай сено, пока светит солнце». Берет свое начало из практики полевых работ. Но после того как многие сотни людей выражали эту мысль различными способами, она пробрела, наконец, свою запоминаемую форму и обрела жизнь как пословица. Подобным образом, высказывание «Don'tputallyoureggsinonebasket» - дословный перевод «не складывай яйца в одну корзину», возникло в результате торговых отношений.

Кроме того многие английские пословицы произошли из цитат или крылатых выражений и в большинстве случаев имеют известных авторов. Например, Theendjustifiesthemeans (Цель оправдывает средства),

проистекающая из теологической доктрины семнадцатого столетия, или знаменитая фраза *The wish is father to the thought* (желание начало дела), которая впервые была сказана Юлием Цезарем. Или же высказывание *As a fan's return saw a wrath*, несомненно, перефразировано из Библии (кроткий ответ укрощает гнев). Употребление пословиц достигло своего расцвета в Англии во времена У.Шекспира, и более чем вероятно, что многие из них существовали и до него в менее запоминающейся форме.

В старые времена Библия читалась весьма широко, так что многие из ее высказываний стали частью сознания до такой степени, что лишь немногие сейчас догадываются о библейском происхождении тех или иных пословиц. Тем не менее, многие английские пословицы взяты из Священного Писания, например *You cannot serve God and mammon* (нельзя служить и Богу и богатству). *The spirit is willing, but the flesh is weak* (дух силен, но тело слабо).

Шекспир, бесспорно, стоит на втором месте после Библии по числу цитат, используемых в качестве английских пословиц. Никто, однако, не может быть уверен в том, какие из приписываемых Шекспиру пословиц действительно являются его творениями, а какие взяты в той или иной форме из устной традиции.

Английский язык богат идиоматическими выражениями, которые постоянно встречаются в литературе, в газетах и в фильмах, в передачах радио и теле- вещаниях, в частных разговорах обычных англичан, американцев, канадцев, австралийцев. Заслуживают внимания те выразительные средства, с помощью которых достигается стойкость или запоминаемость пословиц и поговорок. Одно из таких – рифма. Пример, *Well begun is half done* (хорошее начало полдела откачало). *Honesty is the best policy* (честность лучшая политика). *Seeing is believing* (увидеть значит поверить). *Easy come, easy go* (легко пришло, легко ушло). *Like father, like son* (как отец так и сын). *Still waters run deep* (тихие воды глубоки). *Better late than never* (лучше поздно, чем никогда). *Live and learn* (живи и учись). Лишь немногие пословицы и поговорки многословны, большинство из них содержит до пяти или семи слов. *As you make your bed, so you must lie on it* (как постелешь, так и будешь спать).

Многовековой опыт общения народов, говорящих и пишущих на различных языках, свидетельствует о том, что хороший переводчик должен не только понимать смысл переводимого текста, но и владеть фразеологическим



богатством языка, на который осуществляется перевод. Чаще всего под пословицами и поговорками понималось меткое высказывание. У английского языка свои законы, у русского языка - свои. У английского языка свой порядок слов, а у русского языка свой. В английском предложении никогда не может быть двух отрицаний, а в русском мы только что употребили их два- никогда, не. Русский язык гибок, он позволяет сохранить английский порядок слов во фразе, но не всегда. Английская фраза *He was not ready*, буквально переводится он был не готов. Такой порядок режет слух и мы меняем его на «он не был готов». Трудности перевода английских пословиц возникают и возникали всегда. А, учитывая все особенности того или иного языка, переводить то, что считается частью другой культуры одного народа на другой язык очень сложно.

Например, английская пословица: «*The pot calls the kettle black*». Дословный перевод данной звучит так, Горшок обзывает этот чайник черным. Если для англоязычных смысл пословицы понятен, то для русскоязычного эта пословица кажется чем-то новым, поскольку смысл не раскрылся сразу. Значит необходимо искать эквивалент в другом языке. Получается, «чья бы корова мычала, а твоя молчала». Такой вариант ближе русскоязычному человеку, он ему прекрасно понятен. Но если перевести ее опять на английский язык, то получается следующее: «*Anyone's cow may moo, but yours should keep quiet*». Как мы видим, первоначальный вариант далек от конечного. Вот еще один пример трудностей перевода. Попал однажды Джон Леннону на глаза каталог по продаже огнестрельного оружия. Тогда Джон Леннон сразу представил вместо рекламы пистолета женщину. И получилась песня «*Happiness is a war gun*» - «Счастье – теплое оружие». А один ведущий на радиостанции перевел как теплый пистолет. Ведущий еще и прокомментировал от себя, что, мол, за странное счастье такое, теплый пистолет. Трудностей с оборотами и синонимами много.

Главное, это изучать вместе с языком культуру данной страны. Уважать и быть толерантным к быту, религии, традициям и обрядам. Узнавать и стараться вникнуть в суть. И тогда трудностей с переводом будет меньше.

1. Даль В.И. Пословицы русского народа. М., Русская книга. - 1993.

2. Дубровин М.И. Английские и русские пословицы и поговорки в иллюстрациях. М., Просвещение. - 1995.
3. Жуков В.П. Словарь русских пословиц и поговорок. М., Советская энциклопедия. - 1966.
4. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. - М., Русский язык. - 1989.
5. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. - М., Просвещение. - 1984.
6. Мезеника М.В. Поговорим о поговорках. // Иностранные языки в школе. 1993 №2 с.51-52.
7. Панова И.И., Английский язык: учеб. Пособие для 10-го класса. - Минск: Выш. шк., - 2007
8. Панова И.И., Вейзе А.А. Английский язык: учеб. Пособие для 9-го класса. - Минск: Выш. шк., - 2006
9. Панова И.И., Маглыш М.А., Хмельницкая Е.А. Рабочая тетрадь по английскому языку для 8 класса. - Минск "Аверсэв" - 2006
10. Рейдаут Р., Уиттинг К. Толковый словарь английских пословиц. СПб., - Лань. - 1997.
11. Рыбникова М.А. Русские пословицы и поговорки. М., Издательство Академия Наук СССР. - 1961.
12. Стефанович Т.А., Швыдкая Л.И. и др. Английский язык в пословицах и поговорках. Сборник упражнений для учащихся 8-10 классов средней школы. М. Просвещение. - 1980.
13. Эльянова Н.М. Крылатые слова: их происхождение и значение, - Ленинград: Просвещение, - 1971

## **Түйін**

Бұл мақалада мақал- мәтелтерді ағылшын тілінен орыс тіліне аудару ерекшестері қарастырылған.

**Тірек сөздер:** мақал- мәтелдер, аудару, мәдениет.

## **Resume**

This article deals with the peculiarities of translation English proverbs and saying into Russian.

**Key words:** translation, proverbs and saying,

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ  
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ  
CULTURAL LINGUISTICS**

**ӘОЖ (УДК):801**

**КОНТРАСТИВТІ ЖҮЙЕГЕ ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҒАНА ҚАТЫСТЫ  
ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНАН ТУЫНДАҒАН ЖҮП ТІРКЕСТЕР**

**Серикбаева У.Б.**-доцент *Алматы энергетика және байланыс  
университеті*

**Аңдатпа**

Бұл мақалада контрастивті жүйеге шартты түрде ғана қатысты түр-түстер атауларынан туындаған жұп тіркестер қараластырылған.

Қазақ тілінің "түр-түс әлеміне" тән сөз байлығына назар аударсақ, әсіресе, "ақ" және "қара" атаулары өздері қатысты нысандық атаулармен тіркесе қолданылған жағдайларда бір зат пен құбылыстың түр-түсіне байланысты екі түрлі қарама-қарсы сипатын анықтауға бейім тұратын үрдісін байқауға болады. Мұндай жағдайда "ақ" және "қара" бір нысанға байланысты қарама-қарсы екі мағынаны білдіріп, жұптасып тұрмаса да ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір сондай жағдайдың бұрын-соңды болғандығы, не болуға бейім тұратыны байқалады. Бұл үрдістің ең басты себебі – контрастивтік ұйытқы боларлық ортақ нысанның мағыналық дамуға бейімді жанды құбылыс екендігінде. Мысалы, қазақ тіліндегі *түн* деген сөзін алып қарасақ, ол өзінің табиғи болмысына тән ерекшелігіне байланысты тек "қара" түр-түс атауымен ғана тіркесе алады. *Қара: түн, түнде, түнеп* т.б. Мысалы:

Қанатын жайған *қара түн* дүниені қаптап түнерген. Тіл дамуының бір жолы — шеттен ауыс-түйістер қабылдау десек, кейінгі кездерде орыс тілінен қабылданған *ақ түн* ұғымы соған жатса керек. Мысалы: *ақ түнде* әсем әнді, әсем үн шырқап, аспанға шығарады.

**Тірек сөздер:** қарама-қарсы, түп-нұсқа, тұлғалық дамуы

Осы мысалдағы *ақ түн* — қазақ ұғым-түсінігі үшін жаңалық. Алайда Ресейдің терістік аймақтарында жылына бір рет қайталанып тұратын "*ақ түннің*" табиғатын қазақ қауымы да түсінетін болды: сондықтан да ол, алғашында тіл үшін жаңалық болса да, қазіргі кезде заңды табиғи құбылыс ретінде қабылданады. Сондықтан да біз "*ақ түн*" мен "*қара түнді*" контрастивті жұп қолданыс деп қараймыз.

Алайда, дәл осылай, контрастивті жүйеге еруге бейім, ұйытқы боларлық негізі бар, бірақ нақтылы жұп тіркестің өзі қолданысқа шығатын жалпы халықтық тілдің қойнауларында кездесуі, не жаңадан жасалуы мүмкін жұп атаулар тілімізде баршылық. Мәселен, *ақ сауыт* деген тіркесті қазақ батырлар жырынан өте жиі кездестіруге болады. Бірақ мақала бойынша жинаған материалдан "*қара сауыт*" деген тіркесті кездестіре алмадық. Ал ол тіркестің кездесуі әбден ықтимал еді. Өйткені "*ақ сауыт*" атауы шынжырлы тор көздері болат, құрыш, асыл темірден жасалған сауыт дегенді білдірсе, көненің көзіндей көп сақталып, атадан балаға мұра болып қалған көне сауыттың "*қара сауыт*" деп аталуы да мүмкін еді. Бұл қазақ халқының ата дәстүріне сай құбылыс. Бірақ бұл тіркесті біз өз материалдарымыздан кездестіре алмадық. Ал, көріп отырғанымыздай, *сауыт* нысанының "*ақ*", "*қара*" болып аталуына ортақ негіз, контрастивті жүйеде жұптасып тұруына ұйытқы боларлық мүмкіншілік қазақ тілінде бар еді деп білеміз.

Төменде осы тәрізді құбылыстардың біразын талдап-таратып көрмекшіміз.

Контрастивтік жұп тіркес ретінде қолдануға потенциалды мүмкіндігі бар, бірақ ол жүйеге әр алуан себептермен ене алмай жүрген "*ақ*" және "*қара*" атаулары да тілімізде баршылық. Мәселен, олардың қатарына "*ақ*" атауына байланысты нысаны бар да, бірақ "*қара*" атауына байланысты ортақ нысаны жоқ тіркестер, мысалы, мына төмендегілер жатады: *ақ балдақ* (*Ақ балдақ тасқа шабар асылдаймын...*); *ақ қылыш* (*Алмастан соққан ақ қылыш ел кетпеген бөлініп...*); *ақ шот* (*Шіркін-ай, қаланың*

*көкек бас ақ шоты болар ма еді!*). Сондай-ақ *"қара"* атауына қатысты нысаны бар да, бірақ, керісінше *"ақ"* атауына қатысты ортақ нысаны тілімізде анықталмаған жұп тіркестер де аз емес. Мысалы: *қара қазақ* тіркесі (мағынасы I тарауда көрсетілген) қазақ тілінде жиі қолданылатын болса да, оның ортақ нысандас жұбы түр-түстік мағынада да, ауыспалы, рәміздік мағынада да қазақ тілінде бізге кездесе қойған жоқ. Әрине, мынау *"ақ қазақ"* деп қазақтың түр-әлпетіне байланысты, әрине, айтуға болады. Бірақ ол ортақ нысаннан туындап тұрған жоқ.

*"Ақ"* және *"қара"* контрастивті атаулардың жұп болып айтылуына қажет ортақ нысанының бірде болып, енді бірде болмауының себебі неде? — деген заңды сауал туады. Біздің аңғаруымыз бойынша бұл құбылыстың басты себебі біреу-ақ. Ол ортақ нысанның *"ақ"* және *"қара"* түстерге байланысты өзіндік реакциясына байланысты. Ол реакцияның екі түрлі көрінісі байқалады. Оның бірі — *"ақ"* түске *"қара"* түстің қарама-қарсы қоятын ортақ нысанының (объектісінің) болмауы, екіншіден — бұл түстердің бір-біріне қарама-қарсы қоятын ортақ нысанының болуы.

Контрастив жүйеге енген жұп тіркестердің өзі мағына жағынан екі түрлі жіктеуге (дифференциацияға) ұшырауы мүмкін. Оның бірі – мағына жігін ажырату (смысловая дифференциация), екіншісі – екі бірдей өзара қарама-қарсы және мүлдем екі басқа мағынаға ие болу.

Міне, осы ерекшеліктеріне байланысты контрастивті жүйеге енбеген *"ақ"* және *"қара"* атауларына қатысты тіркестердің семантикалық табиғатын қарастырып көрейік. Ол өзі екі түрлі: контрастивті жұпқа ену-енбеу мүмкіншілігі бірде мағынасына, енді бірде ұлттық менталитетке, қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты.

Бірінші себеп. *Ақ жамбы* деген тіркес (*"таза күміс"* деген мағынада) қазақ тілінде жиі кездеседі. Мысалы: *Қырық қашырға қазына артып, жүз елу берді ақ жамбы* [5.471]. Тілімізде *"қара жамбы"* кездеспейді. Себебі – жамбының тек (қой тұяқ жамбы, тай тұяқ жамбы т.б.) таза ақ күмістен ғана құйылып жасауына байланысты болса керек. Қара түсті күмістің болмайтыны тағы белгілі. Демек, *жамбы* — тек ақ түсті болатын көне ақша түрі.

*"Ақ сенім"* бар да, қазақ ұғымында *"қара сенім"* жоқ. Өйткені *"сенім"* – *игі сезім*, *"сенімсіздік"* болғанымен де, бірақ сенімнің қара түрі санаға сіңімсіз. *Сыйлағанды білмеген – Ақ сенімді таптаған...* [13.303].

Байқап қарасақ, тіркес нысанындағы сөздер оң мағынада болса, игі-жақсы заттар мен құбылыстарға қатысты болса "қара" атауымен, ал керісінше болса, "ақ" атауымен сирек тіркеседі екен. Мысалы, *Ақ тамақ, алма мойын, қызыл ерін, Кел! десең, неге аяйын аттың терін...* деген халық өлеңіндегі "ақ тамақ" адамның жақсы қасиетін сипаттауына байланысты, енді бір адамды "қара тамақ" деп сипаттау сәйкесе бермейтін сияқты. Ал, *қара қи, қара көже, қара мең, қара суық, қара бақыр, қара мөңке, қара түнек, қара сүлік, қара қас, қара түйе, қара уайым, қара көмір, қара заман, қара орын, қара тажал, қара ақыл, қара гүреш, (майда тиын), т.б., сондай-ақ ақ бесік, ақ шағала, ақ таң, ақ байпақ, ақ сәлде, ақ қайсен, ақ тіс, ақ күмбез, ақ қала, ақ бота, ақ қар, ақ тиін, ақ неке, ақ отау, ақ мақта, ақ жайлау* т.б. осы сияқты жүздеген тіркестердің қарама-қарсы мағынадағы ортақ нысанын тауып, контрастивтік жұп құрамауы да міне, осы аталған себепке байланысты болса керек.

Әрбір тілдің сөзжасам (словотворчество) жүйесіне жаңа сөз тудыруды және бұрыннан келе жатқан сөздерді өзара комбинаторлық тәсілмен үйлестіре отырып, мүлдем жаңа мағына беретін, не бұрынғы мағынаның вариацияларын айқындайтын сөз тіркестерін жасауды да жатқызуға болады. Осы процеске тіліміздегі анықтауышты тіркестердің құрамында жиі қолданылатын лексикалардың қатарына жататын түр-түс атауларын, солардың ішінде, әсіресе жиі қолданылатын "ақ" және "қара" сөздерінің ерекше активтігін (белсенділігін) атауға да болады.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстың баршасы бір-бір данадан, бір-бір ғана түрден және бәрі бір тектес болып келе бермейтіні белгілі. Өмір талабына сай ол заттар өзгеріп отыруы да мүмкін. Адам баласы өзі өмір сүріп отырған ортадағы табиғат құбылыстарының осы өзгермелі сырын тереңірек ұғып, оның ерекшеліктерін жіті білуінің арқасында оның түрлерін де жан-жақты танып, оларға жаңаша айдар тағып, ат қоюға мәжбүр. Мәселен, "үй" деген ұғым адам баласына баспана ретінде өте көне дәуірден бері таныс ұғым. Осы үй сөзі түркі тілдерінде 20-ға жақын вариантта (*av, dv, ev, ov, uv, au, ou, uу, ьу, ag, ая* т.б.) қолданылып келсе де және ол сонау ерте замандағы "үңгір, жертам, жеркене" түрінен дами келе біртіндеп бүгінгі зәулім-биік ғимараттарға дейін өзгерсе де өз тұлғасында, сол баяғы мағынасында сақталуда.

Жер жүзі халықтарының бәрін айтпай-ақ тек қазақтарды алып солардың өмірінде болған киіз үйдің өзін ғана қарастырсақ, оның қаншама түрлерінің болғанын тізіп берудің өзі оңай емес. Тек жасалған материалдарына қарап айтсақ та, олар: *жер үй, тас үй, ағаш үй, киіз үй, там үй, қамыс үй* т.б.

Ал, олардың арасында кешегі қазақ өміріндегі ең негізгісі – киіз үй десек, соның өзі де қанша түрлі болғандығы белгілі. Міне, осы киіз үйдің түрлерін ажыратып беруде тіліміздегі түр-түс атауларының да атқарған дифференциациялы қызметі қаншама: *ақ үй, ақ боз үй, ақшаңқан үй, ақсөңке үй, боз үй, қара үй, қараша үй, қоңыр үй* т.б.

"Ақ" және "қара" түр-түс атауларына қатысты бұл үй аттары қазақ салт-тұрмысына етене еніп, онымен ғасырлар бойы бірге туып, біте қайнасып кеткені соншама, олар о баста түр-түс атауларының лексикалық мағыналарынан қашықтап, әлеуметтік мәнді білдіретін ұғымға ие болғандығын байқаймыз. Басқаша айтқанда, бұл атаулардың құрамындағы "ақ" және "қара" сөздерінің рәміздік, әлеуметтік, тарихи-этнографиялық мәнге ие бола бастағанын көреміз. Бұл олардың сөзжасам жүйесіндегі атқаратын дифференциялау қызметіне жатады. Енді бұл атауларды этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырып, ел-жұрт жадында, халық санасымен салт-дәстүрін сақталған мағыналарын қарастырып көрейік:

*Ақ үй* – 1) "ақ киіз жапқандықтан алыстан әппақ болып көрінетін ақ түсті үйдің жалпы атауы"; 2) "Қара шаңырақтың, яғни "*үлкен үйдің*" қарама-қарсы мағынасындағы — "*кіші үй*"; оған әдетте "отау үй", тоқал отыратын үй, жалпы, ақ отаулар т.б. жатады.\*

Ақ боз үй // боз үй – 1) "Қойдың ақ жүнінен арнайы басылған ақ киізбен жабылған көрікті де көркем үй"; 2) "байлығы мен дәулеті асыптасқан ауқатты, не орта қол адамдардың тігіп отыратын үйі.

Қара үй – 1) "кей жерлерде киіз үйдің екінші атауы"; 2) "көбінесе қазан-ошақ, ас-ауқат тұратын, тамақ пісіретін қосымша үй, шошала" (ҚТФС, 548).

Қоңыр үй – 1) "жапқан киізі ескіріп, қоңыр тартқан кедей-кепшіктердің баспанасы; 2) "дәулетті кісілердің күзге қарай жауын-шашынға тігіп отыратын қосымша үйі". "Қоңыр үйлер тоза келе, кейін қара үйге де айналып кетуі мүмкін". (ҚТФС, 548).

"Ақ" үй мен "қара" үйдің мәні бұл айтылған анықтамалармен ғана шектелмейді. Қазақ салт-дәстүрі тұрғысынан олар басқаша да түсіндіріледі. Мысалы:

Ақ үй – "ұзатылған қыздың жасауы ретінде тігілетін алты қанат ақ отауды кей жерлерде "ақ үй" деп те атайды". Әдеттегі боз үйден айырмашылығы – оның киізі әппақ түсті, кейде сүйек араластырған шаңқан ақ боз болып келуінде. Үйдің бұл "ақ түсінде" "ақ тілек", "ақ бата", "ақ жол", "ақ көңіл" деген ұғымдардың да символдық мәні жатыр.

Қара үй – отағасы өліп, қаза тұтып отырған үйді кейде "қаралы үй", "қара үй" деп те атаған. Бұл да марқұмның артын күту салтына байланысты істелетін көп кәде-ырымдардың бірі болып саналған.

1. Қайдаров Ә. Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Сырға толы түр мен түс. Алматы, 1986. 96 б.
2. Қайдаров Ә. Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы, 1992. 160 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974-1986, Т. 1-10.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтамасы. Астана, 2000.

**Резюме:** Данная статья рассматривает парное сочетание контрастных систем цветообозначений в условных значениях.

**Ключевые слова:** контрастов, словотворчество, парные словосочетания

**Resume:** This article is devoted to the combination of colour contrast system in conditional meanings.



**Key words:** word combinations, colour, contrastive, conditional

**УДК 81'373; 001.4**

## **«АСТАНА» АСТИОНИМИНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ**

**Каимов Мұхамеджан**

*Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Филология мамандығының I курс магистранты*

*Алматы қаласы*

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Астана» сөзіне мынадай анықтама берілген: «*Астана – 1.* мемлекеттің әкімшілік, саяси орталығы, бас қаласы.

*2.* стил. Бір нәрсенің кең тараған шоғырланған орны, орталығы, шыққан жері» [1,111].

Академик Рабиға Сыздық өзінің «Сөздер сөйлейді» еңбегінде «*астана*» сөзінің этимологиясына байланысты мынадай төмендегідей ой айтады: «Батырлар жырларында, Махамбетте, Шернияз, Нұрым сияқты өткен ғасырларда жасаған ақын-жыраулар тілінде *астана жұрт, астана халық* деген тіркестер кездеседі. Мысалы, Нұрым жырауда:

Азын көпке теңгерген,

Астана жұртын меңгерген.

1878 жылғы А.Старчевский құрастырған екі тілдік сөздікте, 1897 жылы Орынборда шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» *астана жұрт, астана халық* дегендерді «*көп, сансыз көп халық*» деп аударыпты. Л.Будагов бұл сөз түркі тілдеріне парсының *астан, астана* (табалдырық, есік, сарай) деген сөзінен ауысқандығын айта келіп, қазақ тілінде *астана жұрт* тіркесі бар екенін көрсетеді де, оны «сансыз көп, зор халық» деп аударады (Будагов, I, 40). В.Радлов бұл сөздің әзербайжан тілінде «табалдырық, сарай, сарай қызметіндегі адамдар» деген мағыналары бар екенін көрсетеді (В.Радлов, т. I, ч. I).

Сірә, қазіргі қазақ тіліндегі *астана* сөзінің белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсы тіліндегі «сарай, әміршінің сарайы» мағынасынан алынған болу керек, яғни үкіметтің резиденциясы орналасқан қала» дегенді білдіреді. Ал өткен ғасырларда қолданылған *астана жұрт* тіркесінде, біздің байқауымызша, В.Радлов көрсеткендей, «сарай қызметіндегі адамдар (орысша: придворный штат)»

деген мән бар тәрізді, яғни белгілі бір «сарайға (хан ордасына) қараған жұрт» деген мағынада айтылса керек.

Жоғары текстерде бұл тіркес «қол астындағы, өзіне қараған, соңына ерген халық, жұрт» деген мәнде қолданылғанға ұқсайды. Сонда *астана жұрт* тіркесі «көп, ұлы халық» дегеннен гөрі, «біреудің (ханның, батырдың) қол астындағы («табалдырығындағы») ел-жұрт» деген мағынаны беретін тәрізді. Астана сөзінің «табалдырық» мағынасы қазақ тілінің жергілікті сөйлеу дағдыларында (говорларында) сақталған. Ж.Досқараевтың көрсетуі бойынша, Жамбыл облысының тұрғындары үйдің табалдырығын *астана* деп атайды» [2,48-49].

Көпшілікке белгілі, Астана атауы парсының «астан» деген сөзінен шыққан, парсы тілінде «табалдырық, босаға» деген мағына береді. Әйтсе де, бұл түбір сөз түркі тіліне енгеннен кейін өзінің түпкі мағынасынан түбегейлі ауытқып кетті. Азия, Еуропа және Африкаға сөзін өткізіп, жарты әлемге әмірі жүрген, кезінде Еуразия кеңістігіндегі ең алып империяға айналған Осман түріктері Стамбул қаласын алғаннан кейін, оны Астана, дәлірек айтқанда, «Аситане» деп атай бастады.

Біздіңше, Сыр бойынан үдере көшкен оғыздардың ұрпағы «табалдырық» деген мағына беретін бұл сөзді империя астанасы үшін жайдан-жай таңдап алған жоқ еді. Табалдырық – түркі жұртының тәу етіп, қасиет, кие тұтатын орны. Қазақ әлі күнге дейін табалдырықта тұрғызбайды, табалдырықты бастырмайды, табалдырықтан оң аяғымен аттайды. Ұлт жадысына жатталып қалған бұл сенім сол уақытта мұсылман түріктердің санасында да жаңғырып тұрды. Сондықтан олар үш құрлықты түйістірген, талайларға арман болған Стамбулды қасиетті құт мекенге балап, оны Астана деп атай бастады.

Астана сөзінің Осман түріктерінде бұдан өзге тағы бір мағынасы бар. «Қамус-и түрки» деген көне османлы тілінің сөздігіне жүгінер болсақ, Астана – әулие моласы, руханият ордасы, дәрғәһ деген мағыналар береді екен. Мәселен, Мәулана Жалаледдин Руми негізін қалаған Мәулауи тариқатының орталығы мен әйгілі әулиенің қабірі орналасқан Қония қаласын Осман түріктері «Аситане и Мәулауи» деп атаған. Бұл – Румидің мәңгілік қоныс тепкен жері және Мәулана тариқатының орталығы деген ұғымды білдіреді. Ендеше, Астана атауының Ақмоламен сабақтасатын тұсы да бар екен.

Сол сияқты астана сөзін де бүгінде тек қазақ қолданады. Мәселен, оңтүстіктегі өзбек бауырлар бас қаланы «пайтахт», солтүстіктегі татар туғандар «пайтехет» дейді. Ал астананы «башкент» деп атайтын түріктердің көбі бүгінде «астана» сөзінің мағынасын түсінбейді де. Өйткені, Осман империясының құлауымен, жаңа республиканың құрылуымен бірге Стамбул өзінің мәртебесінен және астана деген атауынан айырылды. Сондықтан Осман түріктерінің ұрпақтары бүгінде Анкараға «башкент» сипатын берген.

Егер Стамбулмен сыңарлас болса, бұл сөз қазаққа қайдан келген? Бұған түк те таңырқаудың реті жоқ. Біздіңше, астана сөзін осы Стамбулдан алған. Біріншіден, қажылыққа сапар шеккен бабаларымыздың әуелі Стамбулға, яғни халифат ордасына барып аялдағаны тарихтан аян. Міне, сол қажы болып қайтқан аталарымыздың «астанаға бардым, астананы көрдім» деп айтып келуі әбден мүмкін. Оның үстіне, Қырым, Қазан, Бұхара мен Ташкенттен келетін кітаптар мен басылымдар арқылы да қазақ арасына астана деген сөз етене ене берген. Бұған тағы бір дәлел, елордасын бұрын «пайтахт», «хан ордасы», «орда» деген қазақ Орынборды да, Омбыны да, тіпті, Ташкентті де «астана» деп атаған емес [3].

Орда – орта деген сөзден шыққан. Байырғы түріктер өз астанасын өзен жағасына және елдің ортасына салған. Ұлан-ғайыр аймаққа иелік еткен бабаларымыз ел астанасын жердің кіндігі деп есептеген.

Сөздікке жүгініп, парсы түбірінен қазақша түсінігін іздейтін болсақ, **астана** – *табалдырық, босаға, кіре беріс, сарайдың қақпасы, салтанатты орда есігі* деген ұғымдарды білдіреді. Парсыша үндестігі **астан** (асетан) деп келеді. Келе-келе қазақта жұрт бас қосар орын, халық жиналып ақылдасар жер, ел ағалары байлам-бәтуа айтар орталық мәніне ие болғанға ұқсайды.

Өйткені Махамбет ақынның:

**Астана** жұртын айналған

Атына тұрман болсам деп

Жұртына құрбан босам деп,-

келетін Исатайды арқаландырар жырында *астана* деп ауыл-аймақ, ел-жұртын айтқан. Шығыс халықтарының өмірінде бір кезде араб, парсы тілдерінің ықпалы Еуропа үшін латын, француз тілдері атқарған қызметпен бара бар болды. Сондықтан қазақ тілінің бірқатар ғылыми, саяси, тұрмыстық ұғымдары әу баста осы тілдерден еншіленуі заңдылық. Алтын Орда тұсында билеушілер тағы орналасқан орталықтар парсының **сарай** сөзімен аталды. Сол кездегі Сарай-Батый, Сарай-Берке қалалары Еділ жағалауындағы осы есімдес хандар басқарған астаналарымыз еді. Яғни Батый мен Берке мемлекетінің орталығы екені тарихтан белгілі. Жайық бойындағы Сарайшық (яғни, кіші Сарай), Қырымдағы Бақшасарай, Балқандағы сарай (еуропалықтар Сараево дейді) – осының бәрі «сән-салтанаты асқан мекен» деген парсы сөзі.

Парсы тілінде мекен, жер, ел дегенді білдіретін **стан** сөзі де бүгінгі Қазақстан аумағына сол тұста енген. Түркі тектес халықтардың киелі астанасы Түркістан аталуы, бір қиырымыздың Моғолстан екені бұған дәлел. Сол кездегі ғылыми-тарихи әдебиетте түркі халықтары мекендеген өлкеге орай *стан* түбірінің кеңінен қолданылуы нәтижесінде кейіннен қазақ тілінде

астана сөзі қалыптасқан деген болжам қисынсыз көрінбес. Аудармалары сәл алшақтау болғанымен, стан мен астана (астан) түбірлерінің мағына ортақтығы бүгінгі парсы елінің өз мысалынан аңғарылып тұр. Иранда әкімшілік бөліністер остан аталып, аймақтарының дені Систан, Белужстан, Лорестан, Хүзестан болып келеді.

*Сарай. Орда. Астана.* Билік орталығын білдіретін осынау ежелгі атауларды қазақ халқы мәңгіге еншілеп, мағыналас ұғымда қолдануының өзі тарихтың тамаша сыйы емес пе?! Сарайдың ордаға орын беруі ұлы оқиғаларға байланысты үрдіс.

1925 жылдың сәуірінде Қазақстанның орталығын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім қабылданды. Орынбор алты жыл бойы әуелі Қазревкомның, кейіннен Қазақ АССР-інің үкімет органдары орналасқан қала болғанымен, ел астанасы деп ресми атала қойған жоқ. Сол кездің құжаттарынан, баспасөзі мен әдебиетінен астана деген атуды кездестіре қоймаймыз. Ал Ақмешітті Қазақ елінің шын орталығы ету жөнінде ұйғарым алынғанда, кеңестік республика астанасының атауында мешіт сөзінің тұруы сол кездің идеологиясымен үйлесе қоймағаны анық. Орталық ұғымындағы орда сөзінің кәдеге асқаны сонда. Революция символы қызыл сөзімен кірігіп, Қызылорда атаулы қала пайда болды. Алайда, бір қиындығы ендігі жерде «Қазақстанның ордасы Қызылорда» деген қосарлы тіркес тұрақты қолданылуы тиіс еді. Орталық ұғымына синоним боларлықтай тың сөз қажет еді. Зиялы азаматтар осылайша халық жадында, жыр-толғауларда айтылатын ежелгі астана сөзіне таңдау жасағаны аңғарылады. Жаңа ұғымның жұртқа әлі тосын екені Бейімбет Майлиннің 1925 жылдың 8 маусымында жазған «Астана» өлеңінен де аңғарылып тұр.

Кәрі-жасы, бәрінің де  
Айтатыны – астана!  
Ел көгерген астанасы  
Осы ма, әлде басқа ма?  
Мен астанаң, мен орданмын!  
Мұнда түгел тілегің...  
